

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП»  
ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**Халықаралық қаржы есептілік стандарттарына сәйкес  
шоғырландырылған қаржылық есептілік және  
тәуелсіз аудитордың есебі**

**2016 жылғы 31 желтоқсан**

**Мазмұны**

**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ**

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК**

Пайда немесе шығын және басқа жиынтық кірістер туралы шоғырландырылған есеп .....	1
Қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есеп .....	2
Ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп .....	4
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп.....	5

**Қаржылық шоғырландырылған есептемеге ескертулер**

1. «Қазатомөнеркәсіп» Тобы және оның қызметі туралы жалпы мәліметтер .....	6
2. Топ өз қызметін жүзеге асырып жатқан экономикалық орта .....	6
3. Есеп саясатының негізгі ережелері .....	7
4. Есеп саясатын қолданудағы маңызды есеп айырысу бағалауы мен кәсіби ой-пікірлер .....	24
5. Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерді қолдану .....	30
6. Жаңа есептік ережелер .....	31
7. Байланысты тараптармен есептесу және операциялар .....	33
8. Табыс .....	35
9. Өткізудің өзіндік құны .....	36
10. Өткізу бойынша шығыстар .....	36
11. Жалпы және әкімшілік шығыстар .....	36
12. Активтердің құнсыздануынан болған шығындар .....	37
13. Өзге табыстар .....	40
14. Өзге шығыстар .....	40
15. Персоналдың еңбегіне ақы төлеу .....	40
16. Қаржылық кіріс және шығыс .....	41
17. Табыс салығы бойынша шығыстар .....	41
18. Акцияға келетін пайда .....	44
19. Материалдық емес активтер .....	45
20. Негізгі құрал-жабдықтар .....	47
21. Өндіріске дайындау шығындары .....	49
22. Жер қойнауын пайдалану құқығы .....	50
23. Барлау және бағалау активтері .....	50
24. Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар .....	51
25. Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар .....	54
26. Өзге инвестициялар .....	56
27. Дебиторлық берешек .....	57
28. Өзге активтер .....	57
29. Қорлар .....	58
30. Мерзімдік депозиттер .....	59
31. Байланысты тараптарға берілген қарыздар .....	60
32. Ақша қаражаттары және олардың баламалары .....	60
33. Капитал .....	61
34. Кредиттер мен қарыздар .....	61
35. Резервтер .....	63
36. Кредиторлық берешек .....	65
37. Басқа міндеттемелер .....	66
38. Шартты және келісімшартты міндеттемелер .....	66
39. Бақыланбайтын үлес .....	71
40. Негізгі еншілес кәсіпорындар .....	73
41. Қаржы тәуекелдерін басқару .....	74
42. Қаржы құралдарының әділ бағасы .....	83
43. Бағалау санаты бойынша қаржы құралдарын ұсыну .....	83
44. Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар .....	84



## *Тәуелсіз аудитордың есебі*

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ Акционері мен Директорлар Кеңесіне

### *Пікір*

Біздің пікірімізше, осы шоғырландырылған қаржылық есептілік «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес ұйымдарының (бірлесіп «Топ» деп аталады) 2016 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі оның қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес барлық маңызды жақтарынан әділ ұсынды.

### **Аудит тақырыбы**

Біз Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне аудит жүргіздік, ол келесілерді қамтиды:

- 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі пайда немесе шығын және басқа жиынтық кірістер туралы шоғырландырылған есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп;
- есеп саясатының негізгі ережелері мен өзге де түсініктеме ақпараттан құралған қаржылық шоғырландырылған есептемеге ескертулер.

### *Пікір білдіру үшін негіз*

Біз аудитті халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитіне жауапкершілігі» бөлімінде төменде сипатталған.

Біз алған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негізді қамтамасыз ету үшін жеткілікті және тиісті болып табылады деп есептейміз.

### **Тәуелсіздік**

Біз халықаралық бухгалтерлердің этика стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлер этика Кодексіне (ХБЭСК) сәйкес Топқа тәуелсізбіз. Біз ХБЭСК Кодексіне сәйкес өзге этикалық міндеттерді орындадық.



### *Өзге ақпарат*

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты. Өзге ақпарат аудиторлық есеп шығару күнінен кейін бізге қолжетімді болады деп күтілетін жылдық есепті (бірақ шоғырландырылған қаржы есептілігін және осы қаржы есептілігі бойынша біздің аудиторлық пікірімізді қоспағанда) қамтиды.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша пікіріміз өзге ақпараты қамтымайды, және біз осындай ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділік білдіретін қорытынды жасамаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке жүргізілген аудитке байланысты, біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратты алған кезде, онымен танысып, және өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есеп немесе біз аудит барысында алған біліміміз арасында маңызды сәйкессіздіктердің бар болуы туралы және өзге ақпараттың басқа мүмкін маңызды бұрмалаулары бар болуы туралы сұрақтарды қарастыру болып табылады. Егер жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратпен танысу барысында, оның маңызды бұрмалауы бар туралы қорытындыға келсек, біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға хабарлауға міндеттіміз.

### *Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жауапкершілігі*

Басшылық осы қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалуына және дұрыс ұсынылуына, басшылықтың қаржылық есептілікті дайындауға қажетті деп санайтын ішкі бақылауына және алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан айтарлықтай бұрмаланбауына жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті даярлай отырып, басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігін бағалауға, қызметтің үздіксіздігіне қатысты тиісті мәліметтерді ашуға, және есептіліктің қызметтің үздіксіздігі жорамалының негізінде жасалуына жауапкершілік алады, бірақ басшылық Топты жоюды, қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайды, немесе қызметті тоқтату мен жоюдан басқа нақты қандай да бір балама болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау үрдісін қадағалауға жауапты болып табылады.

### *Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитіне жауапкершілігі*

Біздің мақсатымыз тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілікте алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан туындайтын елеулі бұрмалаулардың жоқ екендігі туралы сапалы кепілділікті алу, және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығару болып табылады. Сапалы кепілділік дегеніміз, жоғары деңгейдегі кепілділікті білдіреді, бірақ ХАС-на сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулардың бар болған жағдайында, оларды әрқашан анықтайтындығына кепілдік болып саналмайды. Бұрмалаулар алақол әрекеттер мен қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін, және егер олар, жеке немесе тұтастай қолданушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне айтарлықтай ықпалын тигізеді деп негізді болжауға болатын болса, маңызды болып есептелінеді.

ХАС-на сәйкес жүргізілген аудит аясында, біз кәсіби пікір қолданып, кәсіби күдікшілдікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:


- алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі айтарлықтай бұрмалаулардың тәуекелдерін айқындаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді жобалаймыз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін, жеткілікті әрі тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Алақол әрекеттердің салдарынан болған елеулі бұрмалаулардың тәуекелі, қателіктердің салдарынан болған елеулі бұрмалаулардың тәуекелінен жоғарырақ, себебі, алақол әрекеттерге келісу, жалғандық, қасақана жіберу, ақпаратты бұрмаланған күйінде беру немесе ішкі бақылауды айналып өтетін іс-әрекеттер жатады;
- тиісті жағдайларға қатысты аудиторлық рәсімдерді жобалау мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесіне түсінік аламыз, бірақ Топтың ішкі бақылауының тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылған есеп саясатының орындылығы мен есептік бағалаулардың негізділігін және басшылық дайындаған тиісті ақпаратты ашып көрсетулердің негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың үздіксіз қызмет туралы жорамалдың қолданылуының орындылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілеттілігіне елеулі күмәндар тудыратын оқиғалар мен жағдайларға байланысты маңызды белгісіздіктердің бар болуы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біздің қорытындыда маңызды белгісіздік болған жағдайда, біз өз қорытындымызда шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі тиісті ақпараттың ашылуына назар аударуымыз керек, егер ондай ақпараттың ашылуы орынсыз болған жағдайда, біз өз пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық қорытындының шығарылу күніне дейінгі жиналған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, болашақта болатын оқиғалар немесе жағдайлар Топтың қызметінің үздіксіздік қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің тұтастай алғандағы ұсынылуының, оның құрылымы мен мазмұнының, ақпаратты ашуды қоса алғанда, сонымен қатар, қаржылық есептілік оның негізіндегі операциялар мен оқиғалардың әділ ұсынатынын бағалаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір қалыптастыру үшін, Топтың ұйымдары мен қызметінің қаржылық ақпаратқа тиісті жеткілікті аудиторлық дәлелдерін айқындаймыз. Біз Топ аудитінің жетекшілігіне, бақылауына және өткізуіне жауапты болып табыламыз. Біз өз пікірімізге толықтай жауапкершілік аламыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен өзара ақпарат алмасамыз, оларға өзге ақпараттан бөлек, жоспарланған аудиттің көлемі мен мерзімдері туралы, сондай ақ, аудит нәтижелерінен туындаған маңызды қорытындылар туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды кемшіліктері туралы мәлімет береміз.

PricewaterhouseCoopers LLP


Алматы, Қазақстан  
2017 жылғы 27 ақпан

Бекітілді:




Дана Инкарбекова  
Басқарушы директор  
«Прайсуотерхаускуперс» ЖШС  
(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің  
Бас Мемлекеттік лицензиясы, 1999 жылғы 21  
қазан №0000005)

Қол қойылды:



Азамат Конратбаев  
Аудит бойынша әріптес  
(2003 жылғы 8 мамырдағы №00770863  
Мамандандырылған Бухгалтерлер  
институты)

Қол қойылды:



Светлана Белокурова  
Орындаушы-аудитор  
(1998 жылғы 21 ақпандағы №00000357  
аудитордың біліктілік куәлігі)

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**Кіріс немесе шығыс және өзге жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есептеме**

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>Ескерту</b>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
Табыс	8	418,901	397,766
Өткізілген өнімнің өзіндік құны	9	(308,468)	(294,404)
<b>Жалпы табыс</b>		<b>110,433</b>	<b>103,362</b>
Өткізу бойынша шығыстар	10	(6,314)	(4,116)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	11	(30,877)	(25,655)
Активтердің құнсыздануын қалпына келтіру	12	184	86
Активтердің құнсыздануынан болған шығындар	12	(22,007)	(30,716)
Еншілес кәсіпорынның шығуынан түскен табыс		290	-
Бағамдағы айырма бойынша таза кіріс / (шығыс)	14	3,614	(53,446)
Өзге табыстар	13	775	1,352
Өзге шығындар	14	(6,160)	(7,535)
Қаржылық кірістер	16	15,825	21,986
Қаржылық шығыстар	16	(11,017)	(8,676)
Қауымдастырылған кәсіпорындардың қорытындыларындағы үлесі	24	38,058	38,823
Бірлескен кәсіпорындардың қорытындыларындағы үлесі	25	36,739	14,080
<b>Салық салуға дейінгі табыс</b>		<b>129,543</b>	<b>49,545</b>
Табыс салығы бойынша шығындар	17	(17,988)	(13,044)
<b>ЖЫЛДАҒЫ КІРІС</b>		<b>111,555</b>	<b>36,501</b>
<b>Өзге жиынтық табыс</b>			
<i>Кейіннен кіріске немесе шығысқа қайта сыныптамалануы мүмкін баптар</i>			
Шетелдік қызметті аударудан болған бағамдағы айырма		(97)	17,271
Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін кәсіпорындардың өзге де жиынтық табысындағы үлес		(658)	159
<i>Кейіннен кіріске немесе шығысқа қайта сыныптамаланбайтын баптар</i>			
Еңбек қызметі аяқталуы бойынша сыйақылар міндеттемелерін қайта бағалау		194	(241)
Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін кәсіпорындардың өзге де жиынтық табысындағы үлес		(216)	-
<b>Жылдағы өзге жиынтық (шығыс) / табыс</b>		<b>(777)</b>	<b>17,189</b>
<b>ЖАЛПЫ ЖЫЛДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС</b>		<b>110,778</b>	<b>53,690</b>
<b>Мыналарға тиесілі жылдағы табыс:</b>			
- Компания меншік иесіне		108,795	38,442
- бақыланбайтын үлес		2,760	(1,941)
<b>Жылдағы кіріс</b>		<b>111,555</b>	<b>36,501</b>
<b>Мыналарға тиесілі жалпы жылдағы табыс:</b>			
- Компания меншік иесіне		108,014	55,635
- бақыланбайтын үлес		2,764	(1,945)
<b>Жалпы жылдағы жиынтық табыс</b>		<b>110,778</b>	<b>53,690</b>
Қарапайым акцияның базалық және таратылған табысы (акция теңгемен)	18	2,963	1,048

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылар 2017 жылғы 27 ақпанда бекітті:

Жұмағалиев А.Қ.  
Басқарма төрағасы

Қалиева З.Ф.  
Бас бухгалтер

Қоса берілген ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**Қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есептеме**

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>Ескерту</b>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
<b>АКТИВТЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Материалдық емес активтер	19	7,117	7,173
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар	20	117,335	130,411
Өндіріске дайындық бойынша шығындар	21	41,682	38,578
Жер қойнауын пайдалану құқығы	22	2,291	2,067
Барлау және бағалау активтері	23	3,471	8,538
Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар	24	107,773	121,938
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	25	66,862	43,519
Өзге инвестициялар	26	67,041	67,041
Дебиторлық берешек	27	-	36
Кейінге қалдырылған салық активтері	17	4,299	1,829
Жедел депозиттер	30	15	3,182
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	31	19,151	32,344
Өзге активтер	28	19,517	19,627
		<b>456,554</b>	<b>476,283</b>
<b>Қысқа мерзімді активтер</b>			
Дебиторлық берешек	27	67,921	107,512
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		7,391	2,427
Өтеуге арналған ҚҚС		22,235	28,528
Қорлар	29	120,095	99,692
Мерзімдік депозиттер	30	56,476	9,020
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	31	13	1,224
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	32	75,052	55,869
Өзге активтер	28	10,831	12,557
		<b>360,014</b>	<b>316,829</b>
Сатылуға арналған, шығып жатқан топтармен байланысты активтер		3,463	164
		<b>363,477</b>	<b>316,993</b>
<b>АКТИВТЕР БАРЛЫҒЫ</b>		<b>820,031</b>	<b>793,276</b>

Қоса берілген ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.



**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**Қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есептеме**

Миллиондаған қазақстандық теңге	Ескерту	2016 ж.	2015 ж.
<b>КАПИТАЛ</b>			
Акционерлік капитал	33	36,785	36,692
Қосымша төленген капитал		4,785	4,785
Бағамдағы айырманың басқа валютадан қайта есептесу кезіндегі резерві		18,061	18,819
Таратылмаған кіріс		495,732	398,991
<hr/>			
Компания меншік иесіне жататын капитал		555,363	459,287
Иеліктің бақыланбайтын үлесі	39	12,467	10,118
<hr/>			
<b>КАПИТАЛ БАРЛЫҒЫ</b>		<b>567,830</b>	<b>469,405</b>
<hr/>			
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Кредиттер мен қарыздар	34	77,184	119,776
Қаржылық жалгерлік бойынша міндеттемелер		120	-
Кредиторлық берешек	36	581	585
Резервтер	35	17,320	17,183
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттеме	17	4,743	4,509
Қызметкерлерге сыйақы		1,346	2,045
Өзге міндеттемелер	37	5,199	6,141
<hr/>			
		<b>106,493</b>	<b>150,239</b>
<hr/>			
<b>Қысқамерзімді міндеттемелер</b>			
Кредиттер мен қарыздар	34	50,581	52,845
Қаржылық жалгерлік бойынша міндеттемелер		44	-
Резервтер	35	98	101
Кредиторлық берешек	36	74,654	101,622
Өзге салықтар және міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер		6,198	5,027
Қызметкерлерге сыйақы		244	213
Табыс салығы бойынша міндеттеме		134	1,036
Өзге міндеттемелер	37	11,789	12,788
<hr/>			
		<b>143,742</b>	<b>173,632</b>
<hr/>			
Сатылуға арналған, шығып жатқан топтармен байланысты міндеттемелер		1,966	-
<hr/>			
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР БАРЛЫҒЫ</b>		<b>252,201</b>	<b>323,871</b>
<hr/>			
<b>КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР БАРЛЫҒЫ</b>		<b>820,031</b>	<b>793,276</b>

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылар 2017 жылғы 27 ақпанда бекітті:

Жұмағалиев А.Қ.  
Басқарма төрағасы



Қалиева З.Ф.  
Бас бухгалтер

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есептеме**

Миллиондаған қазақстандық теңге	2016ж.	2015ж.
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>		
Тұтынушылардан түскен ақшалай қаражаттың түсімдері	485,829	395,725
Бюджеттен ҚҚС-ты қайтару	29,638	24,895
Алынған сыйақылар	6,830	1,416
Жеткізушілерге төлемдер	(379,103)	(320,921)
Қызметкерлерге төлемдер	(42,638)	(40,191)
<b>Операциялардан түскен ақшалай қаражаттар</b>	<b>100,556</b>	<b>60,924</b>
Төленген табыс салығы	(28,216)	(5,662)
Төленген сыйақы	(5,464)	(6,127)
<b>Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың ағымы</b>	<b>66,876</b>	<b>49,135</b>
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>		
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды сатып алу	(8,975)	(12,153)
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың істен шығып кетуінен түскен түсімдер	190	491
Негізгі қаражат үшін берілген аванс	(5,361)	(616)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(477)	(414)
Кен орындарын әзірлеуде қолданылатын активтерді сатып алу	(11,494)	(9,930)
Барлау және бағалау активтерін сатып алу	(3,264)	(1,618)
Қауымдасқан кәсіпорындардағы және бірлескен кәсіпорындардағы инвестицияларды өткізу	82	-
Еншілес кәсіпорынның бақылаудан айырылуына байланысты өтемақы	175	-
Жедел салымдарды жайғастыру және қолдануда шектеулі ақшалай қаражаттар	(54,124)	(14,370)
Жедел салымдарды өтеу және қолдануда шектеулі ақшалай қаражаттар	9,054	5,798
Байланыс тараптарының қарызын өтеу	12,787	1,211
Қауымдастырылған кәсіпорындардағы және бірлескен кәсіпорындардағы инвестицияларды сатып алу	(4,647)	(2,046)
Қауымдастырылған кәсіпорындардан, бірлескен кәсіпорындардан және өзге инвестициялардан алынған дивидендтер	78,805	42,867
Өзге	(96)	(94)
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың ағымы</b>	<b>12,655</b>	<b>9,126</b>
<b>ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІ</b>		
Кредиттер мен қарыздардан түскен түсімдер	10,072	163,851
Кредиттер мен қарыздарды өтеу	(53,430)	(215,676)
Акционерге төленген дивидендтер (33 Ескерту)	(12,031)	(2,323)
Бақыламайтын үлеске төленген дивидендтер	(134)	(47)
Өзге	(673)	103
<b>Қаржы қызметінде пайдаланылған ақшалай қаражаттың ағымы</b>	<b>(56,196)</b>	<b>(54,092)</b>
<b>Ақшалай қаражатты және олардың баламаларын таза арттыру</b>	<b>23,335</b>	<b>4,169</b>
Жыл басындағы ақшалай қаражат пен олардың баламалары	55,869	29,432
Валюта бағамдары өзгеруінің ақшалай қаражатқа және олардың баламаларына әсері	(4,152)	22,268
<b>Жыл аяғындағы ақшалай қаражат пен олардың баламалары (32 Ескерту)</b>	<b>75,052</b>	<b>55,869</b>

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылар 2017 жылғы 27 ақпанда бекітті:

Жұмағалиев А.Қ.  
Басқарма төрағасы



*Қалиева З.Ф.*  
Қалиева З.Ф.  
Бас бухгалтер

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептеме**

Миллиондаған қазақстандық теңге	Компанияның меншік иесіне тиесілі					Иеліктің бақылан-байтын үлесі	Капитал барлығы
	Акционерлік капитал	Бағамдағы айырманың басқа валютадан қайта есеп айырысу кезіндегі резерві	Таратылмаған кіріс	Қосымша төленген капитал	Барлығы		
<b>2015ж. 1 қаңтардағы</b>	<b>36,692</b>	<b>1,558</b>	<b>363,590</b>	<b>4,785</b>	<b>406,625</b>	<b>12,128</b>	<b>418,753</b>
Жылдағы кіріс	-	-	38,442	-	38,442	(1,941)	36,501
Шетелдік қызметті аударудан болған бағамдағы айырма	-	17,261	-	-	17,261	10	17,271
Еңбек қызметі аяқталуы бойынша сыйақылар жөніндегі міндеттемелерді қайта бағалау	-	-	(227)	-	(227)	(14)	(241)
Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін кәсіпорындардың өзге жиынтық табысындағы үлесі	-	-	159	-	159	-	159
<b>Жылдағы жалпы жиынтық табыс</b>	<b>-</b>	<b>17,261</b>	<b>38,374</b>	<b>-</b>	<b>55,635</b>	<b>(1,945)</b>	<b>53,690</b>
Жария етілген дивидендтер	-	-	(2,323)	-	(2,323)	(65)	(2,388)
Өзге	-	-	(650)	-	(650)	-	(650)
<b>2015ж. 31 желтоқсандағы</b>	<b>36,692</b>	<b>18,819</b>	<b>398,991</b>	<b>4,785</b>	<b>459,287</b>	<b>10,118</b>	<b>469,405</b>
Жылдағы кіріс	-	-	108,795	-	108,795	2,760	111,555
Шетелдік қызметті аударудан болған бағамдағы айырма	-	(100)	-	-	(100)	3	(97)
Еңбек қызметі аяқталуы бойынша сыйақылар жөніндегі міндеттемелерді қайта бағалау	-	-	193	-	193	1	194
Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін кәсіпорындардың өзге жиынтық табысындағы үлесі	-	(658)	(216)	-	(874)	-	(874)
<b>Жылдағы жалпы жиынтық табыс</b>	<b>-</b>	<b>(758)</b>	<b>108,772</b>	<b>-</b>	<b>108,014</b>	<b>2,764</b>	<b>110,778</b>
Жария етілген дивидендтер	-	-	(12,031)	-	(12,031)	(415)	(12,446)
Акционерлік капиталға жарна	93	-	-	-	93	-	93
<b>2016ж. 31 желтоқсандағы</b>	<b>36,785</b>	<b>18,061</b>	<b>495,732</b>	<b>4,785</b>	<b>555,363</b>	<b>12,467</b>	<b>567,830</b>

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылар 2017 жылғы 27 ақпанда бекітті:

Жұмағалиев А.Қ.  
Басқарма төрағасы

Қалиева З.Ф.  
Бас бухгалтер

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**2016 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертулер**

**1. «Қазатомөнеркәсіп» Тобы және оның қызметі туралы жалпы мәліметтер**

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ (бұдан әрі – Компания) және оның еншілес кәсіпорындары үшін (бұдан әрі бірлесіп «Топ» немесе «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ деп аталатын), 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалды.

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған акционерлік қоғам болып табылады. Компания «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 14 шілдедегі №3593 Жарлығына және «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының мәселелері» атты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 шілдедегі №1148 қаулысына сәйкес жарғылық капиталға мемлекеттің жүз пайыздық қатысуы бар жабық акционерлік қоғам ретінде құрылды. Қазіргі кезде Компания акцияларының 100% «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ) арқылы мемлекетке тиесілі. Компания мына мекенжай бойынша тіркелген: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 10. Негізгі қызмет орыны Қазақстан Республикасы болып табылады.

Уранды өндіру және уран өнімін өткізу Топтың негізгі қызмет түрі болып табылады. Топ әлемдегі жетекші уран өндіруші компаниялар санына кіреді. Бұдан басқа, Топ сирек және сиреккер металдарды өндіру; бериллий және тантал өнімін шығару және өткізу; ғылымды қажетсінетін технологияларды әзірлеу; энергия ресурстарын жеткізу және жаңғыртылған энергия көздерін дамыту бойынша қызметті жүзеге асырады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Қазақстан Республикасын ядролық отын циклының бастапқы кезеңдеріндегі мүддесіне өкілдік ететін Компания болып табылады. Топ оның ағымдағы және болашақтағы табыс көздерін генерирлеуші бір қатар бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың қатысушысы болып табылады (24 және 25 Ескертулер). Топтың даму стратегиясы әлемдегі уран нарығындағы жетекші орнын сақтап қалуда, сондай-ақ реакторға дейінгі ядролық отын циклындағы барлық бөлігіндегі және аралас жоғары технологиялық өндірісті өртараптандыруға негізделеді.

2016 жылғы 31 желтоқсанда Топ уран өндіру мен барлауға арналған мына келісімшарттардың тарапы болып табылды:

Кен орны/учаске	Әзірлеу кезеңі	Келісім-шарт күні	Келісім-шарт мерзімі	Жер қойнауын пайдаланушы	Сервис компаниясы
Қанжуған	Өндіру	27.11.1996	25 жыл	Компания	«Казатомпром-SaUran» ЖШС
Уванас	Өндіру	27.11.1996	25 жыл	Компания	«Казатомпром-SaUran» ЖШС
Мыңқұдық Шығыс учаскесі	Өндіру	27.11.1996	25 жыл	Компания	«Казатомпром-SaUran» ЖШС
Мойынқұм, №1 учаскесі (Оңтүстік) (оңтүстік бөлігі)	Өндіру	26.09.2000	20 жыл	Компания	«Казатомпром-SaUran» ЖШС
Мыңқұдық, Орталық учаскесі	Өндіру	08.07.2005	28 жыл	Компания	«Орталық» ӨК» ЖШС
Мыңқұдық, Батыс учаскесі	Өндіру	30.07.2005	30 жыл	«Аппак» ЖШС	-
Солтүстік және Оңтүстік Қарамұрын, Мойынқұм №3 учаскесі (Орталық) (солтүстік бөлігі) *	Өндіру	27.11.1996	28 жыл	Компания	«РУ-6» ЖШС
	Барлау және өндіру	31.05.2010	29 жыл	Компания	«Казатомпром-SaUran» ЖШС
Жалпақ	Барлау	31.05.2010	8жыл	Компания	«Казатомпром-SaUran» ЖШС
Буденовское	Барлау	14.10.2015	6 жыл	Компания	-

2016 жылдың 31 желтоқсанына Топқа Қазақстанның алты аумағында – Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау, Ақмола және Алматы облыстарында орналасқан қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарды қоса, 40-тан астам (2015 ж.: 70) кәсіпорындар кіреді. 2016 жылдың 31 желтоқсанына Топ қызметкерлерінің жалпы саны 26 мыңнан (2015 ж.: 26 мың) астам адамы құрайды.

**2. Топ өз қызметін жүзеге асырып жатқан экономикалық орта**

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**2016 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертулер**

---

Жалпы Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір сипаттамалық ерекшеліктерін білдіруді жалғастыруда. Ол әсіресе ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газ және минералдық шикізаттар бағасының ауытқуына сезімтал болып табылады. Сондай-ақ осы ерекшеліктеріне қоса, ел аумағынан тыс жерлерде еркін айырбастауы жоқ және бағалы қағаз нарығының төмен өтемпаздық деңгейлі ұлттық валюта енеді, алайда онымен шектелмейді.

Мұнай мен басқа да минералды шикізатқа бағаның төмендеуі және айырбас бағамының құбылмалдылығы өтемпаздықтың төмендеуі Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсер етті және теріс әсер етуді жалғастыруы мүмкін.

2015 жылғы 20 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі және Үкіметі айырбас бағамын қолдауды тоқтату және инфляциялық таргеттеу, валюталық дәлізді жою мен еркін құбылмалы айырбас бағамына көшудің негізінде жаңа ақшалай-кредиттік саясатты іске асыру туралы шешім қабылдады. Нәтижесінде 2015 жылдың тамыз-желтоқсан айларының ішінде теңгенің айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 187-ден 350 теңгеге дейін құбылды. Осы есептеме күнінің жағдайы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісінің ресми айырбас бағамы 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 311.49 теңгемен салыстырғанда 1 АҚШ доллары үшін 333.29 теңгені құрады (2015 ж. 31 желтоқсаны: 1 АҚШ доллары үшін 339.47 теңге). Осылайша теңгенің айырбас бағамына және Ұлттық банк пен Үкіметтің болашақ іс-қимылына, сондай-ақ аталған факторлардың Қазақстан Республикасының экономикасына әсеріне қатысты тұрлаусыздық бар.

2016 жылы 2016-2019 жж. кезеңдерінде мұнайға болжамды баға деңгейінің төмендеуіне байланысты және Қазақстанның экономикасы мұнай газ секторына тәуелді екенін ескере отырып, халықаралық рейтинг агенттіктері Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингін төмендетті. Ұзақ мерзімді рейтингтер бойынша болжам – «жағымсыз». Рейтинг бойынша жағымсыз болжам жаһандық нарықта шикізат тауарларының ағымдағы әлсіз және тұрақсыз жағдайын ескере отырып, сыртқы тәуекелдер және ақшалай-кредиттік саясатпен байланысты тәуекелдер туралы агенттіктердің көзқарасын білдіреді.

Қаржы нарығы бұрынғыша тұрақтылықтың жоқтығымен, бағалардың жиі және елеулі өзгерістерімен, және сауда операциялары бойынша спрэдтердің артуымен сипатталады. Осы экономикалық орта Топтың қызметіне елеулі әсер етті. Басшылық Топтың тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды. Дегенмен ағымдағы экономикалық жағдайдың болашақтағы салдарын болжау қиын, және басшылықтың ағымдағы болжаулары мен бағалары іс жүзіндегі нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының таукен секторы Қазақстан Республикасындағы саяси, заңнамалық, салықтық және реттегіш өзгерістердің әсеріне шалдыққыш болып табылуда. Қазақстан Республикасының салық, валюталық және кедендік заңнамалары дамуын жалғастыруда және әр түрлі талқылау мүмкіндіктеріне жол беріп отыр (38 Ескерту). Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылық келешегі елеулі деңгейде Үкімет қабылдаған экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, бақылау және саяси жүйелердің дамуына, яғни Топтың бақылау саласынан тысқары болған жағдайларға байланысты. Басшылар Топтың экономикалық жағдайын және оның болашағын ескеріп ұзақ мерзімді активтерінің құнсыздану мүмкіндігіне бағалау жүргізді (4 Ескерту). Болашақ экономикалық жағдай және нормативтік құқықтық ортаның басшылардың осы болжамдарынан ерекше болуы мүмкін.

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері**

#### ***Қаржы есептілігін дайындау негізі***

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, бастапқы мойындалуы әділ құны бойынша жүзеге асырылатын қаржы құралдарын қоспағанда, тарихи құны негізінде, ХҚЕС сәйкес дайындалған. Осы шоғырландырылған қаржы есептілігін дайындау кезінде қолданылған есеп саясатының негізгі ережелері төменде келтірілген. Есеп саясатының аталған ережелері, басқасы көрсетілмеген жағдайда, есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге қатысты өз кезегімен қолданылды (5 Ескерту).

#### ***Есептілікті ұсыну валютасы***

Өзгеше көрсетілмеген болса, аталған шоғырландырылған қаржы есептіліктің көрсеткіштері миллиондаған қазақстандық теңгемен берілген.

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### **Шоғырлану қағидаты**

##### *(i) Шоғырландырылған қаржылық есептілік*

Еншілес кәсіпорындары, құрылымдық кәсіпорындармен қоса, Топпен бақыланатын инвестициялардың осындай объектілерін білдіреді, өйткені Топ (i) инвестициялар объектісі табысына елеулі әсер ететін қызметті басқаруға оған мүмкіндік беретін өкілеттіліктерге ие, инвестициялар объектісіне қатысудан түскен ауыспалы табыспен байланысты тәуекелдердің ықпалына түседі, немесе осындай табысты алуға арналған құқығы бар, және (iii) инвестордың табыс мөлшеріне әсер ету мақсатында инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілдіктерін пайдалану мүмкіндігі бар. Топтың басқа кәсіпорынға қатысты өкілеттілігінің бар болуын бағалау кезінде, іс жүзіндегі нақты әлеуетті дауыс беру құқығымен қоса, іс жүзіндегі құқықтарының бар болуын және ықпалын қарау қажет. Құқық іс жүзінде деп саналады, егер де ұстаушы бұл құқықты инвестициялар объектісінің елеулі қызметін басқаруға қатысты шешімді қабылдау кезінде іс жүзінде іске асыру мүмкіндігі болса. Топ, оның инвестициялар объектісінде көпшілік дауысы болмаса да, инвестициялар объектісіне қатысты өкілдіктерге ие болуы мүмкін. Ұқсас жағдайларда инвестициялар объектісіне қатысты іс жүзіндегі өкілеттіліктердің бар болуын айқындау үшін Топ басқа дауыс беру құқығын ұстаушылардың пакеттерін жайғастыру мөлшері мен дәрежесіне қатысты өзінің дауыс беру құқығы пакетінің мөлшерін бағалауға тиіс. Басқа инвесторлардың, инвестициялар объектісінің қызметіне түбегейлі өзгерістерді енгізумен байланысты немесе айрықша жағдайда қолданылатын сияқты осындай қорғау құқықтары Топтың инвестициялар объектісін бақылау мүмкіндігіне кедергі болмайды. Еншілес кәсіпорындар Топқа олардың операцияларына бақылауды тапсыру күнінен бастап (сатып алу күнінен) шоғырландырылған қаржы есептілігіне кіргізіледі және бақылаудан айырылған күнінен бастап шоғырландырылған есептіліктен алынып тасталады.

Еншілес кәсіпорындар, жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынғанды қоспағанда, сатып алу әдісі бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізіледі. Сатып алынған сәйкестірілген активтер, сондай-ақ міндеттемелер және бизнестің біріккен кезінде алынған шартты міндеттемелер бақыланбайтын үлестің мөлшеріне тәуелсіз сатып алу күніндегі әділ құны бойынша көрсетіледі.

Топ, тікелей қатысу үлесі болып табылатын және ұстаушыға жойылған жағдайда таза активтердің тепе-тең үлестеріне арналған құқықты беретін, бақыланбайтын үлесті әрбір операция бойынша жеке немесе а) әділ құны бойынша, немесе б) сатып алынған кәсіпорынның таза активтеріндегі бақыланбайтын үлеске тепе-тең бағалайды.

Гудвил сатып алынған кәсіпорынның таза активтері сомасын, мына мөлшерлермен: сатып алынған кәсіпорынға берілген өтемің, сатып алынған кәсіпорынның бақыланбайтын үлес сомасының және сатып алынған кәсіпорынның тікелей сатып алу күні алдында тиесілі капиталдағы қатысу үлесінің әділ құнының жалпы сомасынан шегеру арқылы айқындалады. Теріс сомасы («теріс гудвил»), басшылық барлық сатып алынған активтер, сондай-ақ қабылданған міндеттемелер мен шарттық міндеттемелер толық сәйкестірілгенін қайта бағалап, олардың бағаланғанын талдағаннан кейін, кіріс немесе шығыс құрамында мойындалады.

Сатып алынған кәсіпорын үшін берілген өтеу тапсырылған активтердің, капиталдағы шығарылған қатысу үлестің және туындаған немесе қабылданған міндеттемелердің әділ құны бойынша бағаланады, бұған активтердің әділ құны және шарттық өтеу туралы келісімдер нәтижесінде туындаған міндеттемелер кіреді, бірақ сатып алуға байланысты мына консультациялық қызмет көрсетуге, заң қызметтеріне, бағалауды жүргізу бойынша және ұқсас кәсіби қызметтерге төлеу сияқты шығыстар кірмейді. Мәміле бойынша үлес құралдарын шығару кезінде шеккен шығындар капитал сомасынан шегеріледі, мәміле бойынша бизнесті біріктіру шеңберінде қарыздық бағалы қағаздардың шығарылуына байланысты шеккен шығындар олардың баланстық құнынан шегеріледі, ал мәміле бойынша сатып алуға байланысты барлық қалған шығындар шығыстарға жатқызылады.

Топ кәсіпорындары арасындағы операциялар тиісті шоттар бойынша қалдықтар және Топ кәсіпорындары арасындағы операциялар бойынша іске асырылмаған табыс өзара жоққа шығарылады. Іске асырылмаған шығын да өзара жоққа шығарылады, тек шығындардың өтелуі мүмкін болмаған жағдайлар бұған жатпайды. Компания және оның барлық еншілес кәсіпорыны есеп саясатының Топтың саясатына сәйкес бірегей қағидаттарын қолданады.

Бақыланбайтын үлес – бұл, Топ тікелей немесе жанама түрде иеленбейтін капиталға қатысу үлесіне келетін, еншілес кәсіпорынның қызметі мен капиталының таза қорытындысының бөлігі. Бақыланбайтын үлес Топтың бөлек капиталының компонентін білдіреді.

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### *(ii) Бақыланбайтын үлестерді сатып алу және сату*

Топ экономикалық бірліктің моделін бақыланбайтын үлестің иелерімен мәмілелерді есепке алу үшін қолданады. Сатып алынған бақыланбайтын үлестің тапсырылған өтеуі мен баланстық құны арасында қандайда айырмашылық болса, ол тікелей капиталда капиталмен операция ретінде көрсетіледі. Топ бақыланбайтын үлестің сатылғаны үшін алынған өтеумен және оның баланстық құны арасындағы айырмашылықты капиталдағы өзгерістер туралы есептемеде капиталмен жасалған мәміле ретінде мойындалады.

#### *(iii) Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес кәсіпорынды сатып алу*

Жалпы бақылаудағы тараптан еншілес кәсіпорындарды сатып алу алдыңғы кәсіпорынның бағалау әдісі бойынша есептеледі. Осы әдістемеге сәйкес біріккен кәсіпорынның шоғырландырылған қаржылық есептілігі, кәсіпорындар шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрсетілген ең ерте кезеңнен бастап, немесе, кешірек болса, онда бірігейін деп жатқан кәсіпорындар алғашқы рет жалпы бақылауға түскен күнінен бастап біріккен болып ұсынылған. Еншілес кәсіпорынның, жалпы бақылаудағы, тараптар арасында тапсырылатын активтер мен міндеттемелер алдыңғы кәсіпорынмен белгіленген баланстық құны бойынша көрсетілген.

Алдыңғы кәсіпорын ең жоғары деңгейдегі есеп беруші кәсіпорын болып саналады, онда еншілес кәсіпорынның, ХҚЕС сәйкес дайындалған қаржылық ақпараты шоғырланған болатын болса. Алдыңғы кәсіпорынды сатып алғанда пайда болған гудвил де аталған шоғырланған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Алдыңғы кәсіпорынның гудвилімен қоса, таза активтердің баланстық құны және алынған затқа өтеу арасындағы айырмашылық аталған шоғырланған қаржылық есептілікте капитал құрамындағы таратылмаған кіріс ретінде көрсетіледі.

#### *(iv) Қауымдастырылған кәсіпорындар*

Қауымдастырылған кәсіпорындар – Топ оларға елеулі ықпал ете отырып (тікелей немесе жанама), бірақ оларды бақыламайтын кәсіпорындар; әдетте, бұл кәсіпорындардағы дауыс беру құқығының үлесі 20%-дан 50%-ға дейін құрайды. Қауымдастырылған кәсіпорындарға деген инвестициялар қатысу үлесінің әдісі бойынша ескеріледі және бастапқы өзіндік құны бойынша көрсетіледі. Қауымдастырылған кәсіпорындардан алынған дивидендтер қауымдастырылған кәсіпорындарға құйылған инвестициялардың баланстық құнын азайтады. Топтың сатып алудан кейінгі қауымдастырылған кәсіпорындардың таза активтеріндегі үлесінің өзге өзгерістері мына түрде көрсетіледі: (i) Топтың қауымдастырылған кәсіпорындардың кірісіндегі және шығысындағы үлесі қауымдастырылған кәсіпорынның қаржы қорытындысы ретіндегі жылдағы шоғырландырылған кіріс пен шығыс құрамында көрсетіледі, (ii) Топтың өзге де жиынтық табыстағы үлесі бөлек жолмен өзге жиынтық табыстың баланстық құнында көрсетіледі, (iii) Топтың қауымдастырылған кәсіпорындардың таза активтерінің баланстық құнындағы иелік үлесінің өзгерістері қауымдастырылған кәсіпорындардың қаржы қорытындысы үлесінің құрамындағы кіріс пен шығыста көрсетіледі.

Алайда, Топтың, кез келген дебиторлық берешегімен қоса, қауымдастырылған кәсіпорындардың шығынындағы үлесі оның қауымдастырылған кәсіпорындағы үлесіне тең немесе одан асатын болса, Топ болашақ шығындарды мойындауды тоқтатады, бұған ол аталған қауымдастырылған кәсіпорын атынан өзіне міндеттемелерді алу немесе төлемдерді жасау жағдайлары кірмейді.

Топ және қауымдастырылған кәсіпорындар арасындағы операциялар бойынша іске асырылмаған табыс Топтың осы қауымдастырылған кәсіпорындардағы үлесіне тең өзара алынып тасталады; іске асырылмаған шығындарда өзара алынып тасталады, бұған операция тапсырылған активтердің құнсыздануы туралы жағдайлар кірмейді.

#### *(v) Бірлескен қызмет туралы келісімдер*

Егер де ол басқа тараптармен бірлесіп әрекет етіп, келісімдерге жалпы бақылауды жүргізсе, және егер де тиісті әрекеттер туралы шешімдерді қабылдау, бірлескен бақылаудың жүзеге асырылуына қатысушы тараптардың бір ауыздан келісуін талап ететін болса, Топ бірлескен қызмет туралы келісімнің қатысушысы болып саналады. Бірлескен қызмет туралы Келісім осындай келісімнің қатысушыларының құқықтары мен міндеттемелеріне қарай бірлескен қызмет немесе бірлескен кәсіпорын болып көрсетіледі.

Топ бірлескен қызметке өзінің қатысуына қатысты мойындайды: (i) кез келген бірлесіп бақыланатын активтердегі өз үлесімен қоса, өз активтерін, (ii) кез келген бірлесіп өзіне қабылдайтын міндеттемелердегі үлесімен қоса, өз міндеттемелерін, (iii) бірлескен операция нәтижесінде шығарылған өнімдегі үлесін сатудан түскен өз пайдасын, (iv) бірлескен операция нәтижесінде шығарылған өнімді сатудан түскен табыстың өз үлесін; және (v) кез келген бірлесіп шеккен шығыстардағы өз үлесімен қоса, өз шығыстарын.

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Топтың бірлескен кәсіпорындарда қатысуы үлес әдісі бойынша есептеледі және бастапқы алынған зат құны бойынша көрсетіледі. Бірлескен кәсіпорындардан алынған дивидендтер бірлескен кәсіпорындарға құйылған инвестициялардың баланстық құнын азайтады. Топтың бірлескен кәсіпорындардағы алынған заттан кейінгі таза активтердегі үлесінің өзге өзгерістері мына түрде көрсетіледі: (i) Топтың бірлескен кәсіпорындардың кірісіндегі және шығысындағы үлесі бірлескен кәсіпорындардың қорытындысындағы үлесі ретінде жылдағы шоғырландырылған кіріс пен шығыстарда көрсетіледі, (ii) Топтың өзге де жиынтық табыстағы үлесі өзге жиынтық табыстың құрамына кіргізіледі және бөлек жолмен ұсынылады, (iii) Топтың бірлескен кәсіпорындардың таза активтерінің баланстық құнындағы үлесінің барлық өзге өзгерістері бірлескен кәсіпорындардың қорытындысы үлесіне енгізіледі.

Топтың кез келген қамтылмаған дебиторлық берешекпен қоса, бірлескен кәсіпорындардың шығынындағы үлесі оның аталған бірлескен кәсіпорындағы қатысу үлесіне тең немесе артатын болса, Топ, Топтың міндеттемелері туындамайынша немесе ол бірлескен кәсіпорын атынан төлемдерді жасамайынша, болашақ шығындарды мойындамайды. Топтың бірлескен кәсіпорынның өзге де жиынтық табысы мен шығынындағы үлесі өзге жиынтық табыс құрамында Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігінде көрсетіледі.

Егер де Топ және оның бірлескен кәсіпорындар активтерінің құнсыздануынан пайда болмаса, Топ және оның бірлескен кәсіпорындар арасындағы операциялар бойынша іске асырылмаған табыстар Топтың бірлескен кәсіпорындағы үлесіне тепе-тең өзара алынып тасталады; іске асырылмаған шығыстар да өзара алынып тасталады. Бірлескен кәсіпорындардың есеп саясаты Топ қабылдаған есеп саясатымен унифицирленген.

*(vi) Еншілес кәсіпорындардың, қауымдастырылған кәсіпорындардың немесе бірлескен кәсіпорындардың істен шығып кетуі*

Топ бақылаудан немесе елеулі ықпалдан айырылған болса, онда кәсіпорындағы сақталынатын үлес әділ құны бойынша қайта бағаланады, ал баланстық құнының өзгеруі кірісте немесе шығыста көрсетіледі. Әділ құны қауымдастырылған кәсіпорындағы, бірлескен кәсіпорындағы немесе қаржы активтеріндегі қалған үлесті одан өрі есепке алу мақсаты үшін бастапқы баланстық құны болып табылады. Бұдан басқа, аталған кәсіпорынға қатысты өзге жиынтық табыс құрамында бұрында мойындалған соманың барлығы Топтың тиісті активтердің немесе міндеттемелердің тікелей істен шығып кетуін жүзеге асырды деп мойындалады. Бұл өзге жиынтық табыстың құрамында көрсетілген сомалар кіріске немесе шығысқа ауысатынын білдіреді.

Қауымдастырылған кәсіпорындағы қатысу үлесі азаятын болса, бірақ сонымен қатар елеулі ықпалы сақталса, өзге жиынтық табыс құрамында бұрында көрсетілген соманың тепе-тең үлесі ғана қажетті жағдайларда кіріске немесе шығысқа аударылады.

#### **Қаржы құралдары**

*(i) Бағалауға деген негізгі тәсіл*

Қаржы құралдары олардың классификациялауына байланысты әділ құны, өзіндік құны немесе амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Төменде осы бағалау тәсілдері көрсетілген.

Әділ құны – бағалау күніндегі нарық қатысушылары арасындағы өз еркі негізінде активтерді сату кезінде немесе операцияларды жүргізу кезіндегі міндеттемелерді тапсыру кезінде алынуы мүмкін баға. Белсенді нарықтағы баға белгілеу әділ құнының ең жақсы растауы болып табылады. Белсенді нарық – бұл, тұрақты негізінде бағалау туралы ақпаратты алуды мүмкін ететін, жеткілікті жиелігі мен жеткілікті көлемінде активтер мен міндеттемелер мен операциялар жүргізілетін нарық.

Белсенді нарықта айналымы бар қаржы құралдарының әділ құны, белгілеу бағасын бөлек активке немесе міндеттемені, олардың кәсіпорын ұстап отырған санына көбейту кезінде алынған сома ретінде бағаланады. Нарықтың тәуліктік қарапайым сауда айналымы кәсіпорындағы активтер мен міндеттемелерді басып алуға жеткіліксіз болса, ал бөлек операцияларда позицияларды сатуға арналған тапсырыстарды орналастыру белгілеу бағасына есер етуі мүмкін жағдайда да істің жағдайы осындай.



### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Дисконтталған ақшалай ағымдардың моделі сияқты, сондай-ақ нарық ережелерімен жасалатын ұқсас операциялардың деректерімен негізделген модельдер сияқты бағалау әдістері, немесе инвестициялар объектісінің қаржы деректерін қарау қаржы құралдарының әділ құнын айқындау үшін қолданады, олар үшін мәмілелер бағасы туралы нарық ақпарат қол жетімсіз. Әділ құнын бағалау қорытындысына мынадай түрде әділ құны иерархиясының деңгейі бойынша талдау жасалады және бөлінеді: (i) 1 Деңгейге ұқсас активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтағы белгіленетін бағалар (белгіленбейтін) бойынша, (ii) 2 Деңгейге – бағалау әдісі арқалы алынған бағалаулар жатады, онда қолданылатын барлық елеулі шығыс деректер, тікелей (мысалы, баға), немесе жанама түрде (мысалы, баға негізінде есептелген) актив пен міндеттемелер үшін бақыланатын болып табылады, және (iii) 3 Деңгейдің бағалауы, олар, тек бақыланатын нарық деректеріне негізделген емес бағалау болып табылады (яғни бағалау үшін бақыланбайтын шығыс деректерінің елеулі көлемі талап етіледі). Әділ құны иерархиясының деңгейінен деңгейге ауысу есеп беру кезеңнің аяғында орын алған деп саналады.

Өзіндік құны ақшалай төленген қаражаттың немесе олардың баламаларының сомасы, немесе сатып алу күніне активті сатып алу үшін тапсырылған өзге өтеудің әділдік құны болып табылады және мәміле бойынша шығындарды қосады. Өзіндік құны бойынша бағалау нарық түзетуі жоқ және олардың әділ құны сенімді бағалануы мүмкін емес үлес құралдарына жасалған инвестицияларға қатысты ғана және ашық нарықта түзетулері жоқ осындай үлес құралдарына байланған және осындай үлес құралдарымен өтеуге жататын өндірілген құралдарға қатысты қолданылады.

Мәміле бойынша шығындар қаржы құралын сатып алуға, шығаруға немесе істен шығаруға тікелей жататын қосымша шығындар болып табылады. Қосымша шығындар – бұл, мәміле жасалмай қалса, шегілмейтін шығындар. Мәміле бойынша шығындарға агенттерге (сауда агенттері ретінде әрекет ететін қызметкерлерді қоса), консультанттарға, делдалдарға және дилерлерге төленген сыйақылар мен комиссиялық төлемдер, реттеуші органдарға және қор биржаларына төленетін алымдар, сондай-ақ меншікті тапсыру кезіндегі алынатын салық пен алулар кіреді. Мәміле бойынша шығындарға сыйақылар немесе борыштық міндеттемелер бойынша дисконттар, қаржыландыруға кеткен шығындар, ішкі әкімшілік шығыстар немесе сақтауға арналған шығыстар кірмейді.

*Амортизациялық құны*, ондағы қаржы құралы есептелген пайыздың мөлшеріне азайтылған немесе көбейтілген, қарыздың негізгі сомасын өтеудегі ұстап қалынған ақшаны, ал қаржы активтері үшін – құнсызданудан туындаған шығындар сомасын санамағанда (бағалау резерві шотын тікелей немесе пайдалану арқылы), бастапқы мойындалған кезде бағаланған болатын мөлшерлемені білдіреді. Қосылған проценттерге мәміле бойынша шығындардың, сондай-ақ кез келген сыйақылардың немесе тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданумен қоса өтеу сомасының дисконттың бастапқы мойындау кезінде кейінге қалдырылған амортизациясы кіреді. Қосылған пайыздық табыстар және қосылған пайыздық шығыстар, қосылған купондық табыспен және амортизацияланған дисконтпен немесе сыйақымен қоса (бар болған кезде, ұсынылған кезде кейінге қалдырылған комиссиямен қоса), бөлек көрсетілмейді, есептің қаржы жағдайы туралы тиісті баптарының баланстық құнына кіргізіледі.

*Тиімді пайыздық мөлшерлеменің әдісі* – бұл, құралдың баланстық құнына әр бір кезеңде тұрақты пайыздық мөлшерлемені қамтамасыз ету мақсатында, тиісті кезең ішіндегі (тиімді пайыз мөлшерлемесінің) пайыздық табыстарды немесе пайыздық шығыстарды бөліп беру әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл, қаржы құралдың қолданылуы мүмкін уақыты бойы, немесе, қаржы құралдың таза баланстық құнына дейінгі ең қысқа кезең бойы есептелетін болашақ төлемдерді немесе түсімдерді (болашақ кредиттік шығындарды қоспағанда) тура дисконттау кезінде қолданатын мөлшерлеме. Тиімді пайыздық мөлшерлеме, пайызды өзгертудің келесі күніне дейінгі өзгермелі мөлшерлемені қоса құралдар бойынша ақшалай ағымдарды дисконттау үшін пайдаланады, бұған аталған құрал үшін көрсетілген өзгермелі мөлшерлеме бойынша, немесе нарықтан тәуелсіз белгіленетін басқа да ауыспалы факторлар бойынша кредиттік сәпәтті көрсететін сыйақы мен дисконт кірмейді. Бұндай сыйақы мен дисконттар құралдың барлық күтілетін айналым мерзімі бойы амортизацияланады. Келтірілген құн есептесуіне тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын, шарт бойынша тараптармен төленген немесе алынған барлық сыйақылар мен сомалар кіреді.

#### *(ii) Қаржы активтерінің жіктелімі*

Қаржы активтері мына категориялар бойынша жіктеледі: а) қарыздар мен дебиторлық берешектер; б) қолдағы сатуға бар қаржы активтері; в) өтеуге дейінгі ұсталынған қаржы активтері; г) әділ құны бойынша бағаланатын, оның өзгерістері кіріс пен шығыстың құрамында көрсетілетін қаржы активтері. Әділ құны бойынша бағаланатын, оның өзгерістері кіріс пен шығыстың құрамында көрсетілетін қаржы активтері екі кіші категорияларға бөлінеді: (i) бастапқы мойындау сәтінен бастап аталған категорияға қосылған, және (ii) саудаға арналған ретінде жіктелетін активтер.

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Туынды қаржы құралдары әділ құны бойынша көрсетіледі. Туынды құралдар активтер ретінде есептеледі, егер де аталған құралдардың әділ құны оңды болса, және міндеттемелер ретінде есептеледі, егер де олардың әділ құны теріс болып табылса. Туынды құралдардың әділ құнының өзгеруі жылдағы кіріске немесе шығысқа қосылады. Топ хеджерлеу есебін қолданбайды.

Басқа қаржы құралдарына енгізілген кейбір туынды құралдар, бөлек туынды құралдар ретінде есептеледі, егер де олардың тәуекелдері мен экономикалық сипаттамалары негізгі шарттың тәуекелдері мен экономикалық сипатталарымен тығыз байланыста болмаса.

«Қарыздар мен дебиторлық берешек» атты категория бекітілген немесе айқындалған төлемдермен қоса туынды емес қаржы активтерін білдіреді, бұған Топ жақын арада сатуға ниеттенгендерді қоспағанда.

Барлық өзге қаржы активтері қолдағы сатуға бар активтер категориясына кіреді.

#### *(iii) Қаржы міндеттемелерінің жіктелімі*

Қаржы міндеттемелері мына есептеу категориялары бойынша жіктеледі: а) туынды қаржы құралдарын қосқанда, саудаға арналған, және б) өзге қаржы міндеттемелері. Саудаға арналған міндеттемелер әділ құны бойынша көрсетіледі, олардың өзгерістері пайда болған кезеңдегі жылдың кірісі мен шығысы құрамында көрсетіледі (қаржы табыстары немесе қаржы шығындары сияқты). Өзге қаржы міндеттемелер амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

#### *(iv) Қаржы құралдардың бастапқы мойындалуы*

Қаржы құралдары бастапқы әділ құны бойынша және мәміле бойынша шеккен шығындармен қоса есептеледі. Мәміленің бағасы бастапқы мойындау кезіндегі әділ құнына ең жақсы растау болып табылады. Әділ құны мен мәміле бағасы арасында айырмашылық болған жағдайда ғана бастапқы мойындау сәтінде кіріс немесе шығыс есептеледі, ол ұқсас құралдармен немесе бағалау әдісімен мәміле нарығында аталған сәттегі басқа да байқаушылармен расталуы мүмкін, онда кіріс ауыспалылар ретінде тек байқаудағы нарық деректері қолданылады.

Заңнамамен немесе аталған нарықтың ережелерімен белгіленген мерзімде тапсыруы көзделген қаржы активтерін сатып алу немесе сату (стандарттық ережемен сатып алу және сату) мәмілені жасау күніне орай, яғни Топ қаржы активтерін тапсыруға өзіне міндеттеме алған күніне мойындалады. Сатып алу бойынша барлық өзге операциялар кәсіпорын аталған қаржы құралына қатысты шарттың тарабы болғанда мойындалады.

Белсенді нарықта айналымы жоқ, байланысты тараптарға берілген қарыздардың әділ құнын айқындау үшін Топ дисконтталған ақшалай ағымдардың моделі сияқты әдістерді қолданады. Мәміле бағасына тең деп қабылданатын, бастапқы мойындау кезіндегі әділ құны және бағалау әдісі арқылы айқындалған сомасы арасында айырмашылықтар туындауы мүмкін. Осындай айырмашылықтар байланысты тараптарға берілген қарыздардың әрекет ету мерзімі ішінде тең амортизацияланады.

#### *(v) Қаржы активтерін мойындауды тоқтату*

Топ мына жағдайларда қаржы активтерін мойындауды тоқтатады: (а) бұл активтер өтелген кезде немесе осындай активтерге байланысты ақшалай қаражат ағымының әрекет ету құқығы өтіп кеткен кезде, немесе (б) Топ қаржы активтеріне түсетін ақшалай қаражат ағымына арналған құқығын тапсырған кезде немесе тапсыру туралы келісімді жасасқан кезде, және бұл ретте (i) сондай-ақ осы активтерді иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақыларды тапсырса, немесе (ii) осы активтерді иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақыларды тапсырмай немесе сақтамай, бірақ аталған активтерге қатысты бақылау құқығынан айырылған кезде.

Контрагент барлық қарастырылатын активтерді байланысты емес үшінші тарапқа іс жүзінде қосымша салықты салу қажеттілігінсіз сату мүмкіндігі болмаған жағдайда бақылау сақталынады.

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### *(vi) Сатуға арналған қолдағы бар инвестициялар*

Сатуға арналған қолдағы бар инвестициялар әділ құны бойынша көрсетіледі. Сатуға арналған қолдағы бар борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздық табыс проценттің тиімді мөлшерлемесі әдісі бойынша есептеледі және қаржы табыс ретінде жылдағы кіріс пен шығыста көрсетіледі. Сатуға қолдағы бар үлестік қаржы құралдарына деген инвестициялар бойынша дивидендтер, Топтың төлемді алуға арналған құқығы белгіленіп, дивидендтерді алу мүмкіндігі жоғары болған жылдағы кіріс пен шығыста көрсетіледі. Әділ құнының өзге де өзгерістері инвестицияның мойындалуы тоқтатылған немесе, жиналған кіріс немесе шығыс сомасы өзге жиынтық табыс құрамынан қаржы табысының жылдағы кіріс пен шығыс құрамына ауыстырылғанда оның құнсызданған сәтіне дейінгі өзге жиынтық табыс шотында көрсетіледі. Үлестік қаржылардағы инвестициялар оның әділ құнын басшылық жеткілікті дәрежеде анық бағалай алмайтын болса, сатып алынған нақты құнмен есептеледі.

Сатуға қолдағы бар инвестициялардың құнсыздануынан болған шығын аталған активтерді бастапқы мойындалғанынан кейін орын алған бір немесе бірнеше жағдайлар («шығынға әділ соқтыратын жағдайлар»), нәтижесінде олар туындаған сәттегі жылда болған кіріс немесе шығыста көрсетіледі. Үлестік құралдарға деген инвестициялардың әділ құнының олардың өзіндік құнынан елеулі немесе ұзақ төмендеуі құнсызданудың дәлелі. Бұрында кіріс пен шығыста көрсетілген құнсызданудан болған шығынды есептемегенде, сатып алынған және ағымдағы әділ құны бағасы арасындағы айырмашылық ретінде есептелетін құнсызданудан болған жиынтық шығын сомасы өзге жиынтық табыс шотынан жылдағы кіріс пен шығыстың қаржы шығыстар құрамына ауыстырылады.

Үлестік құралдарға деген инвестициялардың құнсыздануынан болған шығындар қалпына келтірілмейді, болашақ кіріс өзге жиынтық табыс құрамында көрсетіледі. Болашақ кезеңде, сатуға қолдағы бар деп жіктелінетін қарыз құралдардың әділ құны асып жатса, және бұл асқанын кіріс немесе шығыс құрамындағы құнсызданудан болған шығын мойындалғанынан кейін болған жағдаймен объективті түрде байланыстыруға болса, онда құнсызданудан болған шығын ағымдағы кезеңнің кіріс пен шығыстарды қалпына келтіріледі.

#### *(viii) Өзара есепке алу*

Қаржы активтері мен міндеттемелер өзара есепке алынады, және қаржы жағдайы туралы есептемеде көрсетілген сомалардың өзара есеп алуын жүргізу құқығы, және өзара есеп алу, немесе активті бір уақытта өткізу және міндеттемені реттеу заңды түрде белгіленген кезде ғана таза мөлшерлемесі көрсетіледі. Қарастырылып жатқан өзара есеп алуын жүргізу құқығы (а) болашақтағы ықтимал оқиғаларға тәуелді болмауы тиіс және (б) келесі жағдайлар кезінде заңды түрде жүзеге асыру мүмкіндігі болуы тиіс: (i) қарапайым қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында, (ii) төлемдер бойынша міндеттемелерін орындамау кезінде (дефолт оқиғасында) және (iii) қауқарсыздық немесе банкротқа ұшырау жағдайында.

#### **Негізгі құрал-жабдықтар**

##### *(i) Негізгі құрал-жабдықтарды мойындау және бағалау*

Негізгі құрал-жабдықтар жинақталған амортизациялауды және құнсызданудан жинақталған шығындарды есептен шығарып, өзіндік құны бойынша көрсетіледі.

Бастапқы құн активті мақсаттық пайдалану үшін жұмыс орнына жеткізуге және жұмыс қалпына келтіруге тікелей байланысты кез келген шығындардан, импорт бажы және сатып алынғандар бойынша өтелмейтін салықпен қоса, сауда жеңілдіктерін және қайтаруларды есептемегендегі сатып алу құнынан тұрады. Шаруашылық әдісімен дайындалған немесе құрастырылған негізгі қаражат объектісінің бастапқы құны өзіне жұмсалған материалдар құнын, орындалған өндірістік жұмыстарды және өндірістік үстеме шығындардың сәйкесті үлесін қосудан тұрады. Олардың пайдалы қызмет мерзімі жалпы аталған объектінің пайдалы қызмет мерзімінен айырмашылығы бар негізгі құралдар нысанынан бөлек нысандар (компоненттер) ретінде есептеледі және осындай бөліктердің пайдаланылатын мерзімін көрсететін нормалар бойынша амортизацияланады.

Бұдан әрі болатын шығындар аталған нысанның баланстық құнына енгізіледі немесе, Топтың аталған нысанды пайдаланудан экономикалық пайдасы мүмкін болып және оның құны сенімді бағалануы мүмкін болған жағдайда, бөлек актив ретінде көрсетіледі. Негізгі құрал-жабдықтар құрамында елеулі бастапқы құнымен және бір жылдан астам пайдалы қолдану мерзімімен қоса арнайы қор бөлігі мен қосалқы жабдықтар көрсетіледі. Өзге қор бөліктері мен қосалқы құрал-жабдықтар тауарлық-материалдық қор құрамында көрсетіледі және шығындану деңгейі бойынша жылдағы кіріс пен шығыста көрсетіледі.

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Ағымдағы жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуге кеткен шығындар ағымдағы кезеңдегі шығындарға жатады. Негізгі құрал-жабдықтардың ірі түйіндерін немесе компоненттерін ауыстыруға кеткен шығындар ауыстыруға жататын бөлшектерді бір уақытта тізімнен шығару кезінде капиталдандырылады.

Негізгі құрал-жабдықтардың шығып қалуынан болған кіріс немесе шығыс сатудан түскен ақшалай түсім мен оның баланстық құны арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады.

#### *(ii) Негізгі құрал-жабдықтардың амортизациясы*

Жерге амортизация есептелмейді. Уранды өндіруге және оны алдын ала өңдеуге пайдаланатын «ғимараттар» категориясына кіретін объектілерді амортизациялау өндірістік әдіс негізінде есептеледі, осындай әдіс ең жақсы түрде тұтыну құрылымын көрсететін баптарға қатысты қолданылады. Негізгі құрал-жабдықтардағы өзге объектілердің амортизациясы олардың бастапқы құнын қалдық құнына дейін олардың пайдалы қолдану мерзімі ішінде тең тізімнен шығару арқылы сызбаша әдісімен есептеледі:

	<u>Пайдалы қолдану мерзімі</u>
Ғимараттар	10 жылдан 50 жылға дейін
Машиналар мен жабдықтар	3 жылдан 50 жылға дейін
Көлік құралдары	3 жылдан 10 жылға дейін
Өзге	3 жылдан 20 жылға дейін

Негізгі құрал-жабдықтар нысанының пайдалы қызметінің есептесу мерзімі оның пайдалы қызметінің өз мерзіміне де, жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарт мерзіміне және (немесе), негізгі құрал-жабдықтардың аталған нысаны орналасқан аумағындағы кен орнындағы экономикалық тұрғыдан түсіп жатқан қордың ағымдағы бағалануына да тәуелді.

Активтің қалдық құны есептесу сомасы болып табылады, оны Топ, актив пайдалы қолдану мерзімінің соңына дейінгі жағдайға және пайдалы қолдану мерзімінің соңы сипатталатын жағдайдың соңына жеткендей, істен шығуға болуы мүмкін шығындарды есептен шығарғанынан кейінгі активтің істен шығудан ағымдағы жағдайда алар еді. Активтердің қалдық құны және олардың пайдалы қолдану мерзімі әр есеп беретін кезеңнің аяғында қайта қарастырылады және өзгертіледі.

#### **Өндіріске дайындалу бойынша шығындар**

Өндіріске дайындалу бойынша капиталдандырылған шығындар жинақталған амортизацияны және қажет болғанда, құнсызданудан жинақталған шығындарға есептен алғанда, өзіндік құны бойынша көрсетіледі.

Өндіріске дайындалу бойынша шығындарға технологиялық құйылатын және ағызылатын төтелдерді бұрғылау, төтелдердің магистральдік сыртқы айналымын жер бетіндегі коммуникациялар, жабдықтар және бақылау-өлшеу аппаратурасы, иондық алмасу шайыр құны, телімді қалпына келтіру бойынша бағалау шығындар және өндіруге дайындалу бойынша өзге шығындар кіреді. Өндіріске дайындалу бойынша шығындар кен орны немесе өндірістік әдісті қолданып блоктар деңгейінде амортизацияланады. Өндірістік әдісі бойынша амортизация мөлшерлемесі расталған қорларға негізделген, олар бар кен орындардан (блоктардан) қолданыстағы жабдықтарды және өндіру әдістерін қолдана отырып алынуы мүмкін. Расталған қорлардың есеп айырысуы әрбір жер қойнауын пайдалануға арналған ажырамас бөлігі болып табылатын қорлар туралы есептемелерге негізделген. Қорлар туралы аталған есептемелер құзыретті органмен бекітілген, және жылдар бойынша күтілетін өндіру көлемі туралы ақпарат ұсынылған, техникалық-экономикалық модельдерге енгізіледі.

#### **Материалдық емес активтер**

##### *(i) Материалдық емес активтерді мойындау және бағалау*

Топтың материалдық емес активтерінде, гудвилден басқасында, пайдалы қолданудың ақырғы мерзімі бар және, негізінде, өндіріс технологиясын енгізу капиталдырылған шығындар, бағдарламалық қамту және лицензиялар мен патенттер кіреді. Сатып алынған компьютерлік бағдарламалық қамту және лицензиялар мен патенттер бастапқыда оларды сатып алуға және енгізуге шеккен шығындар сомасында мойындалады.

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### *(ii) Материалдық емес активтердің амортизациясы*

Материалдық емес активтер оларды пайдалы қолдану мерзімі ішінде тозымпұлды желілік есептеу әдісімен амортизацияланады:

	<u>Пайдалы қолдану мерзімі</u>
Лицензиялар мен патенттер	3 жылдан 20 жылға дейін
Бағдарламалық қамту	1 жылдан 14 жылға дейін
Өзге	2 жылдан 15 жылға дейін

Құнсыздану жағдайында материалдық емес активтердің баланстық құны пайдаланудың ең жоғары құндылығына және әділ құнына дейін, сатуға деген шығыстарды есептемегенде, есептен шығарылады.

#### *(iii) Гудвил*

Гудвил, құнсызданудан жинақталған шығындарды, ондайлар бар болған жағдайда, есептен шығарып өзіндік құны бойынша есептеледі. Гудвилды құнсыздануға тестілеуді, сондай-ақ оның құнсыздануы болатын белгілері бар жағдайларда, Топ кем дегенде жылына бір рет жүргізеді. Гудвил генерирлеу бірлігіне немесе, бірігу нәтижесінде синергиядан ұтып алуы мүмкін осындай бірлік топтарына жатады. Бұл бірліктер немесе бірліктер тобы Топ гудвилды байқайтын ең төмен деңгейді білдіреді және өз мөлшері бойынша операциялық сегменттен аспайды.

Аталған генерирлеу бірлігімен жүзеге асырылып жатқан қызметті жою кезінде, істеп шығып жатқан қызметпен қауымдастырылатын гудвил шығып кетуден болған кіріс немесе шығыстарды айқындау кезіндегі қызметтің баланстық құнына енгізіледі және істен шыққан қызметтің және сақталынған генерирлеуші бірлік бөлігінің салыстырмалы құны негізінде бағаланады.

#### *(iv) Зерттеулерге және өзірлеуге кеткен шығындар*

Зерттеулерге арналған шығындар олар туындауына қарай болған шығыстардың құрамында мойындалады. Өзірлеуге кеткен шығындар (жаңа және модернизацияланған өнімдерді жобалауға және сынауға байланысты), жоба коммерциялық мақсатқа сай екенін және технологиялық тұрғыдан іске асырылатынын ескере отырып ойдағыдай іске асырылуы әбден мүмкін болған кезде, ал шығындар жеткілікті сенімділік деңгейімен бағаланатын болған кезде материалдық емес активтер ретінде мойындалады. Өзірлеуге арналған өзге шығындар олардың туындау шамасы бойынша шығыстарға жатады. Бастапқы кезде шығыстарға жатқызылған өзірлеуге арналған шығыстар келесі кезеңдерде капиталдандырылуы мүмкін емес.

Пайдалы қолданудың айқындалған мерзімі бар өзірлеулерге арналған капиталдандырылған шығындар, осы өзірлеулердің мәні болатын коммерциялық өнім өндірісі басталу сәтінен бастап, түскен ақшаны күтілетін алу мерзімі ішінде тозымпұлды желілік әдіспен амортизацияланады.

#### **Жер қойнауын пайдалануға арналған құқықтар**

Жер қойнауын пайдалану құқықтар, қажет болған кезде, амортизацияның және құнсызданудан болған шығындардың жинақталған сомасын алып тастап, бастапқы құны бойынша ескеріледі. Жер қойнауы құқығын сатып алу құнына қол қойылатын бонус, коммерциялық тауып алу бонусы, жер қойнауы құқығын сатып алу құны және тарихи капиталдандырылған шығындар кіреді. Топ, үкімет лицензия берілгенге дейін лицензияланған аумақтарға қатысты шеккен тарихи шығындарды өтеуге міндетті. Аталған тарихи шығындар, лицензияның қолдану мерзімі ішінде өндірілетін төлемдердің келтірілген құнына тең міндеттемелерді тиісінше мойындаумен сатып алынған заттың құны ретінде мойындалады.

Жер қойнауын пайдалану құқықтар, уранды өндіруді бастау сәтінен бастап, расталған қорға сүйеніп, өндірістік әдісі бойынша амортизацияланады.

Қорлардың есептесуі жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қор туралы есептемелерге негізделген. Қор туралы аталған есептемелер құзыретті органмен бекітілген және онда жылдар бойынша күтілетін өндіру көлемі туралы егжей-тегжейлі ақпарат ұсынылған техникалық-экономикалық модельдерге қосылады.

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### **Барлау және бағалау активтері**

Барлау және бағалау активтері, қажет болған кезде, құнсыздануға деген резервті есептен шығарып бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Топ барлау және бағалау бойынша активтерді сатып алынған активтер сипаттамасына сәйкес материалдық және материалдық емес активтерге жіктелінеді.

Барлау және бағалау активтерге Топ нақты аумақты барлауға арналған заңды құқықтарын алғанынан кейін және барлау жұмыстарына жататын геологиялық және геофизикалық зерттеулер, барлау ұңғымаларын бұрғылау және басқа да үстеме шығындар сияқты коммерциялық тұрғыдан ұтымды өндірісті жүзеге асыру мүмкіндігі бекітілгеніне дейін капиталдандырылған шығындар кіреді.

Жер қойнауы құқығын алғанға дейінгі қызмет барлауға дейінгі қызмет деп саналады. Барлау кезеңіне дейінгі қызмет бойынша барлық шығындар оларды шеккенге қарай кезеңнің шығыстарына жатқызылады және мынадай жобалау жұмыстары, жобаның техникалық-экономикалық бағалауы және барлауға дейінгі қызметпен байланысты өзге табыс шығыстары сияқты шығындар кіреді. Барлау және бағалау кезеңі аяқталғаннан кейін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасасу немесе ұзарту туралы шешім барлау жетістіктеріне және минералдық ресурстарды бағалауға және өндіру кезеңіне өту (әзірлеу) туралы Топтың шешіміне тәуелді.

Материалдық барлау және бағалау уранды шығару тиімділігін көрсеткеннен кейін өндіріске дайындалу бойынша шығындарға аударылады және , активтері расталған қорға сүйеніп, өндірістік әдіс бойынша амортизацияланады. Экономика түрінде дәлелденген жер бетіне көтерілетін қорларды («дәлелденген қорларды» немесе «коммерциялық қорларды») тапқан жағдайда барлау және бағалау бойынша материалдық емес активтер жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу шығындары ретінде қайта сипатталады. Тиісінше, Топ барлау және бағалау бойынша активтерді экономика түрінде дәлелденген жер бетіне көтерілетін қорларды («дәлелденген қорларды» немесе «коммерциялық қорларды») тапқан сәтіне дейін амортизацияланбайды. Егер экономикалық түрде негізделген жер бетіне көтерілетін қорлар табылмаса, барлау және бағалау активтері шығынға жатады.

Топ, активтердің құнсыздануын көрсететін фактілер мен жағдайлар болған кезде, барлау және бағалау бойынша активтерді құнсыздану мәніне тексереді. Құнсызданудан болған шығын барлау мен бағалау бойынша активтердің баланстық құны оның өтелетін сомасынан асатын сомада мойындалады. Өтелетін сома екі мөлшерлеменің ең көбі деп мойындалады: өткізу бойынша шығындарды және пайдаланудағы құнын есептен шығарып, барлау және бағалау бойынша активтердің әділ құны.

Төмендегі фактілердің немесе міндеттемелердің бірі немесе одан көбінің бар болуы Топ барлау және бағалау бойынша өз активтерін құнсыздану мәніне (тізімі жеткілікті болып табылмайды) тексеруге міндетті екенін білдіреді:

- жақын арада біткен немесе бітетін кезең, ол ішінде Топтың белгіленген телімде барлауды жүргізуге арналған құқығы бар;
- белгіленген телімдегі минералдық ресурстарды болашақ барлауға және бағалауға арналған елеулі шығыстар бюджетке кіргізілмеген және жоспарда жоқ;
- белгіленген телімдегі минералдық ресурстарды барлау және бағалау минералдық ресурстардың коммерциялық тұрғыдан ұтымды көлемін анықтауға жеткізген емес, және Топ белгіленген телімдегі осындай қызметті тоқтатуға шешті;
- Топтың, белгіленген телімді әзірлеу мүмкіндігіне қарамастан, барлау және бағалау бойынша активтердің баланстық құны, мүмкін, нәтижелі әзірлеу немесе іске асырылуы нәтижесінде толық көлемінде өтелмейтіні туралы жеткілікті деректері бар.

#### **Қаржылық емес активтердің құнсыздануы**

Әрбір есеп беру кезеңінің аяғында басшылық қаржылық емес активтердің (қордан және кейінге қалдырылған салық активтерінен айырмашылығы бар) құнсыздану белгілері бар екенін анықтайды. Осындай кез келген белгі анықталса, басшылық өтелетін құнын бағалайды, ол екі мөлшердің ең көбі ретінде айқындалады: активті сатуға кеткен шығыстарды алып тастағандағы әділ құнының (бағалау күніне нарықтың қатысушылары арасында ерікті түрде өткізілген операция барысындағы міндеттемелерді өткізу кезінде төленген немесе активті сатуда алуға болатын бағасы) және оны пайдалану құндылығы (яғни, ақшалай ағымдарды өндіретін, сәйкес келетін нысан бойынша болашақта күтілетін ақшалай ағымдардың таза келтірілген құны). Пайдалану құндылығын бағалау кезінде, бағаланатын болашақ ақшалай қаражат ағымдары дисконт мөлшерлемесін салық салуға дейін пайдаланумен қоса олардың келтірілген сомасына дейін дисконтталады, ол уақытша ақша құнына және, болашақ ақшалай ағымдарын бағалау кезінде оларға түзетулер жүргізілмеген, аталған активтер тәуекелдеріне тән қолданып жатқан нарық бағалауын білдіреді.

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Бөлек активтің өтелетін сомасын бағалау мүмкін емес болса, Топ аталған актив тиесілі бірліктің ақшалай ағымын генерирлейтін өтелетін соманы бағалайды. Ақшалай ағымдарын өндіретін нысан (генерирлеуші бірлік) – бұл ең аз айқындалатын активтер тобы, ол ақшалай ағымын өндіреді, және олар өзге активтерден немесе активтер тобынан түскен ақшалай ағымдарынан елеулі дәрежеде тәуелді емес. Генерирлеуші бірліктерді анықтау қағидасы 4 Ескертуде ұсынылған.

Құнсыздану мәніне тексеруді жүргізу кезінде қолданылатын бағалау мәні кен орнын өзірлеудің егжей-тегжейлі жоспарына және «Активтердің құнсыздануы» 36 (IAS) ХҚЕС талаптарына сәйкес келтірілген жұмыс бюджетіне негізделген. Болашақ ақшалай ағымдар мыналарға негізделген:

- есептесу резерв көлеміне, олар бойынша экономикалық тұрғыдан негізделген алудағы жоғары дәрежедегі сенімділік бар;
- болашақ өндіріс көлеміне;
- болашақ тауар бағаларына (ағымдағы нарық бағалардың, үш жылдан бес жылға дейінгі мерзім ішінде,Топпен есептелген ұзақ мерзімді перспективадағы орташа бағадан айырмашылығы болмаған жағдайда), сондай-ақ
- болашақ өндірістің өзіндік құнына және өзге де операциялық және капиталдық шығындарға.

Активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асатын болса, активтің құнсыздануы мойындалады, және құнсызданудан болған шығын, шоғырландырылған қаржылық жағдай туралы есептілікте көрсетілген баланстық құнын активтің өтелетін құнына дейін азайту мақсатында, жылдағы кіріс немесе шығыстарда көрсетіледі. Активтердің өткен есеп беру кезеңдерінде мойындалған құнсыздануынан болған шығын қалпына келтіріледі (қажет болған кезде), егер де активті немесе оның сатуға кеткен шығыстарын есептемегенде, әділ құнын пайдаланудан болған құндылықты айқындау кезінде бастапқы пайдаланған есептеу бағалары өзгерген болса. Аталған қалпына келтіру мөлшері, алдыңғы жылдары құнсызданудан ешбір шығын мойындалмаған болған жағдайда айқындалуы мүмкін тозуды есептен шығарып, баланстық құнының сомасымен шектелген.

#### ***Операциялық жалға алу***

Топ, активтердің иесі болуына байланысты емес іс жүзінде барлық тәуекелдер мен түскен ақшалай түсімдерді жалға алушыдан Топқа тапсыруды көздемейтін, жалға алу шарт бойынша жалға алушы болған жағдайда жалға алу төлемдердің жалпы сомасы барлық жалға алу мерзімі ішінде тозымпұлды желілік әдіспен жылдағы кіріс пен шығысқа көрсетіледі. Жалға алу мерзімі - бұл жалға алушы активтерді жалға алу туралы шартты жасасқан, мерзімінен ерте тоқтатуға жатпайтын кезең, сондай-ақ жалға алушы қосымша төлеп немесе онсыз да активті жалға алу құқығы бар қосымша кезеңдер, егер де жалға алудың бастапқы күніне жалға алушымен осындай құқық іске асырылатынына жеткілікті сенімі болса.

#### ***Табыс салығы***

Табыс салығы қаржылық есептілікте, есептеме кезеңінің аяғында қолданылатын заңнаманың талаптарына сәйкес көрсетіледі. Табыс салығы бойынша шығыстарға (өтеулерге) ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар кіреді және жылдағы кіріс пен шығысқа көрсетіледі, егер де олар өзге жиынтық табыс құрамында немесе қандай болса да басқа есеп беру кезеңдегі капиталда тікелей көрсетілетін операцияларға жататынына байланысты капиталда тікелей көрсетілмеуге тиіс болса.

Ағымдағы салық, ағымдағы және алдағы кезеңдердегі салық салынатын кіріске немесе шығысқа қатысты салық органдарына (салық органдары есебінен өтеледі) төленеді деп күтілетін соманы білдіреді. Салық салынатын кірістер немесе шығыстар есептесу бағалау негізінде есептеледі, егер де қаржылық есептілікті тиісті салық декларацияларын бергенге дейін бекітілетін болса. Табыс салығынан айрықша салықтар операциялық шығыстар құрамында көрсетіледі.

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Кейінге қалдырылған салық болашақ кезеңге қалдырылған салық шығындарға және активтер мен міндеттемелердің баланстық базасы және олардың қаржылық есептіліктегі баланстық құны арасындағы уақытша айырмашылықтарына қатысты баланстық міндеттемелер әдісімен есептеледі. Бастапқы мойындалуы бар ерекшелікке сәйкес, кейінге қалдырылған салықтар, бизнесті біріктірумен байланысты емес операциялар бойынша міндеттемелерді немесе активтерді бастапқы мойындалуы кезінде туындайтын уақытша айырмашылықтарға қатысты мойындалмайды, егер де осындайлар бухгалтерлікке де, салық салынатын пайдаға да ықпал етпесе. Кейінге қалдырылған міндеттемелер гудвилды бастапқы мойындау кезінде туындайтын уақытша айырмашылықтарға қатысты, және әрі қарай салық салынатын пайданы азайтпайтын гудвилге қатысты есептелмейді. Кейінге қалдырылған баланстық құны есеп беру кезеңінің аяғында әрекет етілетін салық мөлшерлемесін қолданып есептеледі және, олар күтілетіндей, уақытша айрықшаларды қалпына келтіру немесе болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық шығындары кезеңде қолданылатын болады. Кейінге қалдырылған салық активтері Топтың әр бір бөлек кәсіпорны шеңберінде ғана кейінге қалдырылған салық міндеттемелерге қарсы есептелуі мүмкін. Барлық есептен шығарылатын уақытша айырмашылыққа және салық шығындардың болашақ кезеңдеріне ауыстырылғандарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтері, есептен шығарылатын айырмашылықты есептеуге болатынына қарсы салық салынатын пайданы болашақта алу мүмкіндігі бар дәрежеде ғана мойындалады.

Топ, еншілес кәсіпорындардың дивидендтеріне арналған салықтарға немесе оларды сатудан түскен табысқа жататын уақытша айырмашылықты бақылайды. Топ осындай уақытша айырмашылық бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелерді білдірмейді, бұған басшылық жақын арадағы болашақта уақытша айырмашылықты қалпына келтірілуін күтетін жағдайлар кірмейді.

Топтың айқындалмаған салық позицияларын басшылық әрбір есеп беру кезеңінің аяғында бағалайды. Табысқа арналған салық бойынша позицияларға қатысты көрсетілетін міндеттемелер, қосымша салық міндеттемелердің туындау мүмкіндігі бар деп басшылық санаған жағдайларда ескеріледі, егер де Топтың салық позициясы олардың жоқ болу мүмкіндігінен жоғары деп салық органдары келіспеген болса. Осындай бағалау, қолданыстағы немесе есеп беру кезеңінің аяғында қолданыстағы салық заңнаманы, сондай-ақ соттың кез келген белгілі қаулылары немесе ұқсас мәселелер бойынша өзге де шешімдерді талқылау негізінде жүргізіледі. Табыстың салығын қоспағанда, айыппұл, өсімақы мен салықтар бойынша міндеттемелер есеп беру кезеңінің аяғындағы міндеттемелерді реттеу үшін қажетті шығыстарды басшылықпен ең жоғары бағалау негізінде көрсетіледі.

#### ***Дебиторлық берешек***

Сауда дебиторлық берешек бастапқыда тиімді пайыздық мөлшерлеме әдістемесін қолданып есептелген өділ құн бойынша, содан кейін амортизациялау құны бойынша ескеріледі.

#### ***Қорлар***

Қорлар ең аз деген екі мөлшерлеме бойынша есептеледі: өзіндік құны бойынша және сатудың таза бағасы бойынша. Қордың өндіріске жіберілген және өзге есептен шығып кеткен кезінде оларды бағалау орташа өлшенген құны әдісі бойынша жүргізіледі. Дайын өнімнің және ақталмаған өндірістің өзіндік құнына шикізат пен материал құны, өндірістік жұмысшылардың еңбек ақыларын төлеуге кеткен шығындар және тікелей шығындар, сондай-ақ өндірістік үстеме шығындардың тиісті үлесі (өндірістік қуаттарын нормативтік пайдалану негізінде есептелген) кіреді, және қарыз қаражаттар бойынша шығыстар кірмейді. Сатудың таза бағасы – бұл, өндірісті аяқтауға деген есептескен шығындарды және сату үшін шегеруге қажет есептесу шығындарды есептен шығарып, қарапайым қызмет барысындағы есептесу сату бағасы.

#### ***Амортизацияланған құны бойынша көрсетілген қаржы активтерінің құнсыздануы***

Құнсызданудан болған шығындар, қаржы активтердің бастапқы мойындалғанынан кейін орын алған және, қаржы активтерімен немесе жеткілікті сенім дәрежесімен бағалануы мүмкін қаржы активтер тобымен байланысты болашақ ақшалай қаражат ағымының мөлшерлемесіне немесе мерзіміне ықпал ететін, бір немесе бірнеше жағдай («шығынға әкеліп соғатын жағдайлар») нәтижесінде олардың туындауына қарай кіріс пен шығысқа мойындалады. Топтың жеке бағаланған қаржы активі үшін құнсызданудың объективті дәлелдері болмаса (оның маңыздылығына тәуелді емес), бұл актив кредиттік тәуекелдердің ұқсас сипаттамасымен қаржы активтер тобына кіргізіледі және солармен қоса құнсыздану мәніне бағаланады. Қаржы активінің құнсыздануы туралы мәселені қараған кезде Топ назарына алатын негізгі факторлар оның мерзімінен өткен мәртебесі және, осындай болған кезде, қамтамасыз етуді іске асыру мүмкіндігі болып табылады. Төменде, өзге негізгі критерийлер атап өтілген, олардың негізінде құнсызданудан болған шығындардың объективті белгілердің бар болуы айқындалады:

- кез келген кезекті төлемнің мерзімін өткізіп алу, осымен қатар уақытында төлемеу есептесу жүйе жұмысының кешіктіруімен түсіндірілмейді;



### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

- контрагент елеулі қаржы қиыншылықтарын сезінеді, бұл Топтың қарауындағы контрагент туралы қаржы ақпаратымен растау;
- контрагент банкротқа ұшырағанын немесе қаржылық қайта құрылуын жария етуін қарастыру;
- контрагенттің төлемдік мәртебесінің қолайсыз өзгеруі, бұл контрагентке ұлттық немесе жергілікті экономикалық жағдайлардың өзгеруінің ықпалымен негізделеді; немесе
- қамтамасыз ету құны, бар болған кезде, нарықтағы жағдайдың нашарлауы нәтижесінде елеулі төмендейді.

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін құнсызданған қаржы активтің жағдайы келіссөздер қорытындыларында қайта қарастырылып жатса немесе контрагенттің қаржылық қиыншылықтарына байланысты қандай да өзге түрінде өзгертіліп жатса, құнсызданудың жағдайды қайта қарағанға дейінгі бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені қолданып, айқындалады. Осыдан кейін жағдайы қайта қаралған қаржы активтердің мойындалуы тоқтатылады да әділ құны бойынша жаңа актив мойындалады, бірақ, егер де аталған активпен байланысты тәуекелдер мен ақшалай пайдасы елеулі өзгерген болса. Бұл, келтірілген бастапқы және күтілетін жаңа ақшалай қаражат ағымдарының арасындағы елеулі айырмашылықпен расталады.

Құнсызданудан болған шығындар, активтің баланстық құнын, аталған актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып дисконтталған, күтілетін ақшалай қаражат ағымдарының (өлі шекпеген кредиттік болашақ шығындар оған кірмейді) келтірілген құнына келтіретін сомада резервті құру арқылы ылғи да мойындалады. Кепілзат мәніне арналған өндіріп алу айналымының мүмкіндігі дәрежесіне тәуелсіз, қамтамасыз етуді алуға және сатуға арналған шығындарды есептен шығарғанда, кепілзатпен қамтамасыз етілген қаржы активінің күтілетін ақшалай қаражат ағымдарының келтірілген құнын есептесуге ақшалай қаражат ағымдары кіреді, олар кепілзат мәніне өндіріп алудың айналымы нәтижесінде туындауы мүмкін.

Егер болашақ кезеңде құнсызданудан болған шығынның сомасы төмендесе, және бұл төмендеу құнсыздану мойындалғанынан кейін болған жағдайға жатқызылуы мүмкін (дебитордың кредиттік рейтингісі жоғарлауы ретінде), бұрында құнсызданудың көрсетілген шығысы жылдағы кіріс пен шығыс арқылы құрылған резервтің көмегімен қалпына келтіріледі.

Өткізілуі мүмкін емес және оларға қатысты барлық қажетті процедуралар толық немесе ішінара өтеу мақсатымен аяқталып шығыстың ақырғы сомасы айқындалған активтер құнсыздануға арнап құрылған резерв есебінен есептен шығарылады. Бұрында есептен шығарылған сомаларды болашақта қалпына келтіру жылдағы кіріс немесе шығыс құрамында құнсызданудан болған шығын есебіне есептеледі.

#### ***Алдын ала төлем***

Құнсыздануға арналған резервті шығарып тастағанда, алдын ала төлем іс жүзіндегі шығыстар бойынша есептілікте көрсетіледі. Алдын ала төлем ұзақ мерзімді болып жіктелінеді, егер де оған қатысты тауарлар мен қызметтерді алудың күтілетін мерзімі бір жылдан аспаса, немесе алдын ала төлем бастапқы мойындалу кезінде ұзақ мерзімді болып есепте көрсетілетін активке кіретін болса. Активті алуға арналған алдын ала төлем сомасы оның баланстық құнына Топ осындай активтерге бақылауды алған кезінде және онымен байланысты болашақ экономикалық пайдалар Топпен алынатын мүмкіндік бар болған кезде кіргізіледі. Өзге алдын ала төлемдер тауарлар мен қызметтерді алу кезінде оған қатысты кіріс немесе шығыстар тізіміне кіргізіледі. Алдын ала төлеуге жататын активтер, тауарлар немесе қызметтер төленбейді деген белгісі болса, алдын ала төлемнің баланстық құны есептен шығаруға жатады, және құнсызданудан болған тиісті шығыс жылдағы кіріс пен шығысқа қосылады. Ұзақ мерзімді алдын ала төлемдер дисконтталмайды.

#### ***Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары***

Ақшалай қаражаттар мен олардың баламаларына кассадағы, талап етілгенге дейін банк шоттарындағы ақшалай қаражат және үш айдан аспайтын шарт бойынша бастапқы өтеу мерзімі мен басқа да қысқа мерзімді жоғары өтімділік инвестициялар кіреді. Ақшалай қаражаттар мен олардың баламаларымен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген амортизациялық құны бойынша ескеріледі.

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

- контрагент елеулі қаржы қиыншылықтарын сезінеді, бұл Топтың қарауындағы контрагент туралы қаржы ақпаратымен растау;
- контрагент банкротқа ұшырағанын немесе қаржылық қайта құрылуын жария етуін қарастыру;
- контрагенттің төлемдік мәртебесінің қолайсыз өзгеруі, бұл контрагентке ұлттық немесе жергілікті экономикалық жағдайлардың өзгеруінің ықпалымен негізделеді; немесе
- қамтамасыз ету құны, бар болған кезде, нарықтағы жағдайдың нашарлауы нәтижесінде елеулі төмендейді.

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін құнсызданған қаржы активтің жағдайы келіссөздер қорытындыларында қайта қарастырылып жатса немесе контрагенттің қаржылық қиыншылықтарына байланысты қандай да өзге түрінде өзгертіліп жатса, құнсызданудың жағдайды қайта қарағанға дейінгі бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені қолданып, айқындалады. Осыдан кейін жағдайы қайта қаралған қаржы активтердің мойындалуы тоқтатылады да әділ құны бойынша жаңа актив мойындалады, бірақ, егер де аталған активпен байланысты тәуекелдер мен ақшалай пайдасы елеулі өзгерген болса. Бұл, келтірілген бастапқы және күтілетін жаңа ақшалай қаражат ағымдарының арасындағы елеулі айырмашылықпен расталады.

Құнсызданудан болған шығындар, активтің баланстық құнын, аталған актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып дисконтталған, күтілетін ақшалай қаражат ағымдарының (әлі шекпеген кредиттік болашақ шығындар оған кірмейді) келтірілген құнына келтіретін сомада резервті құру арқылы ылғи да мойындалады. Кепілзат мәніне арналған өндіріп алу айналымының мүмкіндігі дәрежесіне тәуелсіз, қамтамасыз етуді алуға және сатуға арналған шығындарды есептен шығарғанда, кепілзатпен қамтамасыз етілген қаржы активінің күтілетін ақшалай қаражат ағымдарының келтірілген құнын есептесуге ақшалай қаражат ағымдары кіреді, олар кепілзат мәніне өндіріп алудың айналымы нәтижесінде туындауы мүмкін.

Егер болашақ кезеңде құнсызданудан болған шығынның сомасы төмендесе, және бұл төмендеу құнсыздану мойындалғанынан кейін болған жағдайға жатқызылуы мүмкін (дебитордың кредиттік рейтингісі жоғарлауы ретінде), бұрында құнсызданудың көрсетілген шығысы жылдағы кіріс пен шығыс арқылы құрылған резервтің көмегімен қалпына келтіріледі.

Өткізілуі мүмкін емес және оларға қатысты барлық қажетті процедуралар толық немесе ішінара өтеу мақсатымен аяқталып шығыстың ақырғы сомасы айқындалған активтер құнсыздануға арнап құрылған резерв есебінен есептен шығарылады. Бұрында есептен шығарылған сомаларды болашақта қалпына келтіру жылдағы кіріс немесе шығыс құрамында құнсызданудан болған шығын есебіне есептеледі.

#### ***Алдын ала төлем***

Құнсыздануға арналған резервті шығарып тастағанда, алдын ала төлем іс жүзіндегі шығыстар бойынша есептілікте көрсетіледі. Алдын ала төлем ұзақ мерзімді болып жіктелінеді, егер де оған қатысты тауарлар мен қызметтерді алудың күтілетін мерзімі бір жылдан аспаса, немесе алдын ала төлем бастапқы мойындалу кезінде ұзақ мерзімді болып есепте көрсетілетін активке кіретін болса. Активті алуға арналған алдын ала төлем сомасы оның баланстық құнына Топ осындай активтерге бақылауды алған кезінде және онымен байланысты болашақ экономикалық пайдалар Топпен алынатын мүмкіндік бар болған кезде кіргізіледі. Өзге алдын ала төлемдер тауарлар мен қызметтерді алу кезінде оған қатысты кіріс немесе шығыстар тізіміне кіргізіледі. Алдын ала төлеуге жататын активтер, тауарлар немесе қызметтер төленбейді деген белгісі болса, алдын ала төлемнің баланстық құны есептен шығаруға жатады, және құнсызданудан болған тиісті шығыс жылдағы кіріс пен шығысқа қосылады. Ұзақ мерзімді алдын ала төлемдер дисконтталмайды.

#### ***Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары***

Ақшалай қаражаттар мен олардың баламаларына кассадағы, талап етілгенге дейін банк шоттарындағы ақшалай қаражат және үш айдан аспайтын шарт бойынша бастапқы өтеу мерзімі мен басқа да қысқа мерзімді жоғары өтімділік инвестициялар кіреді. Ақшалай қаражаттар мен олардың баламаларымен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген амортизациялық құны бойынша ескеріледі.

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### ***Сатуға арналған категорияларға жатқызылған ұзақ мерзімді активтер***

Ұзақ мерзімді активтер және есептен шығарылатын топтар (ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді активтерге енгізілуі мүмкін), егер олардың теңгерімділік құны есепті күннен соң 12 айдың ішінде (активтер тиесілі еншілес кәсіпорнына бақылауды жоғалтып алуды қоса) ең алдымен сату есебінен өтелетін жағдайда, «сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер» ретінде қаржы жағдайы туралы есебінде көрсетіледі. Активтерді сыныптау төменде көрсетілген барлық шарттардың бар болуы кезінде өзгертуге жатады: (а) активтер олардың ағымдағы жағдайында жедел сатуға дайын; (б) Топ басшылығы сатып алушыны іздестірудің қолданыстағы бағдарламасын бекітті және оны іске асыруға кірісті; (в) активтерді негізделген бағамен сату бойынша белсенді қызмет жүргізілуде; (г) сату бір жылдың ішінде күтілуде, және (д) сату жоспарында елеулі өзгерістер немесе оның күшін жою күтілмейді.

Сатуға арналған деп ағымдағы есепті кезеңдегі қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есебінде сыныпталған ұзақ мерзімді активтер немесе есептен шығарылатын топтар ағымдағы есепті кезеңнің соңындағы жіктеуге сәйкес келтіру үшін өзге санатқа аударуға жатпайды және қаржылық жағдайы туралы есептің салыстырмалы деректерін ұсыну нысанын өзгертпейді.

Есептен шығарылатын топ осы операцияның нәтижесінде берілетін, осы активтермен тікелей байланысты бір операцияның, және міндеттеменің нәтижесіндегі топ ретінде, сату немесе өзге тәсіл арқылы есептен шығарылатын (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) активтер тобы ретінде көрсетіледі. Егер есептен шығарылатын топ сатып алу кезінде гудвил бөлінген ақшалай қаражаттарды өндіруші бірлік болып табылған жағдайда, гудвил есептен шығарылатын топтың құрамында есептелінеді. Есепті күннен соң 12 айдан астам мерзімде өтелетін немесе алынатын деп күтілетін сомаларды қамтитын активтер ұзақ мерзімді активтер болып есептелінеді. Сыныптаманы өзгерту қажеттілігі туындаған жағдайда, активтердің қысқа мерзімді де, және ұзақ мерзімді бөлігінде де осындай өзгерістер жүргізіледі.

Сатуға арналған есептен шығарылатын топтар жалпы кем дегенде екі қосынды бойынша бағаланады: сату шығындарын есептен шығара теңгерімділік құны және әділ құны. Сатуға ұсталынған негізгі құрал-жабдықтар амортизацияланбайды. Реклассификацияланған ұзақ мерзімді қаржы құралдары сату шығындарын есептен шығара теңгерімділік құны мен әділ құнының ең аз құнына дейін есептен шығаруға жатпайды.

Есептен шығарылатын топпен тікелей байланысты және есептен шығарылған кезде берілетін міндеттемелер реклассификацияға жатады және қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте жеке жол болып көрсетіледі.

#### ***Акционерлік капитал***

Қарапайым акциялар капитал ретінде көрсетіледі. Жаңа акцияларды тікелей шығаруға жататын қосымша шығындар шығарудан алынған соманы (салықты есептен шығарып тастап) азайту ретіндегі капитал құрамында көрсетіледі. Алынған қаражаттың әділ құнының сомасын шығарылған акциялардың номиналдық құнынан арттыру капиталда эмиссиялық табыс ретінде көрсетіледі. Қосымша төленген капитал негізінде иеліктің бақыламайтын үлесімен өз үлесінен асыра жасалған салымды көрсетеді.

#### ***Дивидендтер***

Дивидендтер міндеттемелер ретінде көрсетіледі және олар жарияланып, мақұлданған сол кезеңдегі капиталдың сомасынан есептен шығарылады. Есептемелік күнінен кейін, бірақ қаржылық есептілікті бекіту күніне дейін, жария етілген дивидендтер туралы ақпарат «Есептемелік кезеңнің аяқталуынан кейінгі жағдайлар» ескертуде көрсетіледі.

#### ***Қосымша құн салығы***

Өткізу кезінде туындайтын қосымша құн салығы (ҚҚС) тауарлар тиеп-жіберілген немесе қызметтер көрсетілген кезде салық органдарына төлеуге жатады. Алу бойынша ҚҚС жеткізушіден салық шот-фактурасын алған кезде өткізу бойынша ҚҚС-мен қоса есептеуге жатады. Салық заңнамасы ҚҚС-ын есептеуге рұқсат етеді. Тиісінше, есептемелік күніне есептелмеген, өткізу және алу операциялары бойынша ҚҚС әрбір шоғырландырылған кәсіпорын үшін жеке тежелген қаржы жағдай туралы шоғырландырылған есептемеде мойындалған. Өтелетін ҚҚС айналымынан тыс актив болып жіктелінеді, егер де есептемелік кезең аяқталу сәтінен бастап бір жыл ішінде ертең ол бойынша қайтару күтілмейтін болса. Ұзақ мерзімді ҚҚС дисконтталмайды.

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### ***Кредиттер мен қарыздар***

Кредиттер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданып амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

Активті алуға, құрылысына немесе өндірісіне, оның маңызы бойынша пайдалануға немесе сатуға дайындау міндетті түрде елеулі уақытты талап ететін (белгілі талаптарға сай келетін актив), алуға тікелей жататын қарыздар бойынша шығындар капитализациясының басталуы 2009 жылғы 1 қантарға немесе келесі датаға келетін осындай активтер құны құрамына кіреді.

Капитализацияның басталу датасы (а) Топ, белгілі талаптарға сай келетін, активтермен байланысты шығыстарды шегереді; және (в) ол активті маңызы бойынша пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін қажетті әрекетті жасайды. Қарыз бойынша шығындарды капиталдау, активті маңызы бойынша пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін қажетті барлық жұмыстар іс жүзінде аяқталған күніне дейін жалғасады.

Топ белгілі талаптарға сай келетін, активтер бойынша күрделі шығындарды жасамағанда, болдырмауға болатын кредиттер мен қарыздар бойынша шығындарды капиталдайды. Қарыздар бойынша капиталдырылған шығындар Топты орташа қаржыландыру құны негізінде есептеледі (орташа өлшенген пайыздық шығыстар жіктелген активтер шығыстарына қолданылады), бұған белгілі талаптарға сай келетін, активтерді алу үшін қаражатты қарызға алу жағдайы кірмейді. Бұл болса, осы қарыз бойынша кезең ішіндегі шеккен іс жүзіндегі шығындар капиталдырылады, осы қарыздық қаражатты уақытша инвестициялаудан түскен кез келген инвестициялық табысты есептен шығарғанда.

#### ***Кредиторлық берешек***

Сауда кредиторлық берешек контрагент өзінің шарттық міндеттемелерін орындау фактісі бойынша есептеледі және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданып амортизациялық құны бойынша ескеріледі.

#### ***Өзге міндеттемелер және төлемдер бойынша резервтер***

Міндеттемелер және төлемдер бойынша резервтер айқындалмаған орындалу мерзімі мен немесе мөлшерімен қоса қаржылық емес міндеттемелерді білдіреді. Олар Топтың қандай да өткен жағдайдың әсерінен міндеттемелері бар болса (заңдылық немесе конклюденттік) есептеледі, оларды реттеу үшін жоғары мүмкіндік дәрежесімен ресурстардың істен шығып кетуі талап етіледі, және міндеттеменің мөлшерін жеткілікті сенімділік дәрежесімен ақшалай көрсеткішпен бағалауға болады. Топтың резервтеріне кен орындарын қалпына келтіру резерві, қоршаған ортаны қорғау резерві және өзге де резервтер қосылады (35 Ескерту).

#### ***Кен орындарын қалпына келтіруге арналған резерв***

Активтерді жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелер олардың туындауы мүмкін болған кезде және олардың сомасының негізделген бағалауы мүмкін болған кезде мойындалады. Активтердің істен шығуы бойынша шығындар құрамына ғимараттарды рекультивациялау мен жоюға (ғимараттарды, үй-жайларды және инфрақұрылым нысандарын қирату, машиналар мен жабдықтарды демонтаждау, қалдық материалды шығару, қоршаған ортаны тазалау, тасталымдарға мониторинг жүргізу және бұзылған жерлерді қалпына келтіру) арналған шығындар кіреді. Негізгі құрал-жабдықтарды демонтаждау мен орын ауыстыруға есептелген шығындар осы негізгі құрал-жабдықтарды алу сәтіндегі, немесе, кен орындарын әзірлеу барысында жерді бұзудың немесе қоршаған ортаны ластандырудың тиісті фактісінен туындайтын міндеттеме пайда болған кезең ішінде, болашақ бағаланған шығындардың дисконтталған құны негізінде, өндірісті дайындау шығындар құнына қосылады. Тиісті шығындардың есептесу мерзімінің немесе сомасының өзгерілуі нәтижесінде, немесе дисконттық мөлшерлеменің өзгеру нәтижесінде туындаған міндеттемелерді бағалаудағы өзгерістер негізгі құралдар немесе өндіріске дайындау бойынша шығындар құрамындағы тиісті активтің ағымдағы кезеңдегі құнын түзетуі ретінде көрсетіледі. Бұл шығындар болашақта, аталған активтерге сай келетін амортизация әдісін қолданып, активтердің пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде амортизацияланады.

Активтерді жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге арналған резервтерге бұзушылық немесе болашақта келтірілген шығындар фактілерімен байланысты туындаған қандай-да қосымша міндеттемелер кіреді. Шығындар соманың бағалау мәні, мысалы, активтердің жаңартылған бағалау сомасының және қайта қаралған пайдалану мерзімдерінің, және тұрақты негізінде ресми түрдегі тексерулерді жүргізіп операциялық қызметтің белгіленген мерзімдерінің белгілі өзгерістерін ескеріп, пайдаланылуына қарай жыл сайын есептеледі. Қажетті шығындардың нақты қорытынды сомасы белгілі еместігіне қарамастан, Топ өз шығындарын, техникалық-экономикалық негіздемеге және инженерлік зерттеулерге сүйеніп, қолданыстағы техникалық қағидаларға және рекультивация жұмыстарын жүргізу нормалары мен қалпына келтіру әдістеріне сәйкес бағалайды.

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Резервтің дисконтталған құнын айқындау кезінде қолданылатын дисконттың амортизация немесе «алып тастау» сомасы әрбір есеп беру кезеңі қызметінің қорытындысына жатады. Дисконт амортизациясы қаржы шығындар құрамында көрсетіледі.

#### **Қаржы кепілдіктері**

Қаржы кепілдіктері – бұл қайтарылмайтын шарттар, олар Топтан, тиісті дебитор қарыз құралының шарттары бойынша уақытылы төлемді жасамаған жағдайда, кепілдерді ұстаушы шеккен шығындарды өтеу бойынша айқындалған төлемдердің жүзеге асырылуын талап етеді. 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап бастапқыда қаржы кепілдіктері адетте алынған комиссия сомасына тең әділ құны бойынша көрсетіледі. Аталған сома кепілдіктің қолданыс мерзімінде желілік әдіспен амортизацияланады. Кепілдіктің әрбір есепті күніне екі соманың үлкені: (i) бастапқы тану кезінде көрсетілген өзі амортизацияланбаған сома; және (ii) есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша міндеттемелерді реттеу үшін қажетті шығыс сомасының есепті бағалауының ең жақсысы бойынша бағаланады.

#### **Шетелдік валюталарды қайта есептеу**

Негізгі экономикалық ортаның валютасы Топтың әрбір шоғырланған кәсіпорынның функционалды валютасы болып табылады, ол ортада аталған кәсіпорын өз қызметін жүзеге асырады. Қазақстан теңгесі – Қазақстанның ұлттық валютасы, Компанияның және оның қазақстандық еншілес кәсіпорындарының функционалды валютасы болып және Топтың есептемені ұсыну валютасы болып табылады. Теңгенің басқа валютаға конвертациялауына қатысты валюталық бақылау ережесі қолданылады. Қазіргі кезде теңге Қазақстан Республикасынан тыс жерде еркін конвертациялау валютасы болып табылмайды.

Ақшалай активтер мен міндеттемелер әрбір кәсіпорынның функционалды валютасына тиісті есептемелік кезеңнің аяғындағы нарық бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетелдік валютамен жасалған операциялар бойынша есептесуден және ақшалай активтер мен міндеттемелер әрбір кәсіпорынның функционалды валютасына тиісті есептемелік кезеңнің аяғындағы нарықтың ауыстыру бағамы бойынша қайта есептеуден болған оң және теріс бағам айырмашылықтары жылдағы пайдада немесе шығында көрсетіледі. Жыл аяғындағы бағамы бойынша қайта есептеу, тарихи құны бойынша өлшенетін баланстың сенімсіз баптарына қатысты жүргізілмейді.

Кредиттерді беру мен алуы Топтың ішінде кәсіпорындар арасында болатын, және оларға байланысты алынған оң және теріс бағам айырмашылықтар шоғырландыру кезінде алынып тасталады. Алайда, Топтың өртүрлі функционалды валютасы бар кәсіпорындар арасында беру мен алу жүргізілген жағдайда, оң және теріс бағам айырмашылықтар толық алынып тасталмайды және шоғырландырылған кірісте немесе шығыста мойындалады, бұған жақын арада кредиттің реттелуі күтілмейтін және шетелдік қызметке деген таза инвестициялардың бөлігін құрайтын жағдайлар кірмейді. Бұл жағдайда оң және теріс бағам айырмашылықтары өзге жиынтық табыстың құрамында көрсетіледі.

Топтың әрбір кәсіпорнының жұмыс қорытындысы мен қаржы жағдай ұсыну валютасына мына тәрізді аударылады:

- қаржы жағдайы туралы ұсынылған есептеменің әр қайсысындағы активтер мен міндеттемелер тиісті есеп беру кезеңінің аяғындағы жабу бағамы бойынша қайта есептелінеді;
- табыстар мен шығыстар орташа ауыстыру бағамы бойынша ауыстырылады (аталған орташа бағам операциялар күніне орай жинақталған бағам пайдасына негізделіп жақындатылған болып табылмаса, онда табыс пен шығыстар операция күніндегі бағам бойынша қайта есептелінеді);
- капитал компоненттері бастапқы бағам бойынша қайта есептелінеді;
- аудару нәтижесінде барлық туындайтын бағам айырмашылықтар өзге жиынтық табыс құрамында мойындалады.

Шетелдік бөлімшеге деген бақылаудан айырылған жағдайда, бұрында өзге жиынтық табыста көрсетілген бағам айырмашылықтары, істен шығып кетуден болған кірістің немесе шығыстың бөлігі ретінде жылдағы кіріске немесе шығысқа ауыстырылуға тиіс. Еншілес кәсіпорынның бақылаудан айырылмай ішінара істен шығып кеткен жағдайда жинақталған бағам айырмашылықтардың тиісті бөлігі капиталдағы бақыланбайтын үлесіне аударылады.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы, шетелдік валютадағы шоттар бойынша қалдықтарды қайта бағалау үшін пайдаланылған жабу нарықтық ауыстыру бағамы 1 АҚШ долларына 333.29теңгені құраған болатын (2015 ж.: 1 АҚШ долларына 339.47теңге).

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### ***Ақшалай түсімді мойындау***

Тауарларды сатудан түскен ақша тауарлардың меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайдалардың өту сәтінде мойындалады. Топ тауарды белгіленген орынға дейін жеткізу міндеттемені өзіне алса, ақшалай түсім тауарды сатып алушыға жету орнында тапсыру сәтінде мойындалады.

Қызметтерді өткізу, шарт бойынша ұсынылуға тиісті жалпы қызметтер көлемінде іс жүзінде көрсетілген қызметтер үлесіне тепе-тең бағаланатын, нақты операцияның аяқталу кезеңіне сүйене отырып, аталған қызметтер көрсетілген сол есеп беру кезеңінде мойындалады.

Ақшалай түсім, ҚҚС-ты және жеңілдіктерді есептен шығарылып көрсетіледі. Ақшалай түсімнің мөлшерлемесі алынған немесе алуға жататын әділ өтеу құны бойынша айқындалады. Бартерлік мәміле бойынша алынған тауардың әділ құнын сенімді бағалау мүмкін болмай тұрса, онда әділ құны сатылған тауарлардың және қызметтердің әділ құны бойынша бағаланады.

Уран, тантал және бериллий өнімін жеткізу шарттары, негізінде, Incoterms жіктеліміне сәйкес, сатып алушылармен жасалған нақты сату шарттарымен айқындалады. Уран өнімін жеткізу Incoterms.шартымен тауарды іс жүзінде жеткізу күніне, немесе тапсырушымен айқындалған конвертор есебіне бук-трансфер жүзеге асырылады. Сонымен қатар бук-трансфер, бір мамандандырылған кәсіпорнында (конверсиондық/ре-консервиондық) бір тараппен көрсетілген материалдық шоттан уран материалын тізімнен шығару бойынша операция, және сол уақытта осындай материалды басқа тараппен көрсетілген шотқа жатқызуды білдіреді.

Электр энергияны, жылу энергияны және суды өткізуден түскен ақша, тұтынушыларға энергия ресурстары жеткізілімі іс жүзінде болған есеп беру айдың аяғындағы жағдайы бойынша өлшеу аспаптарының берілгендеріне сәйкес ай сайын есептеу әдісімен мойындалады. Электр энергияны, жылу энергияны және суды өткізуден түскен ақшаны есептеу тұтынушылар түрлері бойынша есепке алынады: жеке тұлғалар (халықтың қажеттілігі үшін) және заң тұлғалары. Ақшалай түсімінің сомасы тұтынушының әрбір категориясы үшін құзыретті органдарымен бекітілген тарифтерге және ортақ есептеу құралдарының көрсеткіштеріне немесе энергия ресурстарының (тұтынудың) бекітілген шығын нормаларына сүйене отырып айқындалады.

Пайыздық табыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданып, қаржыландыру уақыты ішінде тепе-тең мойындалады.

#### ***Қызметкерлерге сыйлықақы беру***

##### ***(i) Қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйлықақы беру***

Топтың кәсіпорындары, ұжымдық еңбек шартының ережелеріне сәйкес, өз қызметкерлерін ұзақ мерзімдік сыйлықақылармен қамтамасыз етеді. Шарттар, мысалы, Топтың қызметкерлеріне жұмысқа жарамсыз болған жағдайда, зейнетке шыққан кезде, мерт болу жағдайы бойынша сыйлықақыны беруді және өзге төлемдерді қаржылық көмек ретінде көрсетуді көздейді. Бөлек жәрдемақыны алуға арналған құқық зейнетке дейін қалған жұмыс істеу мерзіміне тәуелді және қызметкердің ең төмен жұмыс өтілі бар болуына байланысты ұсынылады.

Топтың қаржыланатын зейнетақы жүйесі жоқ. Әрбір есеп беру кезеңіндегі міндеттеме зейнеттік міндеттемелердің ағымдағы құнын білдіреді. Жыл ішінде туындайтын актуарийлік кіріс пен шығыстар, жылдағы кіріс пен шығыстарда көрсетіледі. Осы мақсат үшін актуарийлік кіріс пен шығыстарға актуарийлік ұсыныстардағы өзгерістер ықпалы да, актуарийлік ұсыныстар мен іс жүзіндегі деректер арасындағы айырмашылықтардың өткен тәжірибесінің ықпалы да кіреді.

Еңбек қызметі аяқталысымен болатын міндеттемелер бойынша актуарийлік кіріс пен шығыстар, олар туындаған кезең ішіндегі өзге жиынтық табыстар құрамында көрсетіледі. Зейнетақылық міндеттемелердің ағымдағы құнындағы өзге өзгерістер, қызметтер бойынша ағымдағы шығындар құнымен қоса, жылдағы кіріс пен шығыстарда мойындалады.

Белгіленген ақша төлемдері бар зейнетақылық міндеттемелерді есепке алуда қолданылған ең елеулі ұсыныстарға дисконт мөлшерлемесі, кадрлар ағымы туралы ұсыныстар және өлім коэффициенті кіреді. Дисконт мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің келтірілген таза құнын айқындау үшін пайдаланылады, және әрбір жылда осындай міндеттемелер бойынша дисконтты алып тастау, жылдағы кіріс пен шығыстарға жатқызылады. Өлім туралы ұсыныс, міндеттемелердің келтірілген таза құнын алу үшін дисконтталатын, сыйлықақылардың болашақ төлем ағымын болжау үшін қолданылады.

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Топ қызметкерлерінің жұмысқа жарамсыз болған жағдайда, мерт болу жағдайы бойынша қаржылық көмек көрсетумен қоса, қызметкерлеріне сыйлықақы беруді қызметкерлерге өзге де ұзақ мерзімдік сыйлықақыларды беру ретінде қарастырады. Осындай сыйлықақылар бойынша күтілетін шығыстарды есептеу, белгіленген ақша төлемдері бар зейнет жоспарларын есептеген кезде қолданылатын әдіс бойынша қызметкердің осындай міндеттемелер тәуелсіз білікті актуарийлармен жыл сайынғы негізінде бағаланады.

*(ii) Жалақыға, зейнетақыны төлеуге шығыстар және байланысты аударымдар*

Жалақыға, зейнетақылық аударымдарға, әлеуметтік сақтандыру қорына салымдар, жыл сайынғы төленген еңбек демалыстарына және ауру парағына, сыйақылар мен ақшалай емес жеңілдіктерге шығыстар Топтың қызметкерлерімен тиісті жұмыстың жүзеге асырылуына орай есептеледі. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Топ қызметкерлердің жалақысынан зейнетақы аударымдарын жасайды және оны бірегей жинақтаушы зейнеткерлік қорына аударады. Қызметкер зейнетке шығарда барлық зейнетақылық төлемдер бірегей жинақтаушы зейнеткерлік қорымен жүзеге асырылады.

#### **Акцияға табыс**

Акцияға табыс, Компанияның акциялар ұстаушылар үлесіне келетін кіріс пен шығысты, есеп беру жыл ішінде айналымда болған, шығынға қатысатын акциялардың орташа өлшенген акциялар санына бөлу арқылы айқындалады.

#### **Сегменттік ақпарат**

Топ 2015 жылда облигацияларды толығымен өтеді және 8 ХҚЕС (IFRS) қолдану саласына жатпайды. Сондықтан сегменттік ақпарат осы шоғырландырылған қаржы есептілігінде көрсетілмеген.

### **4. Есеп саясатын қолданудағы маңызды есеп айырысу бағалауы мен кәсіби ой-пікірлер**

Топ, келесі қаржы жылдағы қаржылық есептілікте көрсетілетін сомасына және активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына ықпал ететін есептесу бағалауы мен ұйғарындарды өндіреді. Есептесу бағалауы мен ой-пікірлер үнемі талдауға жатады және басшылықтың өткен тәжірибесіне және басқа факторларға, соның ішінде, қалыптасқан жағдайда негізделген деп саналатын болашақ жағдайларға қатысты күтілетіндерге негізделеді. Есеп саясатын қолдану процесінде басшылық сондай-ақ кәсіби ой-пікірлерді пайдаланады, бұған есептесу бағалауға байланысты ой-пікірлер кірмейді. Қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға ең елеулі ықпал ететін кәсіби ой-пікірлерге және, келесі қаржылық жыл ішіндегі активтер мен міндеттемелердің әділ бағасын елеулі түзету қажеттілігіне жеткізетін есептесу бағалауға мыналар кіреді:

#### **Уран қоры**

Уран қоры Топтың активтер құнын және тозу мен амортизациялау бойынша аударымдарды айқындау үшін қолданылатын ақшалай қаражатының болжаулы жылжуын бағалаудың негізгі компоненті болып табылады. Қорлардың бағалауы кен орындарын егжей-тегжейлі барлау нәтижесінде жүргізіледі, Қазақстан Республикасының геология Комитетінің Мемлекеттік минералдық қорлар комиссиясымен (МҚК) қарастырылып бекітіледі. МҚК бекітілген геологиялық қорлар мемлекеттік балансқа қойылады да қосымша жүргізілген барлау нәтижесі бойынша қайта қарастырылуы мүмкін. Кен телімі ауданында қосымша барлау жүргізу қажеттілігі өндіру процесіндегі эксплуатациялық барлаудағы жаңа кен денелерін тапқанда немесе егжей-тегжейлі барлау мөлiметтері бойынша кен телімі контурында түрлі себептермен өнеркәсіп санатына ауыстырылмаған және мемлекеттік балансқа қойылмаған немесе уран ресурстары бар болған жағдайда немесе расталмаған жағдайда қорларды есептен шығару есептемесі нәтижесінде туындайды. Қорлардың расталмауы әдеттегідей кен қиылысының дұрыс үйлестірілмегендіктен, барлау желісінің тығыздығын негізсіз таңдаудан, геологиялық барлау жұмысы әдістері мен сатыларының бұзылғандығынан туындайды. Әдеттегідей, әр кен бойынша өндіру сатысында қорларды ашу барысында олар МҚК бекіткен геологиялық қорлардан көбірек немесе азырақ жағына айырмашылығы болады. Жер қойнауын пайдаланушы мемлекет алдында бүкіл кен орыны бойынша қорлар үшін есеп береді. Барлық кен орындары бойынша теңгерімдік қорлардың жүйелі түрде расталмауы орын алатын жағдайлар өте сирек. Жер қойнауын пайдаланушы санат бойынша қорлар санына өздігінше өзгерістер енгізуге құқығы жоқ. МҚК сараптамалық қорытындысы жер қойнауы келісімшартының айырып алғысыз бөлігі болып табылады және жер қойнауы келісімшартының жұмыстық бағдарламасы мен кен орынының (учаскенің) өндірістік істеп өтеу жобасын әзірлеуге негіздеме болып табылады. Қордың бар болуы барлық қорларды экономикалық тұрғыдан ұтымды негізінде алуға болатынын білдірмейді. МҚК бекіткен қорлардың бөлігі нақты өндіру және бекітілген жоспарланған шығындар көлемінде мекеме балансынан жыл сайын есептен шығарылуға тиісті.

#### **4. Есеп саясатын қолданудағы маңызды есеп айырысу бағалауы мен кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)**

Өндіруге жоспарланған уран саны Келісімшарттың жұмыстық бағдарламасына және бекітілген істеп өтеу жобасына сәйкес болу керек. Өндіріс жоспарларына келісімшарттың істеп өтеу жобасы мен жұмыстық бағдарламасын орнатылған тәртіпте қайта қарастырып, оларды бекітусіз оларға өзгерістер енгізуге тыйым салынады. Егер де өндірудің нақты көлемдері бекітілгеннен 20 %-дан аспайтындай айырмашылығы болса, жобалық құжаттарға өзгерістер енгізудің қажеттілігі жоқ.

##### ***Қаржылық емес активтердің құнсыздануы***

Әрбір есеп беру кезеңінің аяғында Топ активтердің (генерирленген бірліктердің) бағалауын олардың құнсыздану мүмкіндігі белгілерін анықтау үшін жүргізеді. Осындай белгілер бар болған кезде активтердің өтелетін құны есептеледі және оның баланстық құнымен салыстырылады. Баланстық құнының өтеу құнынан артуы құнсыздану ретінде мойындалады. Топ гудвилге қатысты жылына бір реттен кем емес құнсыздануға тестілеу жүргізеді.

Активтің немесе генерирлеуші бірліктің өтелетін құны екі мөлшердің ең көбін білдіреді: осы активтің (осы бірліктің) пайдалану құндылығын (қолдану құнын) және, сатуға арналған шығындарды есептен шығарып, оның әділ құны. Пайдалану құндылығын есептеу Топтан, Топтың активті (генерирлеуші бірлікті) қолданудан түскен ақшаның алдағы жылжуына бағалауды құрастыруды талап етеді. Ақшаның алдағы жылжыуын бағалауға болашақ тауар (уранның және өзге өнімнің және қызметтердің) бағасына, дисконт мөлшерлемесіне, өсу қарқынына, операциялық шығындар деңгейіне және өзге факторларына қатысты елеулі ой-пікірлер кіреді. Құнсыздану мәніне арналған тексерулер мен есеп айырысулар Топтың бизнес-модельдеріне сәйкес келетін ұсыныстарға негізделген. Субъективті сипатына байланысты бұл бағалаулардың қызметі мен ақша жылжуының іс жүзіндегі қорытындысынан айырмашылығы болуы мүмкін, кез келген осындай айырмашылықтар болашақ кезеңде құнсыздануға және тиісті активтердің баланстық құнының төмендеуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

##### ***Гудвил***

Топ гудвилге қатысты жылына бір реттен кем емес құнсыздануға тестілеу жүргізеді. Генерирлеуші бірліктің өтелетін құны қолдану құндылығын есептесу негізінде айқындалады. Аталған есептесу 19 Ескертуде өте толық баяндалған бағалаудың қолданылуын талап етеді.

##### ***Уран өнімі өндірісіне байланысты активтер***

Басшылық 2016 жылғы 31 желтоқсандағы уранның шалатотық-тотығының бағасы фунт үшін 18 АҚШ долларына дейін төмендеуін уран өнімі өндірісімен байланысты Топ активтерінің (өндіруші бірліктерінің) құнсыздану белгісі ретінде бағалады.

Уран өнімі өндірісімен байланысты активтер негізгі құрал-жабдықтарды, өндіріске дайындалуға жұмсалған шығындарды, жер қойнауын пайдалану құқығын, барлау және бағалау активтерін, қауымдастырылған кәсіпорындарға салынған инвестицияларды, біріккен кәсіпорындарға салынған инвестицияларды және басқа да инвестицияларды қамтиды. Басшылық 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсыздану белгісі айқындалғандарға қатысты, уран өнімі өндірісімен байланысты Топ активтерінің (өндіруші бірліктерінің) құнсыздануна тест жүргізді.

Құнсыздануды бағалау үшін басқа активтердің немесе активтер топтарының (өндіруші бірліктерінің) ақшалай қаражат түсімдерінен елеулі түрде тәуелсіз жеке ақша ағындарына теңестірілуі бар активтер ең төменгі деңгейде топтасады. Топ әрбір кен орнын (нақты аумақты) бөлек генерирлеуші бірлік ретінде айқындады. Егер де бірнеше кен орындар технологиялық тұрғыдан бір өңдеуші зауытқа (продуктивті ерітінділерді қайта өңдеу теліміне) байланысты болса, Топ осындай кен орындарды бірегей генерирлеуші бірлік ретінде қарастырады.

Құнсыздануға жүргізілген тест қорытындысы бойынша Топ «Оңтүстік Мойынқұм» және «Уванас» генерирлеуші бірліктер үшін құнсызданудан болған шығындарды мойындады, өйткені осы генерирлеуші бірліктердің өтелетін құны олардың баланстық құнынан төмен болатын (12 – ескерту).



**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**2016 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертулер**

**4. Есеп саясатын қолданудағы маңызды есеп айырысу бағалауы мен кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)**

Төменде олар үшін құнсыздану көрсеткіші айқындалған, уран өнімін өндірумен байланысты басшылық Топтың активтерін (генерирлеуші бірліктерін) қолдану құндылығын бағалау кезінде қолданған негізгі болжамдар ұсынылған:

- уранның ортажылдық бағалары 2016 жылғы төртінші тоқсанында «Ux Consulting LLC» тәуелсіз ресми дереккөзі жариялаған болжамдар негізінде төменде ұсынылған деңгейлерде күтіледі:

	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022-2030 жж.
U308 Фунтының орташа бағасы (АҚШ долларымен)	20.50	19.80	21.06	23.60	27.25	31.92-56.87

- жер қойнауын пайдалану келісімшарттарындағы анықталған жыл сайынғы өндіріскөлемдеріне сәйкес уранды өндіру кезеңдері мен көлемдерінің болжамы;
- 2021 жылдан кейінгі операциялық және күрделі шығыстардың артуы жылдық 4 пайыздан 6-ты пайызға дейін құрайтын инфляцияның ұзақ мерзімді мөлшерлемесі мөлшерінде өтеді;
- дисконт ставкасы жылдық 9.68-ден 15.47-ге дейінгі пайызды құрайды.
- валютаның ұзақ мерзімді айырбастау бағамының болжамы 1 АҚШ доллары үшін 340 теңгені құрайды.

Төменде олар үшін құнсыздану көрсеткіші айқындалған активтер (генерирлеуші бірліктер) үшін (барлық өзге ауыспалықтардың өзгермейтіндігі кезінде) негізгі ұйғарындардың негізделген өзгеруі кезінде құнсыздануы мүмкін сомасын көрсетуші сезімталдылықтың талдауы ұсынылған:

- болжамды кезеңнің ішінде уранның орта жылдық бағаларының төмендеуі:

% төмендеуі	Құнсызданудан болған шығын, миллион теңге
10%	6,767
20%	18,350

- уран өндіру болжамының 10%-ға төмендеуі 4,966 миллион теңге көлеміндегі құнсызданудан болған шығынға әкеледі.

**KazPV жобалары**

2015 жылғы 31 желтоқсанда басшылық KazPV жобасымен байланысты келесі факторларды активтер құнсыздануының белгісі (генерирленген бірлігі) ретінде бағалады: бюджеттіктен төмен өндіру және сату деңгейі; бюджеттіктен жоғары шығындар деңгейі; және нарық бағаларының жалпы төмендеуі. KazPV жобасына жататын активтерге негіз құрал-жабдықтар, аяқталмаған құрылыс, өндіріске дайындық бойынша шығындар және басқа да айналымнан тыс активтер енеді.

Құнсыздануды бағалау үшін басқа да активтер мен активтер тобының (генерирленген бірліктер) елеулі деңгейде ақшалай қаражаттар ағынына тәуелсіз активтер ең төменгі деңгейде топтасады. Топ жобаның заңдық ұйымына емес, экономикалық мәніне негізделе отырып, үш генерирленген бірлікті айқындады.

- Өндіріс және металлургиялық және жартылай кристалдық кремнийді өткізу, кремний өндірісінің қалдықтарын өндеу;
- Күн сапалы кремнийді, кремнийлік және фотоэлектрлік пластилинді шығару;
- Фотоэлектрлік модулдерді шығару.

#### **4. Есеп саясатын қолданудағы маңызды есеп айырысу бағалауы мен кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)**

Құнсыздануды бағалауды жүргізгеннің негізінде 2015 жылы Топ мынадай екі генерирленген бірліктер үшін құнсызданудан болған шығынды таныды: «Өндіріс және металлургиялық және жартылай кристалдық кремнийді өткізу, кремний өндірісінің қалдықтарын өңдеу» және «Күн сапалы кремнийді, кремнийлік және фотоэлектрлік пластилинді шығару», өйткені аталған генерирленген бірліктердің өтелетін құны олардың теңгерімділік құнынан төмен болды (12 Ескерту). Өтелетін құнын есептеген кезде пайдаланылатын маңызды есепті бағалау мен пікірлерге болашақ көлемдер мен сату бағаларының болжамы кірді. Болжам кезеңі негізгі құрал-жабдықтардың пайдалы қызметінің қалған мерзіміне тең болды (2032 жылға дейін «Күн сапалы кремнийді, кремнийлік және фотоэлектрлік пластилинді шығару» генерирленген бірлік үшін және 2025 жылға дейін «Өндіріс және металлургиялық және жартылай кристалдық кремнийді өткізу, кремний өндірісінің қалдықтарын өңдеу» және «Фотоэлектрлік модулдерді шығару» генерирленген бірліктер үшін).

2016 жылғы 31 желтоқсанда Топ одан арғы құнсызданудың бар белгілерін анықтау үшін KazPV активтерінің теңгерімділік құнына талдау жасады. Басшылық қайта қаралған қызмет жоспарынан ауытқуды және сатудың төмендеуін активтердің одан әрі құнсыздану көрсеткіші ретінде бағалады. Сатудың болашақ көлемі мен бағаларының қайта қаралған болжамын ескере отырып өткізілген бағалаудың негізінде Топ «Күн сапалы кремнийді, кремнийлік және фотоэлектрлік пластилинді шығару» генерирленген бірлігін толық құнсыздандырды. «Фотоэлектрлік модулдерді шығару» және «Өндіріс және металлургиялық және жартылай кристалдық кремнийді өткізу, кремний өндірісінің қалдықтарын өңдеу» генерирленген бірліктеріне қатысты Топ құнсызданудан болған шығынды мойындамады, өйткені аталған генерирленген бірліктердің өтелетін құны олардың теңгерімділік құнынан асып түсті. «Фотоэлектрлік модулдерді шығару» және «Өндіріс және металлургиялық және жартылай кристалдық кремнийді өткізу, кремний өндірісінің қалдықтарын өңдеу» генерирленген бірліктері үшін қолданылған дисконттық мөлшерлеме, тиісінше 10.43% және 10.45%-ды құрады. «Күн сапалы кремнийді, кремнийлік және фотоэлектрлік пластилинді шығару» генерирленген бірлігінің дисконттық мөлшерлемесі 12-ескертуде ашылған.

Егер сатудың көлемі немесе бағасы болжағаннан 13.6%-ға төмен болса, Топ 2,716 миллион теңге көлемінде «Фотоэлектрлік модулдерді шығару» генерирленген бірлігінің толық құнсыздануын мойындар еді.

##### *«Байтерек» яхтасы*

2016 жылғы 31 желтоқсанда басшылық мына факторларды «Байтерек» яхтасының құнсыздану белгісі ретінде бағалады: «Байтерек» яхтасын салу мерзімін ұзарту және өткізуден болатын, экономикалық пайда алудың одан арғы төмен ықтималдылығы. Басшылық өткізілген талдаудың негізінде «Байтерек» яхтасының 3,884 миллион теңге көлемінде негізгі құрал-жабдықтардың құрамындағы аяқталмаған құрылысына енгізілген теңгерімділік құнын толық құнсыздандырды (12-ескерту).

##### **Бақылаудың, бірлесіп бақылаудың және елеулі ықпалдың бар болуын бағалау**

Басшылық еншілес, қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарында бақылаудың (бірлесіп бақылаудың және елеулі ықпалдың) бар болуына бағалауды тұрақты негізінде жүргізіп тұрады. Топ басшылары бағалауды жүргізу кезінде елеулі ой-пікірлерін қолданылады. Аталған ой-пікірлерге мыналар кіреді:

- Топқа, инвестициялар объектісі табысына елеулі ықпал ететін, маңызды қызметті басқаруға мүмкіндік беретін өкілеттіктердің бар болуын айқындау;
- табыс мөлшерлемесіне ықпал ету мақсатында инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілдіктерін пайдалану мүмкіндігі бар екенін айқындау.

Аталған ой-пікірлерді қалыптастырған кезде Басшылық инвестициялар объектісінің қандай басқару органы маңызды қызметті басқаратынын, сондай-ақ Топтың осы органдарға әсер ету мүмкіндігіне талдау жасады. Тиісінше бірлескен бақылауды көрсетуі мүмкін кейбір факторлардың бар болуына қарамастан, Топ «Аппак» ЖШС-ты бақылайды деген тұжырымға келді (40- ескерту).

25- ескертуде айқындалғандай, сондай-ақ басшылық «Уранэнерго» ЖШС-ға бақылауды жүзеге асыру үшін Топтың бар өкілдіктерді пайдалану мүмкіндігі жоқ деген тұжырымдамаға келді. Басшылық бақылаудың, бірігіп бақылау мен елеулі әсердің бар болуын қайта бағалау нәтижесінде, Топтың 2016 жылы «Уранэнерго» ЖШС-ға бірігіп бақылауы бар деген қорытындыға келді. Тиісінше аталған инвестиция бірлескен кәсіпорынға инвестиция ретінде жіктелді.

#### **4. Есеп саясатын қолданудағы маңызды есеп айырысу бағалауы мен кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)**

##### ***Кен орындарын жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге резерв***

Табиғатты қорғау заңнамасына және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға сәйкес Топта, өзінің операциялық қызметі нәтижесінде қоршаған ортаға келтірген шығынынан айырылу, және жұмыс аяқталғанынан кейін кен орындарын және қалдықтар көмілген полигондарды жою, жабдықтарды демонтаждау және жерлерді қалпына келтіру бойынша заңдық міндеттемелер бар. Резервтер, өткен операциялық қызмет салдарынан болған міндеттемелерді туындауына қарай жою және қалпына келтіру бойынша шығындардың дисконтталған құны негізінде қалыптастырылады.

Кен орындарын жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелердің резерві Топпен Қазақстан Республикасының қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасын және келісімшарттық аумақтарында жер қойнауын пайдалану және өзге де операциялық қызметтің салдарын жою бойынша байланысты, рекультивация бойынша жұмыстарды қалпына келтіру және жүргізудің ағымдағы нормалары мен әдістеріне сәйкес келетін техникалық-экономикалық негіздемені және инженерлік зерттеулермен күшейтілген бағдарламаларды өзінше пайымдау негізінде айқындалады.

Салдарын жою бойынша шығындарды бағалау табиғатты қорғау талаптарында және заңнаманы өзінше пайымдаудағы әлеуетті өзгерістерге тап болады. Кен орындарын жою бойынша міндеттемелер олардың туындау мүмкіндігінше және олардың сомасын негіздеме бағалау ықтималдылығы кезінде мойындалады.

Осындай бағалауды жүргізу кезіндегі маңызды ой-пікірлерге дисконт мөлшерлемесі және ақшалай қаражаттың жылжу мерзімі жатады. Дисконт мөлшерлемесі номиналдық жұмыс құнына қолданылған, оны басшылық болашақта кен орындарын жою және қалпына келтіру кезінде шегеді деп келтіруде. Тиісінше, басшылықтың ағымдағы бағалар бойынша өндірілген есептеу бағалауы, болжанатын ұзақ мерзімді инфляция құнын (2016 ж.: 5.13%; 2015ж.: 6.00%) пайдаланып артқан және болашақта дисконт мөлшерлемесі негізінде дисконтталған. Дисконт мөлшерлемесі ақшалай қаражаттың уақытша құнының ағымдағы нарық бағалауын, сондай-ақ шығындардың ең үздік бағалауында ескерілмеген міндеттемелер бойынша тәуекелдерді көрсетеді. Дисконттық мөлшерлемежер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мерзімдерімен сәйкес келетін өтеу мерзімдерімен қоса мемлекеттік облигациялардың табыстылығы ретінде айқындалатын тәуекелсіз мөлшермеге негізделеді. Топтың компанияларымен 2015 жылғы 31 желтоқсанда қолданылған дисконт мөлшерлемесі 7.08% (2015 ж.: 6.70%) құрды.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша кен орындарын қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге деген резервтің баланстық құны 14,188 миллион теңгені (2015 ж.: 14,421 миллион теңгені) құрды. (35 Ескерту). 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша қоршаған ортаны қорғауға арналған резервтің баланстық құны 2,733 миллион теңгені (2015 ж.: 2,316 миллион теңгені) құрды (35 Ескерту). Басшылықтың бағалауы бойынша басты ой-пікірлердегі болатын өзгерістер жою және қалпына келтіру бойынша міндеттемелердің резервінде айтарлықтай өзгерістерді тудырмайды.

##### ***БН-350 реакторлық қондырғыны пайдаланудан шығару, сақтау және демонтаждау***

Атом энергиясын қолдану туралы заңнамаға сәйкес пайдаланушы ұйым атом энергиясын қолданған нысандардың пайдаланудан шығарылуына, аумақтың рекультивациялауына және радиобелсенді қалдықтардың көмілуіне байланысты жұмыстарды орындау үшін шараларды көздеуге және құралдармен қамтамасыз етуге міндетті. Топқа меншік құқығымен БН-350 реакторлық қондырғы тиесілі екеніне қарамастан, басшылық Топтың оны пайдаланудан шығаруды қаржылаудан, БН-350 реакторлық қондырғысын сақтау және демонтаждау бойынша заңды міндеттемелері немесе қалыптасқан тәжірибемен шартталған міндеттемелері жоқ деп тұжырымдады. Аталған тұжырымдаманы қалыптастырған кезде басшылық мына факторларды ескерді:

- Заңнама талаптарына жүргізілген талдау негізінде басшылық ағымдағы заңнамада БН-350 реакторлық қондырғыны пайдаланудан шығару, сақтау және демонтаждау бойынша нақты талаптар және орындау тетігі жоқ деген тұжырымдамаға келді;
- Қазақстан Республикасының Үкіметімен, БН-350 реакторын, оған байланысты жабдықтар мен материалды болашақ утилизациялаумен қоса, пайдаланудан шығару бойынша іс-шаралар кешенінің жүзеге асырылуына жауапты мемлекеттік органдар айқындалды;
- Қазіргі кезге дейін БН-350 пайдаланудан шығару шаралары реактордың пайдаланудан шығару концепциясына сәйкес мемлекеттік бюджеттен немесе түрлі халықаралық мекемелерді қоса басқа көздерден қаржыландырылды.

**4. Есеп саясатын қолданудағы маңызды есеп айырысу бағалауы мен кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)**

- Қазақстан Республикасының кіметімен бекітілген 2020 жылға дейінгі даму келешегімен Қазақстан Республикасында 2011-2014 жылдарға атом саласын дамыту Бағдарламасына (ары қарай – Бағдарлама) мемлекеттік органмен БН-350 қондырғысын пайдаланудан шығаруды қамтамасыз ету бойынша шаралардың комплексін іске асыруға, осымен байланысты жабдықтар мен материалдарды кейінірек кәдеге жаратуды қоса, жауапты болып Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі болып танылады. Сонымен қатар, Бағдарламаны іске асыру бойынша шаралар жоспары бойынша берілген шараларды қаржыландыру кезі республикалық бюджет деп көрсетілген.
- Топ құзыретті орган болып табылатын Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінен алған 2015 жылғы 20 ақпандағы № 14-05/4512 хатына сәйкес, Топта БН-350 қондырғысын пайдаланудан шығару бойынша жұмыстарды қаржыландыру жөнінде заңды міндеттемелер, қаржыландыру көздері және де БН-350 қондырғысын пайдаланудан шығару бойынша жұмыстарды ұйымдастыру жөнінде негізгі шаралар белгіленген, Қазақстан Республикасының Әкіметінің жаңа Үкімі қабылдануға тиіс. Тиісінше, басшылық берілген шоғырландырылған қаржылық есеп-қисапта резервты мойындауда қажеттілік жоқ деп тұжырымдады.

Келешекте осы сұрақты қайта қарастыруға әкелетін жағдайлар болашақта болуы мүмкін. Болашақта жағдайлардың дамуына байланысты, есепті күнге басшылық барлық орын алатын факторларды ескере отырып, міндеттемелердің бар екендігін бағалайтын болады. Егер болашақта БН-350 қондырғысын пайдаланудан шығару бойынша жұмыстарды қаржыландыру жөнінде міндеттемелер Топқа берілетін болса, бұл тиісті резервты көрсету қажеттілігіне әкеледі.

***Алу құны бойынша ескерілетін инвестициялар***

26 Ескертуде айқындалғандай, 2007 жылғы қазанда Топ жалпы сомасы 540 миллион АҚШ долларына (TNEH-US-пен 400 миллион АҚШ долларын және TNEH-UK-пен 140 миллион АҚШ долларын) А класстағы «Toshiba Nuclear Energy Holdings (US) Inc.» (бұдан әрі - «TNEH-US») және «Toshiba Nuclear Energy Holdings (UK) Inc.» (бұдан әрі - «TNEH-UK») компаниялар акцияларының 10%-нан алды. Топ TNEH-US және TNEH-UK-қа елеулі ықпалды жасамайтынын, қаржы және операциялық қызметтің шешімін қабылдауға қатыспайтынын ескере отырып, аталған инвестициялар сатуға қолда бар инвестициялар ретінде жіктелінген болатын.

TNEH-US және TNEH-UK-ке деген инвестициялар алудың іс жүзіндегі құны бойынша есептеледі, өйткені жеткілікті сенімділік дәрежеде олардың әділ құнын растап бағалай алмайды. Инвестициялардың кәсіпорындар-объектілері өз қызметі туралы соңғы қаржы ақпаратты жария еткен жоқ, олардың акциялары биржада белгіленбеген, және жалпы қол жетімді көздерде осы акциялармен жақын арада жасалынған сауда мәмілелер бағасы туралы ақпарат жоқ.

Әрбір есеп беру кезеңге басшылық іс жүзіндегі құны бойынша есептелетін инвестициялардың құнсыздану белгісі бар екенін бағалайды. Басшылық 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша құнсыздану белгілері жоқ деп айқындады.

***Негізгі құрал- жабдықтарды пайдалы қолдану мерзімдері***

Негізгі құрал-жабдықтардың пайдалы қызмет ету мерзімін бағалау ұқсас активтерге қатысты бар тәжірибенің негізінде кәсіби ой-пікірлерді қолданып жүргізілді. Осы активтерге байланысты болашақ экономикалық пайдалар, негізінде, оларды қолдану нәтижесінде алынатын болады. Алайда, технологиялық немесе коммерциялық тұрғыдан тозған, сондай-ақ жабдықтардың тозуы сияқты басқа да факторлар, осы активтерге байланысты, экономикалық пайданың азаюына жеткізеді. Басшылық құрал- жабдықтардың пайдалы қолданудың қалған мерзімін активтердің ағымдағы техникалық жағдайына сүйеніп және, осы активтер Топқа экономикалық пайданы әкелу кезең ішіндегі есептесу кезеңін ескеріп бағалайды. Осы ретте мына негізгі факторлар назарға алынады: (а) активтерді пайдаланудың күтілетін мерзімі; (б) жабдықтардың пайдалану сипаттамасына және техникалық қызмет көрсету регламентіне тәуелді күтілетін физикалық тозу; және (в) нарық жағдайлары өзгеру нәтижесінде жабдықтардың технологиялық немесе коммерциялық тұрғыдан моральдік тозуы.

Топтың құрал-жабдықтарының көбі олардың пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде тікелей желілі әдісімен кем дегенде жыл сайын амортизацияланады; кез келген өзгерістер перспективалық тозу ставкасына және активтердің баланстық құнына ықпал етуі мүмкін.

Активтерді пайдалы қолданудың есептесу мерзімдері басшылықтың бағалауынан 10%-ға айырмашылығы болса, жылдағы амортизациялық аударымдар 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда 1,029 миллион теңгеге артуға немесе азаюға тиісті еді (2015 ж.: жылда 1,118 миллион теңгеге артуға/ азаюға).

#### **4. Есеп саясатын қолданудағы маңызды есеп айырысу бағалауы мен кәсіби ой-пікірлер (жалғасы)**

*Уран өнімін өндіруге байланысты активтердің амортизация мөлшерлерін бағалау мерзімдері*

Уран өнімін өндіруге байланысты негізгі құрал-жабдықтар, өндіріске дайындау бойынша шығындар және жер қойнауын пайдалануға арналған құқықтар, минералдық қорды бағалауға сүйеніп, кен орнын пайдалану мерзімі ішінде өндірістік әдісті қолданып амортизацияланады. Бағалау кезінде қолданыста болған болжамдар минералдық қорын айқындау кезінде жаңа ақпараттың түсуіне қарай өзгеруі мүмкін. Кез келген өзгерістер перспективті тозу нормаларына және активтің баланстық құнына ықпал етуі мүмкін. Өндірістік әдіс бойынша мөлшерін есептесуге болашақта іс жүзінде болатын өндіру болжамдалған өндіруден айырмашылығы болатын факт ықпал етуі мүмкін. Ауытқу факторлардың немесе минералдық қорларды бағалауда қолданылған болжамдардың елеулі өзгеру нәтижесінде болуы мүмкін. Осындай факторларға мыналар кіреді:

- Минералдық қорларды бағалаудағы өзгерістер;
- Минералдық қор сортының кейде елеулі өзгеруі;
- Кен орындарда алдын ала болжамдалмаған операциялық проблемалар; және
- Күрделі және операциялық шығындардағы, қайта өңдеу мен рекультивациялаудағы шығындар, дисконттау мөлшерлемесіндегі және, мүмкін, минералдық қордың экономикалық сипаттамасына теріс ықпал ететін, ауыстыру бағамындағы өзгерістер.

Қорды бағалау кезеңнен кезеңге ауысуы мүмкін, бұл Топтың қаржы нәтижесіне ықпал етеді. Қордағы осындай өзгерістер тозуды есептеуге, активтердің баланстық құнына және активтерді жою бойынша міндеттемелерге арналған резервтер мөлшерлемесіне ықпалы бар. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша уран өнімі өндірісіне байланысты активтер құны 63,672 миллион теңгені құрды (2015 ж.: 65,263 миллион теңге).

Егер активтерді амортизациялаудың есепті мөлшерлемесі басшылықтың бағалауынан 10%-ға өзгеше болса, онда жылдың амортизацияланған аударымы 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір жылда 1,219 миллион теңгеге арттуы немесе азаюуы (2015 ж. 1,103 миллион теңгеге арттуы/азаяуы) тиіс еді.

#### **Салық заңнамасы және трансферттік бағаның құралу заңнамасы**

Қазақстан салық заңнамасы және трансферттік бағаның құралу заңнамасы әртүрлі түсіндіру мүмкіндігін жасайды. (38 Ескерту).

#### **5. Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерді қолдану**

Төменде көрсетілген стандарттар мен түсіндірулер Топ үшін 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті болды. Аталған стандарттар мен түсіндірулерді қабылдау шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсер етпеді.

*«Бірлескен операцияларға қатысу үлесін алу жөніндегі мәмілелерді есепке алу» - ХҚЕС (IFRS) 11-ге түзетулер (2014 жылғы 6 мамырда шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе осы датадан кейін күшіне енеді).* Аталған түзетулерді жаңа басшылық бизнесті білдіретін, бірлескен операцияларда қатысу үлесін алу жөніндегі мәмілелерді есептеуге қатысты енгізеді.

*«Құрал-жабдықтардың және материалдық емес активтердің амортизациясын қолайлы есептеу әдістерін түсіндіру» - ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 38-ге түсініктемелер (2014 жылғы 12 мамырда шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе осы датадан кейін күшіне енеді).* Басқарманың аталған түзетуінде ХҚЕС мынаны түсіндіреді: шегерімге негізделген әдістерді активтердің амортизациясын есептеу үшін қолдану орынсыз, өйткені активті қолдануды көздейтін қызметтің шегерімі, осындай активтерге байланысты экономикалық пайданы тұтынудан айырмашылығы бар факторларды ескереді.

## **5. Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерді қолдану (жалғасы)**

Халықаралық Қаржылық есептілік стандарттарын жыл сайынғы жетілдіру, 2014 жыл (2014 жылғы 25 қыркүйекте шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Түзетулер төрт стандартқа ықпал етеді. ХҚЕС (IFRS) 5 -на деген түзетулер мақсаты - *истен шығу тәсілін өзгерту* («сатуға арналған» деген категориядан «бөліп беруге арналған» категорияға немесе керісінше ауыстыру) сату немесе бөліп беру жоспарының өзгеруі болып табылмайды деп түсіндіру және аталған жоспарды өзгерту ретінде есепте көрсетілмеуге тиіс. ХҚЕС (IFRS) 7 түзетуінде қосымша нұсқаулар бар, олар басшылыққа тапсырылған қаржы активке қызмет көрсету бойынша келісімнің шарттары ақпаратты ХҚЕС (IFRS) 7 талаптарына сәйкес ашу мақсаттары үшін жалғасып жатқан қатысудың бар болуын білдіретінін айқындауға көмектеседі. Бұдан басқа, ХҚЕС (IFRS) 7 баяндалған өзара есептеуді аралық қаржы есептілігіне қатысты жүргізу туралы ақпаратты ашуға қатысты талаптар жоқ деп түсіндіріледі, бұл ХҚЕС (IAS) 34 сәйкес талап етілетін жағдайлар бұған жатпайды. ХҚЕС (IAS) 19 түзетулерде еңбек қызметі аяқталғанына қарай сыйлықақы төлемдері бойынша міндеттемелерге қатысты дисконттау мөлшерлемесіне, жоғары сапалы корпоративтік облигациялардың дамыған нарықта («терең нарықта») бар болуына қатысты шешімдер, немесе ориентир ретінде қай мемлекеттік облигацияларды қолдану туралы шешімдер міндеттеме көрсетілген валютада, бірақ аталған міндеттеме туындайтын елдің валютасына емес, негізделуге тиіс екені түсіндіріледі. ХҚЕС (IAS) 34 –да талап енгізілген, оған сәйкес аралық қаржы есептілік «аралық қаржы есептіліктің басқа нысанында» орналасқан орнындағы қайшы келетін сілтеме мазмұнында болуға тиіс.

*«Ақпаратты ашу» - ХҚЕС (IAS) 1-ге түзетулер (2014 жылғы желтоқсанда шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).* Стандартқа, маңыздылық деген түсінікті анықтайтын және олардың маңыздылығы жоқ деп ХҚЕС-мен талап етілетін ақпараттың ашылуын кәсіпорын ұсынбаса да болады деп түсіндіретін түсініктер, бұндай ашулар халықаралық қаржы есептіліктің айқындалған стандарт талаптарына енгізілген болса да және ең аз ашылуға қажет болып табылса да, енгізілді. Стандартқа сондай-ақ аралық жиынтық сомалардың қаржылық есептілігіне ұсыну жөніндегі жаңа басшылық енгізілген, ол стандартқа сәйкес аралық жиынтық сомалар (а) ХҚЕС-ға сәйкес мойындалу мен бағалау жүргізілетін баптар енгізілуге тиіс; (б) аралық жиынтық сомалардың компоненттерді түсінуді қамтамасыз ететін қылып ұсынылуға және белгіленуге тиіс; (в) кезеңге дейін дәйекті болуға тиіс; және (г) оларды ұсынуда, аралық жиынтық сомаларды және ХҚЕС-мен талап етілетін жиынтық сомаларды ұсынудан гөрі артық назар аударылмай көрсетілуге тиіс.

*«Инвестициялық компаниялар үшін шоғырландыру талаптарынан айыруды қолдану» - ХҚЕС (IFRS) 10, ХҚЕС (IFRS) 12 және ХҚЕС (IAS) 28-ге түзетулер (2014 жылғы тамызда шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).* Бұл түзетулер бойынша инвестициялық компаниялар болып табылатын еншілес кәсіпорындарға құйған өз инвестицияларын кіріс немесе шығыстар арқылы әділ құны бойынша бағалауға міндетті. Бұдан басқа, аталған кәсіпорынның ақырғы немесе аналық кәсіпорны ашық пайдалануға қол жетімді шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынған жағдайдағы шоғырландырылған есептілікті құру туралы талаптан айыру, осындай айыру еншілес кәсіпорынның шоғырлануға енгізілгеніне немесе көрсетілген ақырғы немесе аналық кәсіпорынның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ХҚЕС (IFRS) 10-ға сәйкес кіріс немесе шығыстар арқылы әділ құны бойынша бағаланғанына тәуелсіз қолданатыны туралы түсініктемемен толықтырылған.

## **6. Жаңа есептік ережелер**

2017 жылғы 1 қаңтардан және осы күннен кейін басталатын, және Топ өлі мезгілінен бұрын қабылдамаған Топтың жылдық кезеңдері үшін міндетті болып табылатын бірқатар жаңа стандарттар мен түсіндірулер жарияланды.

*«Қаржы құралдары: жіктелім және бағалау» 9-шы ХҚЕС (IFRS) (2014ж. шілдесінде енгізілген өзгерістермен бірге 2018 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін) . Стандарттың негізгі айырмашылығы мынада болып табылады:*

- Қаржы активтер бағалаудың үш санат бойынша жіктелуі тиіс: соңынан амортизацияланған құны бойынша бағаланатын, өзгерістері өзге жиынтық табыста көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын және өзгерістері кіріс пен шығыс құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын.

## **6. Жаңа есептік ережелер (жалғасы)**

- Борыш құралдарының сипаттамасы қаржылай активтерді басқару бойынша мекеменің бизнес-моделінен және шарттармен қарастырылған қаржы құралдарының ағыны тек қана негізгі қарыз бен пайыздарды жабу есебіндегі төлемдермен байланысты. Егер де борыш құралы ақша алуға қарастырылған болса, және де ол тек негізгі қарыз бен пайыздарды жабуды ғана қарастыратын болса, ол амортизацияланған құнмен есептелеіне алады. Егер де мекеме тек негізгі қарыз бен пайыздарды жабуды ғана қарастыратын және портфельде ұсталатын борыш құралдарын активтер бойынша қаржы ағымдарын алу үшін ұстап және активтерді сататын болса, олар өзге жиынтық табыс құрамында кейін әділ құнмен бағаланатын болып сипатталады. Ақшалай ағымдары жоқ, тек қана негізгі қарыз бен пайыздар есебіндегі төлемдер болып табылатын қаржылық активтерді әділ құнмен бағалау тиіс, ол бойынша өзгерістер кіріс және шығыс құрамында көрсетіледі (мысалы, туынды қаржылық құралдар). Кіріктірме қаржы құралдары қаржылық активтерден енді бөлінбейді, бірақ тек қана негізгі қарыз бен пайыздар есебіндегі төлемдерді қарастыратын шартты бағалағанда ғана есептеледі.
- Үлестік құралдарға инвестициялар әрдайым әділ құны бойынша бағалануы тиіс. Бұл орайда, егер де құрал сатуға арналмаған болса, басшылық әділ құнның өзгеруін өзге жиынтық табыс құрамында көрсету туралы өзгертілмейтін шешім қабылдауы мүмкін. Егер үлестік құрал сатуға арналған болса, әділ құнның өзгерулері табыс пен шығыс құрамында көрсетіледі.
- Қаржы міндеттерін жіктеу мен бағалауға қатысты 39-шы ХҚЕС (IAS) талаптарының көпшілігі 9-шы ХҚЕС-қа (IFRS) өзгеріссіз ауыстырылды. Негізгі айырмашылық кәсіпорынға кіріс немесе шығыс құрамындағы, өзге жиынтық табыс құрамындағы әділ құн бойынша көрсетілген санаттарға жатқызылған қаржы міндеттері бойынша меншікті кредиттік тәуекелдің өзгерістер тиімділігін ашу талабы болып табылады.
- 9-шы ХҚЕС-қа (IFRS) құнсызданудан болған шығысты мойындаудың жаңа үлгісін енгізеді: күтілетін кредиттік шығын үлгісі. Бастапқы мойындау мезетінен қаржы активтерінің кредиттік сапасының өзгеруінде негізделген «үш кезеңді» тәсіл бар. Іс жүзінде жаңа ережелер алғашқы қаржылық активтерді мойындауда құнсызданудан түскен кредиттік шығын болып табылмайтын 12 айдағы күтілетін кредиттік шығындар сомасындағы шығындарды мекеме бірден мойындау керектігін көрсетеді (немесе саудалық дебиторлық берешек үшін қаржылық құралдың бар мезгіліндегі күтілетін кредиттік шығын сомасында). Егер де кредиттік тәуекелде әсерлі көтерілу орын алса, онда құнсыздану 12 айда күтілетін емес, қаржылық құралдың мезгілінде күтілетін кредиттік шығындарға қарай бағаланады. Үлгі саудалық дебиторлық берешек пен қаржылық жалға алу бойынша дебиторлық берешектің операциялық оңайлатуын қарастырады.
- Хеджирлеуді есепке алу талабына есептің тәуекелдерді басқарумен одан да тығыз байланысын орнату үшін түзету енгізілді. Стандарт кәсіпорындарға 9-шы ХҚЕС-тың (IFRS) құрамындағы хеджирлеуді есепке алу талабын қолдануымен, және барлық хеджамдарға 39-шы ХҚЕС-ты (IAS) қолдануын жалғастыруымен есеп саясаты арасында таңдау мүмкіндігін береді, өйткені қазіргі уақытта стандарт макрохеджирлеу жағдайлары үшін есепке алу көзделмеген

*«Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсім» ХҚЕС (IFRS) 15 (2014 жылғы 28 мамырда шығарылған және 2017 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе осы датадан кейін күшіне енеді). Жаңа стандарт негізгі принципті енгізеді, оған сәйкес шегерім тауарлар немесе қызметтер клиентке мәміле бағасы бойынша тапсырылған кезде мойындалуға тиіс. Тауардың немесе қызметтің кез келген бөлек партиясы бөлек мойындалуға тиіс, ал келісімшарттық бағадан барлық жеңілдіктер мен ретроспективтік жеңілдіктер бөлек элементтерге бөлініп беріледі. Сыйлықақы мөлшері қандай-да себептер бойынша өзгерілетін болса, ең төмен сомаларды мойындау керек, егер де олар елеулі қайта қарау тәуекеліне ұшырамаған болса. Клиенттермен жасалған шарттарды қамтамасыз етуге байланысты шығындар капиталдануға және шарттан пайданы алу мерзімі ішінде амортизациялауға тиіс.*

*«Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» ХҚЕС (IFRS) 15 (2016 жылғы 12 сәуірде шығарылған және 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін немесе осы датадан кейін күшіне енеді). Түзетулер стандарттың негізге алынатын қағидаттарының өзгеруіне әкелмейді, осы қағидаттар қалай қолданылуы тиіс екенін түсіндіреді. Түзетулерде орындалу міндетін қалай анықтау керектігі (сатып алушыға тауарды немесе қызметтерді табыстауға уәде беру); компания принципал (тауарды немесе қызметтерді жеткізуші) немесе агент (тауарды немесе қызметтерді жеткізуді ұйымдастыруға жауап беруші) болып табылатынын қалай анықтауын, сондай-ақ лицензияларды белгілі уақытқа немесе кезең ішінде ұсынудан түскен түсімді тануды қалай анықтауды түсіндіреді. Түзету түсіндірулеріне толықтыру талаптарын орындаудан екі қосымша босатуды қамтиды, бұл жаңа стандартты алғашқы рет қолданушы компанияға шығындарды және есепке алу күрделілігінің деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.*

## **6. Жаңа есептік ережелер (жалғасы)**

«Жалдау»ХҚЕС (IFRS) 16 (2016 жылғы қаңтарда шығарылды және 2019 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Жаңа стандарт жалдау операцияларына қатысты есептілікте ақпаратты тану, бағалау, ұсыну және ашу принциптерін айқындайды. Жалдаудың барлық шарттары жалдау шартының қолданылуының басталу сәтінен бастап жалға алушы активтерді пайдалану құқығын алуға, сондай-ақ, егер жалдау төлемдері уақыт кезеңінің ішінде жүзеге асырылатын болса, қаржыландыруды алуға әкеледі. Осыған байланысты, ХҚЕС (IFRS) 16 жалдауды ХҚЕС (IFRS) 17 көздейтіндей операциялық немесе қаржылық ретінде жіктеудің күшін жояды, және оның орнына жалға алушылар үшін жалдау операциялары есебінің бірыңғай моделін енгізеді. Жалға алушылар мыналарды тануы тиіс: а) жалдау объектілерінің құны елеулі емес болып табылатын жағдайларды қоспағанда, қолданыс мерзімі 12 айдан асатын барлық жалдау шарттарына қатысты активтер мен міндеттемелерді; және б) кіріс және шығыс туралы есептегі жалдау міндеттемелері бойынша пайыздан бөлек жалдау объектілерінің амортизациялауын. Жалға алушыдағы жалдау есебіне қатысты ХҚЕС (IFRS) 16, шын мәнінде, ХҚЕС (IFRS) 17-де көзделгендей есепке алуға талапты сақтайды. Сөйтіп, жалға алушы операциялық немесе қаржылық жалдау ретінде жалдау шарттарын жіктеуді және, тиісінше, оларды есептілікте әртүрлі көрсетуді жалғастырады.

«Ақпаратты ашу саласындағы бастама» - 7 (IAS)ХҚЕС-ке түзету ((2016 жылғы 29 қаңтарда шығарылды және 2017 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). 7 (IAS) ХҚЕС-ке енгізілген түзетулер қаржылық қызмет нәтижесінде туындаған міндеттемелердегі өзгерістер туралы ақпаратты ашуды талап етеді.

«Инвестормен қауымдастырылғаннемесе бірлескен кәсіпорындарға активтерді сату немесе салу»ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28-ге түзетулер (2014 жылғы 11 қыркүйекте шығарылған және 2016 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшіннемесе осы датадан кейін күшіне енеді). Аталған түзетулер инвестормен қауымдастырылған немесе бірлескен кәсіпорындарға активтерді сатуға немесе салуға қатысты, ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 талаптары арасындағы сәйкес келмеуді жояды. Түзетулерді қолданудағы негізгі салдары ол кіріс немесе шығыстар мәміле бизнеске қатысты болған жағдайда толық көлемінде мойындалатынында негізделген. Активтер бизнес болып табылмаса, кірістің немесе шығыстың тек бөлігі ғана мойындалады, осы активтерге еншілес кәсіпорын ие болған жағдайда да.

Қазіргі таңда Топ жаңа стандарттар мен өзгерістердің әсерін бағалауда.

Келесі стандарттар мен түсіндірулер күшіне енгеннен соң, Топтың қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді деп күтілуде:

- «Өткізілмеген шығындар бойынша кейінге қалдырылған салық активтерін тану» – 12 (IAS) ХҚЕС-ке түзету (2016 жылғы 19 қаңтарда шығарылды және 2017 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- «Акцияларға негізделген төлем» 2 (IFRS) ХҚЕС-ке түзету (2016 жылғы 20 маусымда шығарылды және 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- «Қаржы құралдары» 9 (IFRS) ХҚЕС-ті және «Сақтандыру шарттары» 4 (IFRS) ХҚЕС-ті қолдану – 4 (IFRS) ХҚЕС-ке түзету (2016 жылғы 12 қыркүйекте шығарылды және таңдалған тәсілге байланысты күшіне енеді: 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе уақытша ерекшелік ретінде таңдалған ұйымдар үшін осы күннен кейінгі жылдық кезеңдер үшін, және салу тәсілін таңдаған ұйымдар үшін - ұйым бастапқыда 9 (IFRS) ХҚЕС-ті қолдана бастаған жылдық кезеңдер үшін).
Ұзақ мерзімдік міндеттемелер		(1,239)			(2,866)	(5,264)	(88,957)	-	(24,440)	(30,646)	(118,486)	(38,603)
Оның ішінде сауда және өзге де кредиторлық берешектер мен резервтерді шегергендегі қаржылық міндеттемелер	-	-	-	-	(258)	(1,716)	(88,957)	-	(24,425)	(30,638)	(113,640)	(32,354)
<b>Міндеттемелер барлығы</b>	<b>(3,588)</b>	<b>(10,112)</b>	<b>(2,799)</b>	<b>(9,473)</b>	<b>(18,279)</b>	<b>(20,834)</b>	<b>(107,137)</b>	<b>(121,512)</b>	<b>(33,803)</b>	<b>(40,026)</b>	<b>(165,606)</b>	<b>(201,957)</b>
<b>Таза активтер</b>	<b>34,886</b>	<b>34,543</b>	<b>42,960</b>	<b>40,183</b>	<b>14,370</b>	<b>10,247</b>	<b>24,889</b>	<b>(11,948)</b>	<b>16,580</b>	<b>(3,078)</b>	<b>133,685</b>	<b>69,947</b>
Топтың бірлескен кәсіпорындардың таза активтеріндегі үлесі	17,443	17,271	21,480	20,091	7,328	5,226	12,444	(5,974)	9,110	(1,511)	67,805	35,103
Бірлескен кәсіпорындардың шығындарындағы жинақталған мойындалмаған үлес	-	-	-	-	-	-	1	-	292	7,587	293	7,587
Гудвил	-	-	-	-	4,105	4,105	-	-	(1,392)	71	2,713	4,176
Құнсыздану	-	-	-	-	-	-	-	-	-	(76)	-	(76)
Топтың іске асырылмаған табысы	(1,652)	(1,781)	(2,082)	(1,490)	(215)	-	-	-	-	-	(3,949)	(3,271)
<b>Инвестициялардың баланстық құны</b>	<b>15,791</b>	<b>15,490</b>	<b>19,398</b>	<b>18,601</b>	<b>11,218</b>	<b>9,331</b>	<b>12,445</b>	<b>(5,974)</b>	<b>8,010</b>	<b>6,071</b>	<b>66,662</b>	<b>43,519</b>
Табыс жиыны	48,720	49,829	40,534	36,065	24,388	25,149	65,951	37,528	18,442	12,705	198,035	161,276
Тозу және амортизация	(4,414)	(4,706)	(3,870)	(3,118)	(3,827)	(3,461)	(2)	(2)	(1,209)	(794)	(13,322)	(12,081)
Проценттік кіріс	54	56	380	38	32	28	-	828	2,601	43	3,067	993
Проценттік шығыс	(120)	(426)	-	-	(893)	(1,224)	-	(4,359)	(765)	(572)	(1,778)	(6,581)
Табыс салығы	(6,580)	(6,344)	(5,491)	(5,491)	(1,304)	(777)	(9,264)	-	(1,388)	(550)	(24,027)	(13,162)
Жыл ішіндегі кіріс/шығыс	23,723	23,379	21,531	18,753	4,115	1,278	36,622	(14,353)	3,564	(10,329)	89,555	18,728
Алынған дивидендтер	11,689	3,271	9,377	3,996	-	-	-	-	-	-	21,066	7,267

## 25. Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар (жалғасы)

Жоғарыда көрсетілген барлық бірлескен кәсіпорындар есептілікте үлестік қатысу әдісімен көрсетілген.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ инвестициялардың құнынан артатын келесі бірлескен кәсіпорындардағы «Атом станциялары» Қазақстан-Ресей компаниясы АҚ-тағы 16 миллион теңге (2015 ж.: 48 миллион теңге) сомасындағы, «Үлбі конверция» ЖШС-дағы 17 миллион теңге (2015 ж.: 17 миллион теңге) сомасындағы және «Қазатомөнеркәсіп-Сорбент» ЖШС-дағы 17 миллион теңге (2015 ж.: 46 миллион теңге) сомасындағы жиналған шығындарындағы үлесін мойындамады.

## 26. Өзге инвестициялар

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
<b>Сату үшін қолда бар инвестициялар</b>		
Toshiba Nuclear Energy Holdings (US) Inc.	48,892	48,892
Toshiba Nuclear Energy Holdings (UK) Ltd.	17,112	17,112
«Байкен-У» ЖШС	1,022	1,022
Өзге	15	15
<b>Өзге инвестициялар барлығы</b>	<b>67,041</b>	<b>67,041</b>

*«Toshiba Nuclear Energy Holdings (US) Inc.» және «Toshiba Nuclear Energy Holdings (UK) Ltd.» инвестициялары*

2007 жылғы қазанда Топ «Toshiba Nuclear Energy Holdings (US) Inc.» (бұдан әрі - «TNEH-US») және «Toshiba Nuclear Energy Holdings (UK) Inc.» (бұдан әрі - «TNEH-UK») компаниялары А класындағы акцияларының 10% жалпы сомасы 540,000 мың АҚШ долларына (TNEH-US-ке 400,000 мың АҚШ доллары және TNEH-UK-ке 140,000 мың АҚШ доллары) сатып алды.

TNEH-US және TNEH-UK-тегі қатысу үлесін сатып алумен бір мезгілде Топ «пут» (бұдан әрі – «пут» опционы) опционына келісім жасасты. Осы «пут» опционына толықтыру ретінде 2012 жылдың соңында Топ және «Toshiba» Корпорациясы келісімге қол қойып, соған сәйкес Топ «пут» опционын 2017 жылғы 1 қазанынан бастап 2018 жылғы 28 ақпанына дейін пайдаланатын болды. «Пут» опционы Топқа TNEH-US мен TNEH-UK-тегі қатысу үлесін бастапқы бағаның 100% құны бойынша сату құқығын береді. Оның алғашқы акциялардың 67% және қалған 33% бастапқы төленген құнының 90% 540,000 мың АҚШ долларына тең, бұл «пут» опционының құнын 522,180 мың АҚШ долларына теңестіреді.

TNEH-US мен TNEH-UK-тегі иелік үлесін сатып алумен қатар, Топ бір мезгілде «колл» опционына (бұдан әрі, «колл» опционы) келісім жасасты. «Колл» опционы, егер АҚШ шетелдік инвестициялар жөніндегі комитеті, үкіметтік ұйым Топ бұдан былай стратегиялық әріптес болмайды деп шешім қабылдаса, Toshiba Corporation-ға Топтан TNEH-US мен TNEH-UK-тегі қатысу үлесін сатуды талап ету құқығын береді. Мұндай жағдайда Топ акцияларының әділетті құны тәуелсіз халықаралық бағалау компанияларын тарту арқылы бағаланатын болады. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Toshiba» корпорациясы «колл» опционын пайдаланған жоқ.

Топ TNEH-US және TNEH-UK-ке инвестицияларды қолда бар сатуға арналған деп бағалап отыр. Бұлай сараптау болашақта Топтың инвестицияларды ұзақ мерзімді ұстауға ниетті әрі қабілетті екендігін көрсетеді.

Бұрынғы жылдардағыдай, басшылық Топтың TNEH-US пен TNEH-UK акцияларындағы инвестицияларының әділетті құнын жеткілікті дәрежедегі сенімділікпен бағалай алмай отыр. Инвестициялар баланста сатып алу құны бойынша көрсетілген. Кәсіпорындар өз қызметтері туралы соңғы қаржылық ақпаратты жариялаған жоқ, биржада олардың акцияларына баға белгіленбейді, және жалпыға мәлім ақпараттарды бұл акциялармен таяуда болған сауда мәмілелерінің бағасы туралы ақпараттар жоқ.

«Байкен» ЖШС-на инвестициялар 5% қатысу үлесін білдіреді. Басшылық Топтың «Байкен» ЖШС инвестицияларының әділетті құнын жеткілікті дәрежедегі сенімділікпен бағалай алмай отыр. Инвестициялар баланста сатып алу құны бойынша көрсетілген, өйткені олардың үлестік инструменттеріне биржада баға белгіленбейді, және жалпыға мәлім ақпараттарды бұл инструменттермен таяуда болған сауда мәмілелерінің бағасы туралы ақпараттар жоқ.

Топ осы инвестицияларды сатуды іске асыруды жоспарламайды.

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**2016 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертулер**

**27. Дебиторлық берешек**

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
Саудадағы дебиторлық берешек	-	36
<b>Ұзақ мерзімдік дебиторлық берешектің барлығы</b>	<b>-</b>	<b>36</b>
Саудадағы дебиторлық берешек	64,524	103,406
Байланысты тараптардың саудадағы дебиторлық берешегі	5,096	5,507
<b>Жалпы саудалық дебиторлық берешектің барлығы</b>	<b>69,620</b>	<b>108,913</b>
Дебиторлық берешектің құнсыздану резерві	(1,697)	(1,379)
Байланысты тараптардың дебиторлық берешегінің құнсыздану резерві	(64)	(350)
<b>Таза саудалық дебиторлық берешек барлығы</b>	<b>67,859</b>	<b>107,184</b>
Өзге дебиторлық берешек	510	778
Байланысты тараптардың өзге дебиторлық берешегі	19	4
<b>Өзге дебиторлық берешек жиынтық барлығы</b>	<b>529</b>	<b>782</b>
Өзге дебиторлық берешектің құнсыздану резерві	(467)	(454)
<b>Өзге дебиторлық берешек барлығы</b>	<b>62</b>	<b>328</b>
<b>Қысқа мерзімді дебиторлық берешектің барлығы</b>	<b>67,921</b>	<b>107,512</b>

Топтың кредиттік және валюталық қатерлерге, сондай-ақ сауда дебиторлық берешектің құнсыздануынан шығындалуы туралы ақпарат 41 Ескертуде ашылған.

**28. Өзге активтер**

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
<b>Ұзақ мерзімді</b>		
Ұзақ мерзімді қорлар	7,149	6,398
Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар	5,450	857
Пайдалануы шектелген ақша қаражаты	3,470	7,032
Өтейтін ҚҚС	1,570	1,712
Қызметкерлерге берілген қарыздар	839	1,174
Келешек кезең шығыстары	694	620
Байланысты тараптарға берілген аванстар	345	578
Байланысты тараптар дивидендтері бойынша берешектер	-	1,256
<b>Өзге ұзақ мерзімді активтер барлығы</b>	<b>19,517</b>	<b>19,627</b>

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**2016 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертулер**

**28. Өзге активтер (жалғасы)**

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
<b>Қысқа мерзімді</b>		
Байланысты тараптар дивидендтері бойынша берешек	5,916	7,513
Тауарлар мен қызметтер үшін берілген аванстар	2,948	2,824
Байланысты тараптарға тауарлар мен қызметтер үшін берілген аванстар	498	728
Қызметкерлердің берешегі	451	471
Келешек кезең шығындары	373	336
Сақтандыру бойынша алдын ала төлем	335	434
Табыс салығынан басқа салықтар бойынша алдын ала төлем	185	228
Пайдалануы шектелген ақша қаражаты	82	5
Байланысты тараптар бойынша өзге активтер	16	-
Өзге активтер	27	18
<b>Өзге қысқа мерзімді активтер барлығы</b>	<b>10,831</b>	<b>12,557</b>

Пайдалануы шектелген, өзге де ұзақ мерзімді және қысқы мерзімді активтердің құрамындағы ақша қаражаттары қаржы активтері болып табылады. Ал қалған өзге ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді активтер қаржылық емес активтер болып табылады.

Ұзақ мерзімді қорлар құрылғаннан бастап Топқа тиесілі және болашақта уран таблеткаларын өндіретін жаңа объектілерді пайдалануға бергеннен кейін, пайдалануға арналған байытылған уран қорларын қамтиды. Басшылықта келесі есепті жылдың ішінде, шаруашылық қызметінің барысында осы қорларды пайдалану бойынша жоспары жоқ.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар тараптарына сәйкес Топ кен орындарды қалпына келтіру бойынша болашақ қызметті қаржыландыру мақсатында ұзақ мерзімді банк депозиттеріне ақша қаражатын аударады. 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ «Казинвестбанк» АҚ-ның ұзақ мерзімді депозитінде 4,189 миллион теңгені орналастырды. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы қаулысымен «Казинвестбанк» АҚ-ты бағалы қағаздар нарығында банктік және өзге де операциялар мен қызметтерді жүргізуге арналған лицензияны айыру туралы шешім қабылдады. Аталған оқиғаға байланысты, басшылық «Казинвестбанк» АҚ-тағы ұзақ мерзімді депозиттің қайтарылу мерзімі бойынша тұрлаусыздық бар деп шешті, және құнсыздандуды толық көлемде мойындады (12 Ескерту). 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кен орындарды қалпына келтіру бойынша болашақ қызметті қаржыландыруға жататын ұзақ мерзімді депозиттеріндегі пайдалануға шектеулі ақша қаражаттарының жалпы сомасы «Казинвестбанк» АҚ-тағы ұзақ мерзімді депозиттің құнсыздану резервін ескере отырып 3,467 миллион теңгені (2015 ж.: 6,888 миллион теңге) құрады.

2015 жылы ұзақ мерзімді активтерге берілген аванстардың құнсыздануы мойындалды (12 Ескерту).

**29. Қорлар**

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
Дайын өнім және сатуға арналған тауарлар	88,595	70,636
Аяқталмаған құрылыс	15,908	12,922
Шикізат және материалдар	14,476	13,354
Өңдеудегі материалдар	1,440	1,907
Қосалқы бөлшектер	730	826
Отын	656	506
Өзге материалдар	2,522	2,188
Ескірген және өтімсіз қорлар резерві және өткізудің таза құнына дейін есептен шығару	(4,232)	(2,647)
<b>Қорлар барлығы</b>	<b>120,095</b>	<b>99,692</b>



**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**2016 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертулер**

**29. Қорлар (жалғасы)**

Төменде резервтегі өзгерістер берілген:

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
1 қаңтарға қалдық	(2,647)	(1,713)
Жыл бойы резервті есептеу	(2,060)	(1,789)
Жыл бойы резервті қалпына келтіру	85	83
Жыл бойы есептен шығарылған қорлар	378	777
Сатуға арналған активтерге аударымдар	2	-
Көрсетілім валютасына қайта есептеу	10	(5)
<b>31 желтоқсанға қалдық</b>	<b>(4,232)</b>	<b>(2,647)</b>

**30. Мерзімдік депозиттер**

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>Валюта</b>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
<b>Ұзақ мерзімді</b>			
«Цесна Банк» АҚ	Теңге	15	15
«Банк ЦентрКредит» АҚ	АҚШ доллары	-	1,019
«Цесна Банк» АҚ	АҚШ доллары	-	1,468
«АТФ Банк» АҚ	АҚШ доллары	-	679
«Казкоммерцбанк» АҚ / «БТА Банк» АҚ	Теңге	-	1
<b>Ұзақ мерзімді депозиттер барлығы</b>		<b>15</b>	<b>3,182</b>
<b>Қысқа мерзімді</b>			
«АТФ Банк» АҚ	АҚШ доллары	25,597	-
«Цесна Банк» АҚ	АҚШ доллары	15,360	-
«Банк RBK» АҚ	АҚШ доллары	4,833	-
«Қазақстанның Халық банкі» АҚ	АҚШ доллары	3,666	4,243
«Банк ЦентрКредит» АҚ	АҚШ доллары	2,868	-
«Евразийский банк» АҚ	АҚШ доллары	1,911	560
«Банк ЦентрКредит» АҚ	Теңге	1,102	269
«АТФ Банк» АҚ	Теңге	532	2
«Қазақстанның Халық банкі» АҚ	Теңге	175	50
«Нұрбанк» АҚ	Теңге	100	-
«Евразийский банк» АҚ	Теңге	82	80
«Сбербанк» АҚ	Рес. рублі	70	93
«Сбербанк» АҚ	АҚШ доллары	69	68
«ForteBank» АҚ	Теңге	58	-
«Цесна Банк» АҚ	Теңге	48	48
«Альфа банк» ЕБ АҚ	Рес. рублі	5	-
«Казкоммерцбанк» АҚ	АҚШ доллары	-	3,395
«Банк RBK» АҚ	Теңге	-	208
«Альфа банк» ЕБ АҚ	Теңге	-	4
<b>Қысқа мерзімді депозиттер барлығы</b>		<b>56,476</b>	<b>9,020</b>

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың балансындағы мерзімді депозиттер бойынша сыйақылар 0% дан 18%-ға дейін жылдық мөлшерде түрленеді (2015 ж.: 0%-дан 17%-ға дейін жылдық). Топтың пайыздық мөлшерлеменің өзгеру қатеріне ұшырағыштығы туралы ақпарат және қаржылық активтер мен міндеттемелерге қатысты сезімталдығын талдау 41 Ескертуде ашылған.

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**2016 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертулер**

**31. Байланысты тараптарға берілген қарыздар**

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
<b>Ұзақ мерзімдік</b>		
«Қызылқұм» ЖШС	19,151	18,033
«Байкен» ЖШС	-	13,100
«Семізбай» ЖШС	-	1,211
<b>Ұзақ мерзімді қарыздар барлығы</b>	<b>19,151</b>	<b>32,344</b>
<b>Қысқа мерзімдік</b>		
«КРКАС» БК» АҚ	13	13
«Семізбай-У» ЖШС	-	1,211
<b>Қысқа мерзімді қарыздар барлығы</b>	<b>13</b>	<b>1,224</b>

Байланысты тараптарға берілген қарыздардың орташа бағамдалған жылдық пайыздық мөлшерлемесі 2016 жылы 8.47% (2015 ж.: 8.43%) құрады.

2010 жылғы қыркүйек пен желтоқсанда қаржылық көмек көрсету мақсатында Топ «Қызылқұм» ЖШС-ға мерзімдік, төлемдік және қайтарымдылық шарттарымен ұзақ мерзімді кредиттер ұсынды. 2012 жылы өтеу кестесі қайта қаралып, «Қызылқұм» ЖШС-ға қарыздарын қайтару мерзімі 2024 жылға ауыстырылды. 2015 жылы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт берілген кәсіпорын «Хорасан-У (Хорасан-У)» БК ЖШС «Қызылқұм» ЖШС-тің кредиті бойынша бірге қарыз алушы ретінде енгізілді. Бұл қарыздар бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін мүлік кепілі қабылданды.

2010 жылғы қыркүйек пен желтоқсанда қаржылық көмек көрсету мақсатында Топ «Байкен-У» ЖШС-ға мерзімдік, төлемдік және қайтарымдылық шарттарымен ұзақ мерзімді кредиттер ұсынды. 2012 жылы өтеу кестесі қайта қаралып, «Байкен-У» ЖШС-ға қарыздарын қайтару мерзімі 2022 жылға ауыстырылды. Сонымен қатар 2016 жылғы қыркүйекте «Байкен-У» ЖШС Топ алдындағы кредитін толық көлемде мерзімінен бұрын өтеуді жүргізді.

2012 жылғы қыркүйекте Топ «Семізбай» ЖШС-ге бес жылдық кредит берді. «Семізбай» ЖШС бұл қарыздары бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін мүлік кепілі қабылданды. «Семізбай» ЖШС кредитті 2014 жылдан бастап төледі, ал 2016 жылы Топ алдындағы кредитін толық көлемде мерзімінен бұрын өтеуді жүргізді.

**32. Ақша қаражаттары және олардың баламалары**

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
Банктердегі ағымдағы есепшоттар	62,323	53,246
Талап етілмелі салымдар	12,685	2,570
Кассадағы ақша қаражаты	44	53
<b>Ақша қаражаты және олардың баламаларының барлығы</b>	<b>75,052</b>	<b>55,869</b>

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**2016 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертулер**

### 33. Капитал

2016 жылғы 31 желтоқсанда Компанияның жарияланған және орналастырылған (төленген) жай акцияларының саны 36,784,961 дананы (2015 ж.: 36,692,361 дана) құрайды.

Компанияның барлық акциялары «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тиесілі (1 Ескерту), ол дивидендтерді бөлуде шешім қабылдайтын жалғыз және түпкі тарап болып табылады. Әрбір жай акция бір дауыстың құқығына ие.

2015 жылғы наурызда Компания жалпы сомасы 93 миллион теңгеге 1 акция үшін 1,000 теңге атаулы құнымен жай акциялардың 92,600 данаға артуы тіркелді. 2015 жылғы 31 желтоқсанында Акционер осы акцияларды орналастырмады (төлемеді). 2016 жылдың ішінде Акционер Компанияға «Қазақстандық атом электр станциялары» АҚ кәсіпорнының 93 миллион теңгеге бағаланған 92,600 акцияларын төлем ретінде берді (40 Ескерту)

Жыл ішінде мынадай дивидендтер жарияланды және төленді:

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
1 қаңтарға шаққандағы дивидендтер бойынша кредиторлық берешек	-	-
Жыл ішінде жарияланған дивидендтер	12,031	2,323
Жыл ішінде төленген дивидендтер	(12,031)	(2,323)
<b>31 желтоқсанға дивидендтер бойынша кредиторлық берешек</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
<b>Жыл ішінде жарияланған акцияларға арналған дивидендтер, теңгемен</b>	<b>328</b>	<b>63</b>

### 34. Кредиттер мен қарыздар

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
<b>Ұзақ мерзімдік міндеттемелер</b>		
Банк кредиттері	76,861	119,481
Банктік емес кредиттер	323	295
<b>Ұзақ мерзімдік кредиттер мен қарыздар барлығы</b>	<b>77,184</b>	<b>119,776</b>
<b>Қысқа мерзімдік міндеттемелер</b>		
Банк кредиттері	50,581	52,845
<b>Қысқа мерзімдік кредиттер мен қарыздар</b>	<b>50,581</b>	<b>52,845</b>

2015 - 2016жж. Топ айналым қаражаттарын толықтыру мақсатында қысқа мерзімді банк кредиттерін тартты.

2010 жылғы 20 мамырда Топ 6.25% жылдық купондық сыйақы мөлшерлемесімен және 2015 жылы өтеу мерзімімен негізгі борыштың 500,000 мың АҚШ доллары (73,510 миллион теңге) сомасына облигациялар шығарды. Облигациялар бойынша купондық сыйақы 2010 жылдың 20 қарашасынан бастап жыл сайын 20 қарашада және 20 мамырда жарты жылдық негізде төлеуге жатады. Облигациялар Лондон Қор Биржасымен Қазақстан Қор Биржасында шығарылды және сатылады. 2015 жылғы 20 мамырда Топ 500,000 мың АҚШ доллар сомасына облигацияларды өтеді.

#### 34. Кредиттер мен қарыздар (жалғасы)

2015 жылдың 19 қаңтарында Топ бес банкпен жалпы сомасы 450 миллион АҚШ долларына қамтамасыз етілмеген біріктірілген қарыз туралы келісімге қол қойды. Бұл біріктірілген қарыздың мақсаты облигацияларды қайта қаржыландыру болып табылады. Қарыз 2015 жылдың қыркүйегінен 2019 жылдың маусым арасында бірдей транштармен өтеледі. Қарыздың міндетті шартында Топ кәсіпорындарының жалгерлікті сату және қайтару, факторинг бойынша айтарлықтай мәмілелер жасамау, сондай-ақ кәсіпорындардың айтарлықтай қосылуын, ажырауын, бірігуін және корпоративтік қайта құрылымдалуын, айтарлықтай сатып алынуын және құрылуын, кредиттік келісімшартта көрсетілгеннен басқа, жүргізуге шек қою қамтылған. Топ сондай-ақ қаржылық міндеттемелерінің EBITDA-ға 3.5 аспайтын қаржылық міндеттемелер сомасының арақатынасын, өз капиталына 1 аспайтын қаржылық міндеттемелер сомасының арақатынасын ұстап тұруға міндетті.

Төменде Топтың қарыздары мен кредиттері туралы ақпарат берілген:

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	Валюта	Төлем мерзімі (жылы)	2016 ж.	2015 ж.
<b>Банктік кредиттер</b>				
Бірлестірілген қарыз	АҚШ доллары	2019	92,127	131,353
The Bank of Tokyo-Mitsubishi UFJ Ltd	Еуро	2024	17,178	20,440
«Ситибанк Қазақстан» АҚ	АҚШ доллары	2017	7,736	-
Natixis Bank	АҚШ доллары	2022	4,330	5,323
«Казкоммерцбанк» АҚ	Теңге	2020	4,233	4,233
«Альфа-Банк» АҚ	АҚШ доллары	2015-2016	1,838	1,743
«Ситибанк Қазақстан» АҚ	АҚШ доллары	2016	-	1,311
«Казкоммерцбанк» АҚ	Теңге	2016	-	7,923
<b>Банктік кредиттер барлығы</b>			<b>127,442</b>	<b>172,326</b>
<b>Банктік емес кредиттер</b>				
Кожема-Катко-Демеу	Теңге	2024	323	295
<b>Банктік емес кредиттер барлығы</b>			<b>323</b>	<b>295</b>

2016 жылы қарыз бойынша жылдық орташа бағамдық мөлшерлеме сыйақының тіркелген пайыздық мөлшерлемесімен 5.39% (2015 ж.: 4.97%), және сыйақының толқымалы мөлшерлемесі бар қарыздар бойынша 2.81% (2015 ж.: 2.44%) болды.

#### *Кредиттік келісімдер бойынша міндетті шарттар*

Топ кәсіпорындарының банкілермен жасасқан кредиттік келісімдерінің міндетті шарттарына сәйкес, Топ барлық жағдайда да өзіне қатысты қолданылатын заңдарды сақтауға тиіс. Кредиттік келісімдерде көзделген жағдайларды есептемегенде, оның қандай да бір активтеріне қатысты міндеттемелер алмауға, ондай жағдайлар туып жатса, кредит беруші банкілерден активтерді сатуға, сатып алуға, қосылуға және істен шығуларға рұқсат алмауға тиісті. Топ сондай-ақ азаматтық мақсаттар үшін Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қойған, және Халықаралық атом энергиясы агенттігіне мүше елдердегі сатып алушыларға уран сата алады.

Сонымен қатар, Топ белгіленген деңгейлерде салықтарды, сыйақыларды, тозу мен амортизацияны төлегенге дейін қарыз қаражатының өз капиталына қатынасы, қарыз қаражатының пайдаға қатынасы сияқты Топтың шоғырландырылған ақпаратына негізделген бірнеше негізгі қаржылық көрсеткіштерді ұстап тұруға тиісті. Топтың басшылығы Топ 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жоғарыда аталған барлық міндетті шарттарды орындап жатыр деп есептейді.

#### *Айтарлықтай ақшалай емес операциялар*

2015-2016 жылдардың барысында өнім берушілерді тікелей қаржыландыру жолымен банктер берген айтарлықтай қарыздар болған жоқ.

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**2016 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертулер**

**35. Резервтер**

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	Кәсіптік сырқаттарға байланыстыө темақы төлеуге арналған резерв	Қоршаған ортаны қорғауға арналған резерв	Кен орындарын қалпына келтіруге арналған резерв	Өзгелері	Барлығы
<b>2015 ж. 1 қаңтарға</b>					
Ұзақ мерзімдік	568	2,576	13,732	26	16,902
Қысқа мерзімдік	98	-	-	-	98
<b>Барлығы</b>	<b>666</b>	<b>2,576</b>	<b>13,732</b>	<b>26</b>	<b>17,000</b>
Жыл ішінде құрылған резервтер	-	-	22	1	23
Дисконтты есептен шығару	42	162	870	1	1,075
Жыл ішінде пайдаланылған резервтер	(95)	-	-	-	(95)
Есептік бағалаудағы өзгерістер	(94)	(422)	(214)	-	(730)
Көрсетілім валютаға қайта есептеу	-	-	11	-	11
<b>2015 ж. 31 желтоқсанына</b>					
Ұзақ мерзімдік	419	2,316	14,420	28	17,183
Қысқа мерзімдік	100	-	1	-	101
<b>Барлығы</b>	<b>519</b>	<b>2,316</b>	<b>14,421</b>	<b>28</b>	<b>17,284</b>
Жыл ішінде құрылған резервтер	7	-	150	2	159
Дисконтты есептен шығару	35	155	909	1	1,100
Істен шығару	-	-	(25)	-	(25)
Жыл ішінде пайдаланылған резервтер	(95)	-	-	-	(95)
Есептік бағалаудағы өзгерістер	-	262	(1,268)	-	(1,006)
Көрсетілім валютаға қайта есептеу	-	-	1	-	1
<b>2016 ж. 31 желтоқсанына</b>					
Ұзақ мерзімдік	369	2,733	14,187	31	17,320
Қысқа мерзімдік	97	-	1	-	98
<b>Барлығы</b>	<b>466</b>	<b>2,733</b>	<b>14,188</b>	<b>31</b>	<b>17,418</b>

*Кәсіптік аурумен ауырған жағдайда өтемақы төлеуге арналған резерв*

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 939, 943, 944 баптарына сәйкес, Топтың жұмыс істеген уақытта немесе зейнет жасында жұмыс орнындағы жағдайдың салдарынан туындаған кәсіптік сырқаттар, еңбекке жарамдылығынан айрылу фактілері бойынша жәрдемақылар төлеу жөніндегі міндеттемелері бар.

Резерв сомасын белгілеген кезде Топ басшылығы өз бағалауларын негіздеуде, қазіргі және бұрынғы қызметкерлердің ауырған және еңбекке жарамдылығынан айрылған жағдайларының алдағы деңгейін назарға алып, экстраполяцияланған тиісті жалақысына сүйене отырып, әртүрлі санаттағы қызметшілерге төленетін орташа жылдық төлемдердің ұйғарынды ұзақтығына, қазіргі кезде осы төлемдерге зәру қызметшілердің санына сүйенді. 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бағалау міндеттемелерінің дисконтталмаған сомасы 766 миллион теңгені (2015 ж.: 852 миллион теңге) құрады. Резерв тәуекелсіз мөлшерлеме болып табылатын 7.08% (2015 ж.: 6.70%) дисконттау мөлшерлемесін пайдалана келтірілген құны бойынша танылды, өйткені болашақ ақшалай жылыстау осындай міндеттемеге тән тәуекелді, және 5.13% (2015 ж.: 6.00%) инфляция мөлшерлемесін көрсетеді.

### **35. Резервтер (жалғасы)**

#### *Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға арналған резервтер*

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнамасына сәйкес, Топ радиоактивті қалдықтарды жоюға және ластанған негізгі құрал-жабдықтарды пайдаланудан алып жоюға тиіс. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бағалау міндеттемелерінің дисконтталмаған сомасы 58,176 миллион теңгені (2015 ж.: 57,134 миллион теңге) құрады. Табиғат қорғау іс-шараларына жұмсалған шығыстардың едәуір бөлігі 2068-2073 жж. үлесіне тиеді. Міндеттемелердің ұзақ мерзімдік сипатын ескере отырып, шығынның нақты құнына қатысты тұрлаусыздық бар. Резерв тәуекелсіз мөлшерлеме болып табылатын 7.08%-дық (2015 ж.: 6.70%), дисконт мөлшерлемесін пайдалана келтірілген құны бойынша танылды, өйткені болашақ ақша кетісі осындай міндеттемеге, және 5.13%-дық (2015 ж.: 6.00%) инфляция мөлшерлемесіне тән тәуекелдерді көрсетеді.

Қоршаған ортаны қорғауға арналған резерв сомасын анықтау кезінде Топ басшылығы 2000-2016 жж. жүргізілген ұқсас сипаттағы тазарту жұмыстарын жүргізу және пайдаланудан алу тәжірибесіне негізделген болжау мен бағалауларды пайдаланды. Есептік болжаулар мен бағалауларды қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қолданыстағы заңнаманы өте жақсы түсіндіру негізінде Топ инженерлері, сондай-ақ кәсіби кеңесшілер берді.

#### *Кен орындарын қалпына келтіру резерві*

Топ, оның әрбір учаскесі бойынша кен орындарды қалпына келтіруге арналған шығындарды бағалауды жүзеге асырды. Жою іс-шараларына арналған шығынның жалпы дисконтталмаған құны шамамен 23,589 миллион теңгені (2015 ж.: 26,972 миллион теңге) құрайды. Кен орындарды қалпына келтіруге арналған резерв сомасы тартуға тиіс шығыстарға жатқызылатын шығыстар бойынша ағымдағы бағаларды (есепті күндегі баға) пайдалана, және міндеттемелерді өтеу күнге дейінгі кезең ішінде инфляцияның болжамды мөлшерлемесін пайдалану арқылы айқындалды (2017-2038 жж. кезеңінде 5.13% шегінде). Міндеттеменің ағымдағы құнын айқындау үшін пайдаланылған дисконт мөлшерлемесі 2016 жылғы 31 желтоқсанда тәуекелсіз мөлшерлеме болып табылатын жылдық 7.08%-ды (2015 ж.: жылдық 6.70%) құрады, өйткені болашақ ақша кетісі осындай міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсетеді.

Міндеттеменің ұзақ мерзімдік сипатын ескере отырып, әрбір кен орнын қалпына келтіру кезеңіндегі шығынның нақты құнына қатысты тұрлаусыздық байқалады (4 Ескерту) .

Содан кейін жоюға жататын қайтадан бұрғыланған ұңғымаларды, салынған құм тұндырғыштар мен өзге объектілерді ескере отырып, жыл сайынғы негізде полигон объектілерінің жою құнын қайта есептеудің салдарынан, бағалауда өзгерістер болады.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес, Топ кен орындарын қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға арнаулы ұзақ мерзімді депозиттік шотқа ақшалай қаражаттарды аударады. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша арнаулы депозиттік шотқа арналған жиналған аударымдар 7,656 миллион теңгені (2015 ж.: 6,888 миллион теңге) құрады (28 Ескерту).

Төменде міндеттемелердің теңгерімділік құнын есептеуге негіз болған негізгі болжаулар берілген:

- Топтың қазіргі уақытта барлау сатысында тұрған кен орындарында игеру мен өндіруді жалғастыру ықтималдығы айқын байқалады. Топ өзінің ұзақ мерзімдік стратегиялық жоспарының бір бөлігі ретінде уран кен орындарының санын арттыру туралы жоспарларын көпшілікке жария етті. Стратегиялық жоспарды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен. Бұл фактілер Топтың өндіру мен барлауға арналған барлық келісімшарттары бойынша кен орындарды қалпына келтіру жөніндегі конструктивтік міндеттемелердің туындауына әкеліп соғады;
- Ақшалай қаражаттардың ағымы болатын болжалды кезеңді есептеу кен орындар қызметінің мерзіміне негізделеді. Шығыстардың едәуір бөлігі 2019-2034 жылдары, яғни кен орындарының қызмет көрсету мерзімінің соңы деп күтілуде; және
- инфляцияның болжамды деңгейі – жылына 5.13%.

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**2016 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертулер**

**36. Кредиторлық берешек**

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>2016ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
<b>Ұзақ мерзімді</b>		
Саудалық кредиторлық берешек	574	585
<b>Ұзақ мерзімді қаржылық кредиторлық берешектің барлығы</b>	<b>574</b>	<b>585</b>
Өзге кредиторлық берешек	7	-
<b>Өзге кредиторлық берешектер барлығы</b>	<b>7</b>	<b>-</b>
<b>Ұзақ мерзімді кредиторлық берешектер барлығы</b>	<b>581</b>	<b>585</b>
<b>Қысқа мерзімді</b>		
Байланысты тараптарға саудалық кредиторлық берешек	54,964	71,826
Саудалық кредиторлық берешек	18,308	29,094
<b>Қысқа мерзімді қаржылық кредиторлық берешектің барлығы</b>	<b>73,272</b>	<b>100,920</b>
Байланысты тараптарға өзге кредиторлық берешек	74	14
Өзге кредиторлық берешек	1,308	688
<b>Өзге кредиторлық берешектер барлығы</b>	<b>1,382</b>	<b>702</b>
<b>Қысқа мерзімді кредиторлық берешектер барлығы</b>	<b>74,654</b>	<b>101,622</b>

Топтың саудалық және өзге кредиторлық берешегіне қатысты валюталық тәуекелге және өтемпаздық тәуекелге ұшырағыштығы туралы ақпарат 41 Ескертуде ашылған.

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**2016 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертулер**

**37. Басқа міндеттемелер**

<i>Миллион қазақстандық теңгемен</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
<b>Ұзақ мерзімді</b>		
Тарихи шығындар бойынша міндеттемелер	2,453	3,224
Байланысты тараптардан алынған аванстар	1,579	1,698
Алдағы кезеңдерге жатқызылатын табыс	723	546
Шығарылған қаржы кепілдері	179	378
Артықшылықты акцияларды ұстаушылардың алдындағы міндеттемелер	265	265
Алынған аванстар	-	30
<b>Жалпы ұзақ мерзімді өзге міндеттемелер</b>	<b>5,199</b>	<b>6,141</b>
<b>Қысқа мерзімді</b>		
Қызметкерлердің пайдаланылмаған демалыстары және сыйақылары бойынша есептелінген міндеттемелер	4,020	3,447
Байланысты тараптардан алынған аванстар	1,078	2,426
Жалақы бойынша берешек	1,892	2,049
Алынған аванстар	2,220	1,483
Әлеуметтік жарналар	872	850
Тарихи шығындар бойынша міндеттемелер	874	909
Басқа қатысушыларға төленетін дивидендтер	255	245
Алдағы кезеңге жатқызылатын табыс	90	75
Байланысты тараптардың басқа міндеттемелері	-	7
Басқа міндеттемелер	488	1,297
<b>Жалпы қысқа мерзімді өзге міндеттемелер</b>	<b>11,789</b>	<b>12,788</b>

*Тарихи шығындар бойынша міндеттемелер*

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың аясында Топ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды жасасқанға дейін мемлекеттің келісімшарттық аумақтарды геологиялық зерттеуге және уран кен орындарын барлауға жұмсалған жиынтық шығындарын өтеуге жауапты. Салық заңнамасының талаптарына сәйкес тарихи шығындар уранды коммерциялық түрде өндіру күнінен басталатын 10 жылдық кезең аяқталғанға дейін тең тоқсан сайынғы төлемді өтеуге жатады. Тарихи шығындар бойынша міндеттемелер АҚШ долларында номиналданған тарихи шығындар үшін 3.3%, және теңгеде номиналданғандар үшін 7% мөлшерлемесі бойынша дисконтталған болжамды болашақ төлемдер сомасында көрсетіледі (2015 ж.: тиісінше 3.3% және 7%,).

**38. Шартты және келісімшартты міндеттемелер**

***Соттың істі қарауы***

Топтың қалыпты қызметінің барысында талап арыздары түсіп тұрады. Өз бағалауына сүйене отырып, Басшылық, олар қандай-да бір шығын шекпейді деп есептейді.

***Салық салу***

Қазақстан Республикасындағы салық талаптары өзгеру мен тиянақсыз қолдануға және түсіндіруге шалдыққыш. Атап айтқанда, жер қойнауын пайдалануға арналған ағымдағы келісімшарттарда 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап салықтық тұрақтылық жоқ, және де салық міндеттемелері жалпы қалыпта есептелініп, Топтың позициясын қоса, жер қойнауын пайдаланушылардың салық позицияларын жағымсыз өзгерістерге әкелуі мүмкін. Қазақстандық заңдар мен ережелерді Топ және қазақстандық уәкілетті органдарының түсіндіруіндегі алшақтық қосымша салықтарды, айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеуге әкелуі мүмкін.

Қазақстандық заңнама және салық салу тәжірибесі үздіксіз даму жағдайында тұр, сондықтан ол кері күші болуы мүмкін әртүрлі түсіндірме мен жиі өзгерістерге ұшырайды. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін бес жылдың ішінде ретроспективті тексеріс жүргізуі мүмкін.



### **38. Шартты және келісімшартты міндеттемелер (жалғасы)**

Топ басшылығы оның тиісті заңнаманы түсіндіруі тиімді болып табылады және Топтың салықтық ұстанымы негізделген болады деп есептейді. Аяқталмаған салықтық даулар мен төлемдер бойынша егжей-тегжейлі ақпарат төменде аталған ескертпеде көрсетілген. Топ басшылығы Топ ағымдағы және әлеуметті салық талабы бойынша осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте қалыптастырылған резервтерден тыс елеулі шығын шекпейді деп есептейді.

#### *(а) Трансферттік бағаның құралуы*

Трансферттік бағаның құралуы туралы заңнаға сәйкес халықаралық операциялар мемлекеттің бақылауына жатады. Аталған заң қазақстандық компанияларға бағалар мен дифференциалдарды растайтын құжаттамалардың бар болуын қоса, халықаралық операцияларда пайдаланылған экономикалық негіздемені және баға есептеу әдісін сақтауға және қажет болса, ұсынуға тапсырады. Осыған толықтыру ретінде, дифференциалдар оффшорлы елдерде тіркелген компаниялармен халықаралық операцияларға қолданылмайды. Мәміле бағасы нарықтық бағадан ауытқыған жағдайда салық органдары салық салынатын баптарды түзеуге және қосымша салықтар, өсімпұлдар мен айыппұлдарды салуға құқығы бар.

Салық органдары Топтың трансферттік бағасының құралу саясатына келіспеуі мүмкін тәуекелдеріне қарамастан, егер салық органдары Топтың трансферттік бағасының құралу саясатына келіспеген жағдайда, онда ол өзінің позициясын негіздеуге және экспорттық бағалардың қалыптасуын растайтын қажетті барлық құжаттаманы ұсына алады деп басшылық есептейді. 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап Топ өз бетінше табыс салығына нарықтық бағаға дейін қоса есептеу жүргізіп отыр. 2016 жылда қоса есептеу сомасы 693 миллион теңгені (2015 ж.:542 миллион теңге) құрады (17 Ескерту).

2015 жылғы шілдеде Компанияда 2008 жылдағы трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша құжаттық тақырыптық тексеріс аяқталды. Тексеру қорытындысы бойынша Топқа корпоративтік табыс салығы мен өсімпұлдың жалпы көлемі 3,302 миллион теңгедегі, соның ішінде 2,512 миллион теңге сомасындағы корпоративтік табыс салығы, және 790 миллион теңге мөлшеріндегі өсімпұл сомасын толықтыра есептеу туралы Тексеру актісі және 2015 жылғы 22 шілдедегі № 2041 хабарлама ұсынылған болатын. Айыппұл талап қою мерзімінің өтуіне байланысты есептелінбеді. Топ салық тексеруінің қорытындысымен келіспеді, осыған байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитетіне 2015 жылғы 3 қыркүйектегі № 0416/2964 шағымын жіберді. 2015 жылғы 31 желтоқсанында басшылық 2008 жылғы трансферттік баға белгілеуді тексеру резервін мойындамады, себебі Топта Сот органдарында 2002-2006 жылдарда ұқсас мәселелер бойынша трансферттік баға белгілеуді тексеру актісін дауласудан оң нәтижесі болды.

2016 жылдың ішінде Компания Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитетінде хабарламаны сәтсіз шағымданды. 2016 жылғы 20 шілдеде Компания Астана қалалық соттың Апелляциялық сот алқасына шағым түсірді. 2016 жылғы 22 қыркүйекте Астана қалалық соттың Апелляциялық сот алқасы Компанияға істі қараудан бас тартты. Осы шоғырландырылған қаржы есептілігінің шығу күніндегі жағдай бойынша шағым беру мерзімі 2017 жылғы 22 наурызда аяқталуына қарамастан, Компания Жоғарғы сотқа шағым бермеуге шешті. Шағым түсіру кезеңінде 206 миллион теңге көлемінде өсімпұл есептелінді. Компания табыс салығы шығындарының құрамындағы 2,512 миллион теңге көлеміндегі толық есептеулер сомасын (17 Ескерту) және жалпы және өкімшілік шығындар құрамындағы 996 миллион теңге көлеміндегі өсімпұлды (11 Ескерту) мойындады.

#### *(б) Топ кәсіпорындарының кешенді салық тексерісі*

Астана қаласы бойынша салық департаментінің ұйғарымына сәйкес «Қазатамөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-та 2009-2012 жылдар аралығында бюджетке салықтардың барлық түрлері және басқа да міндетті төлемдер бойынша салық міндеттемелерін орындау мәселесі бойынша кешенді салық тексерісі жүргізілді. Салық тексерісінің қорытындысы бойынша (2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 186 актісі) Компанияға жалпы сомасы 3,035 миллион теңгеге, соның ішінде 1,735 миллион теңге сомасына (оның ішінде 980 миллион теңге сомасына корпоративтік табыс салығы, 155 миллион теңге сомасына үстеме пайдаға салық, 77 миллион теңге мүлік салығы, 234 миллион теңге сомасына қазбалы пайдаларды өндіруге арналған салық, 288 миллион теңге сомасына коммерциялық табу бонусы, 1 миллион теңге сомасына өзге салықтар) толықтыра есептелінген салықтарын және 339 миллион теңге сомасына өсімпұлды төлеуге хабарлама, сондай-ақ 961 миллион теңге сомасына өкімшілік айыппұлды төлеу талабы берілді.

### **38. Шартты және келісімшартты міндеттемелер (жалғасы)**

2015 жылғы 13 ақпанда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитетіне салық тексеруінің қорытындысымен келіспейтіні туралы шағым түсірді. 2016 жылғы 18 қаңтарда Компанияның шағмына жауап ретінде жалпы сомасы 1,215 миллион теңгеге, соның ішінде 522 миллион теңге сомасына корпоративтік табыс салығы, 91 миллион теңге сомасына үстеме пайдаға салынатын салық, 288 миллион теңге сомасына коммерциялық табылым бонусына, 77 миллион теңге сомасына мүлік салығының, 21 миллион теңге сомасына пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтың, 1 миллион теңге сомасына заңды тұлғалардың - резидент еместердің табыс салығы мен 215 миллион теңге сомасындағы өсімпұлдың салық тексеру қорытындысы туралы хабарламаға салық төлеушінің шағмын қарау қорытындысы туралы №186/1 хабарлама алынды. Қазақстан Республикасы салық кодексінің 396-бабына өзгерістер енгізілгенін ескере отырып, Компания 77 миллион теңге сомасында өндіріске дайындау бойынша капиталдандырылған шығындар құнына мүлік салығын және 21 миллион теңге сомасына пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықты есептеді.

2016 жылғы 5 наурызда Компания Астана қаласының Мамандандырылған аймақаралық экономикалық сотына 901 миллион теңге сомасына, соның ішінде 522 миллион теңге сомасына корпоративтік табыс салығы, 91 миллион теңге сомасына үстеме пайдаға салынатын салық, 288 миллион теңге сомасына коммерциялық табылым бонусына салық есептегені туралы №186/1 хабарлама қорытындысына өтініш жолдады.

2016 жылғы 27 сәуірде Компанияның Астана қ. Мемлекеттік кірістер департаментіне арызын қанағаттандыруға бас тартуы туралы соттың шешімі алынды. 2016 жылғы 18 мамырда Компания Астана қ. Апелляциялық алқалы сотына апелляциялық шағымды жолдады. 2016 жылғы 22 маусымда Астана қ. Апелляциялық сот алқасының шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулысы алынды, және Компания Жоғарғы сотқа шағым бермеуге шешті. Топ 2015 жылғы салықтарды, айыппұлдар мен өсімпұлдарды қоса, осы төлемдер бойынша 1,598 миллион теңге сомасындағы міндеттемелерді мойындады, сондықтан осы шешім осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсер етпеді.

2014 жылдың салық органдарымен «Аппақ» ЖШС 2010-2012 жылдардағы кезеңге салық пен басқа да бюджетке міндетті төлемдердің барлығы салық міндеттемелерін орындау мәселесі бойынша кешенді салық тексеруі жүріп өтті. Салық тексеруінің нәтижесінде «Аппақ» ЖШС 2,312 миллион теңге (оның ішінде корпоративтік табыс салығы 1,300 миллион теңге сомасына, үстеме табыс салығы 474 миллион теңге сомасына, мүлікке салық 368 миллион теңге сомасына, пайдалы қазбаны өндіру салығы 170 миллион теңге сомасына) сомасына қоса есептелген салықтарды және 758 миллион теңге сомасына өсімпұлды, және де 1,156 миллион теңге сомасына әкімшілік пұл төлеу жөнінде хабарлама берілді.

«Аппақ» ЖШС Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитетіне шағым түсірді. «Аппақ» ЖШС шағмына жауап қорытындысы бойынша Шымкент қ. Әл-Фараби ауданының экономикалық сотына жалпы сомасы 840 миллион теңгеге, соның ішінде 628 миллион теңге сомасына корпоративтік табыс салығына және 212 миллион теңге сомасына өсімпұлға талап арызы жолданды. Қарастыру қорытындысы бойынша «Аппақ» ЖШС талабы қанағаттандырылусыз қалдырылды. Соңында «Аппақ» ЖШС Шымкент қаласының сотына апелляциялық шағымды жолдады, Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 2016 жылғы 18 қазандағы қаулысымен бастапқы тексеру қорытындысының күші жойылды, іс бірінші инстанцияның сотына қайта қарауға жолданды. «Аппақ» ЖШС консерваторлық ұстанымды қабылдады, 2015 жылғы 31 желтоқсанда жалпы сомасы 1,274 миллион теңгеге, оның ішінде 627 миллион теңге сомасына корпоративтік табыс салығының (17 Ескерту), 212 миллион теңге сомасына өсімпұлдың және 435 миллион теңге сомасына айыппұлдың міндеттемесін мойындады. 2016 жылдың ішінде 183 миллион теңге мөлшеріндегі өсімпұл қосымша есептелінді (11 Ескерту).

2015 жылғы 30 қыркүйекте «Аппақ» ЖШС-та «Адет» ЖШС-пен өзара қатынас мәселесі бойынша салық тексеруі аяқталды, оның қорытындысы бойынша 243 миллион теңге сомасына корпоративтік табыс салығын және 121 миллион теңге сомасына қосымша құн салығын есептеу туралы хабарлама шығарылды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитетіне, Оңтүстік Қазақстан облысының Мамандандырылған аймақаралық экономикалық сотына, Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының апелляциялық алқасына және Жоғарғы сотқа шағымдар қанағаттанусыз қалды. 2015 жылы «Аппақ» ЖШС 369 миллион теңге сомасына, соның ішінде 364 миллион теңгеге салықтар және 5 миллион теңге сомасына өсімпұл резервін құрды, сондықтан соңғы шешім осы шоғырландырылған қаржы есептілігіне әсер еткен жоқ.

### **38. Шартты және келісімшартты міндеттемелер (жалғасы)**

2014 жылы салық органдары уран өнімін өндіру және сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Топтың қауымдастырылған кәсіпорны «КАТКО» БК» ЖШС-тің 2009-2012 жылдардағы көшенді салық тексеруін аяқтады. Тексерудің қорытындысы бойынша «КАТКО» БК» ЖШС-ке жалпы сомасы шамамен 12 миллиард теңгеге (Топтың үлесі шамамен 6 миллиард теңге) наразылық білдірілді. «Катко» БК» ЖШС басшылығы салық тексерудің қорытындысына Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Салық департаментіне шағым берді, осыған байланысты 2016 жылғы шілдеде тексерудің нақтыланған актісі және жалпы сомасы 7,300 миллион теңгеге хабарлама алынды. «КАТКО» БК» ЖШС Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінде және Астана қаласының сотында шешімді сәтсіз шағымданды. 2017 жылғы 9 қаңтарда «КАТКО» БК» ЖШС Жоғарғы соттың мамандандырылған сот алқасына апелляциялық шағымды жолдады. «КАТКО» БК» ЖШС тобының басқа кәсіпорындары да мүлік салығына және пайдалы қазбаларды өндіру салығына қатысты міндеттемені мойындады. 2015 жылғы 31 желтоқсанда «КАТКО» БК» ЖШС корпоративтік табыс салығы, мүлік салығы және пайдалы қазбаларды өндіруге салынған салығы бойынша 1,740 миллион теңге сомасында салық міндеттемесін және өкімшілік айыппұлдар мен өзге қосымша есептеулерге 4,295 миллион теңге көлеміндегі резервті мойындады. Қосымша есептеулер сомасын қайта қарау осы шоғырландырылған қаржы есептілігіне тиімділік нәтижесін көрсетпеді.

#### **Жекешелендіру**

2014 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы қаулы қабылдады. Осы қаулыға сәйкес, Топқа 2014-2016 жж. алты еншілес және тәуелді кәсіпорындардағы қатысу үлестерін өткізуге ұсыныс жасалынды. 2015 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі 2016-2020 жж. арналған көшенді жекешелендіру жоспарының мақсатты іске асыру индикаторларын бекітті. Осы жоспар бәсекелі ортаға тағы да он алты маңызы кішкене кәсіпорындарды беруді көздейді.

Жекешелендіру жоспарына сәйкес, Топ 2017 жылы «КТ Сирек метал компаниясы» БК» ЖШС пен «Қызылту» ЖШС-ті өткізуді жоспарлайды. 2016 жылғы 31 желтоқсанында 2017 жылдың ішінде аталмыш кәсіпорындарды өткізудің жоғары ықтималдылығы болды, тиісінше Топ істен шығатын осы топтардың активтері мен міндеттемелерін сатуға арналған деп көрсетті (40 Ескерту).

#### **Сақтандыру**

Қазақстандағы сақтандыру қызметін көрсететін нарық қалыптасу сатысында тұр және басқа елдерде таралған сақтандырудың көптеген түрлері әлі қолжетімді емес. Топтың өз өндіріс ғимараттарына, өндірістің тоқтатылуымен болған шығындарға, немесе апаттың немесе Топ қызметінің нәтижесінде жылжымайтын мүлік объектілеріне, немесе қоршаған ортаға келтірілген зиянға байланысты үшінші тараптардың алдында туындаған міндеттемелерге қатысты толық сақтандыру арқылы қорғауы жоқ. Топта барабар сақтандыру өтелімі болмағанша, айқындалған активтердің жоғалуы немесе бүлінуі Топ қызметі мен қаржы жай-күйіне елеулі теріс әсер етуі мүмкін деген тәуекел бар.

#### **Қоршаған ортаны қорғау бойынша міндеттемелер**

Ескертуде айтылғандай БН-350 реакторының пайдаланудан шығаруға қатысты оқиғалар қалай орын алатыны жөнінде белгісіздік бар. Есептік күннің жағдайына басшылық Топ БН-350 қондырғысын пайдаланудан алу, сақтау оны одан әрі көдеге жарату бойынша заңды міндеттемелер немесе тұрақталған тәжірибемен шартталған міндеттемелер жоқ деп тұжырымдады. Келешекте осы сұрақты қайта қарастыруға әкелетін жағдайлар болуы мүмкін. Болашақта жағдайлардың дамуына байланысты, есепті күнге басшылық барлық орын алатын факторларды ескере отырып міндеттемелердің бар екендігін бағалайтын болады. Егер болашақта БН-350 қондырғысын пайдаланудан шығару бойынша жұмыстарды қаржыландыру жөнінде міндеттемелер Топқа берілетін болса, бұл тиісті резервті көрсету қажеттілігіне әкеледі.

#### **Кепілдіктер**

Кепілдіктер Топтың өзге тарап өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, төлемдерді жүзеге асыру бойынша қайтарып алынбайтын міндеттемелері болып саналады. Кейбір өзара байланысты тараптарды қаржыландыруға берілген қаржылық кепілдіктер бойынша ең үлкен кредиттік тәуекел 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 21,649 миллион теңгені (2015 ж.: 67,479 миллион теңге) құрады.

### **38. Шартты және келісімшартты міндеттемелер (жалғасы)**

#### ***Кредит шарттарының талаптарын сақтау***

Топ көбінесе кредиттер және қарыздармен байланысты белгілі талаптарды орындауы тиіс (34 Ескерту). Осы талаптарды орындамау Топ үшін қарыз қаражаттар құнының артуынмен қоса, жағымсыз нәтижелерге әкелуі мүмкін. 2016 ж. 31 желтоқсандағы және 2015 ж. жағдай бойынша Топ кредит шарттарында көзделген талаптарды сақтады.

#### ***Жер қойнауын пайдалану келісімшарттары бойынша міндеттемелер***

Топтың жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының талаптарына сәйкес ең төменгі жұмыстар бағдарламасын орындауға қатысты капиталдық шығындар бойынша 2017 жылға 4,927 миллион теңге (2016 ж.: 5,622 миллион теңге) сомасында міндеттемелері бар.

#### ***Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының әкімдіктерімен жасалған меморандумдар***

2014 жылғы желтоқсанда Топ 2015-2016 жж. арналған әлеуметтік-экономикалық даму аясында Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының әкімдіктерімен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойды. Осы меморандумдарға сәйкес Топ 2015-2016 жж. оларды ұстауға 3.6 млрд. теңге көлеміндегі қаржы қаражаттарымен бірге оған тиесілі әлеуметтік объектілерді облыстың коммуналдық меншігіне беруі күтіледі. Меморандумдар және де 2015-2016 жылдарда жалпы сомасы 3.2 млрд теңге тұратын үш әлеуметтік объектілерді салуды және Шымкент қаласында бизнес орталығын салуды жүзеге асыруды қарастырады. 2015 жылы әлеуметтік объектілер, оларды ұстауға 1.6 млрд теңге мөлшеріндегі ақшалай қаражаттармен бірге, коммуналдық меншікке ақысыз берілді.

2016 жылы Топ Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының әлеуметтік-экономикалық даму аясындағы ынтымақтастық туралы меморандумдарға сәйкес 3.1 миллиард теңге, соның ішінде құрылыс-монтаж жұмыстарына – 800 миллион теңге, негізгі құралдарды ұстауға – 1.5 миллиард теңге, қаржыландыруға – 800 миллион теңге аударды. 2016 жылғы 31 желтоқсанда Топ Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының әлеуметтік-экономикалық даму аясындағы ынтымақтастық туралы меморандумдардың шарттарын толық орындады.

#### ***Елеулі жоспарланған мәмілелер***

##### ***(а) Самесо-мен келісім***

2016 жылы Компания және «Инкай» БК ЖШС-тағы 60% үлесіне ие «Самесо» канадалық корпорациясы қайта құрылымдау туралы келісімге қол қойды. Келісім жақын 30 жылға «Инкай» БК ЖШС-ға қатысты бірлескен жобалардың одан әрі дамуын айқындайды, атап айтқанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт әрекетінің мерзімін ұзартуды және Компанияның «Инкай» БК ЖШС-тағы қатысу үлесін 40%-дан 60%-ға дейін арттыруды көздейді. Сондай-ақ қол қойылған келісімнің аясында бірлескен аффинаж өндірісін құру бойынша шарт бекітілген. Қатысу үлесін қайта бөлу 2019 жылдан бастау күтілуде. Осы транзакция 2016 жылдың шоғырландырылған қаржы есептілігіне әсер етпейді, бірақ болашақта елеулі әсер етеді.

##### ***(б) UraniumOneInc-мен келісім.***

2016 жылғы қазанда «Росатом» ресей корпорациясы, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі және Компания ядролық -отын циклы саласындағы өзара түсіністік пен стратегиялық ынтымақтастықты кеңейту туралы меморандумға қол қойды. Осы меморандумды дамытуда Компания және «Росатом» корпорациясының халықаралық уран өндіруші дивизионына кіретін Uranium One Inc. «Қаратау» ЖШС-ті одан әрі дамыту бойынша келісімге қол қойды. Осы транзакция 2016 жылдың шоғырландырылған қаржы есептілігіне әсер етпейді, бірақ болашақта елеулі әсер етеді.

### 38. Шартты және келісімшартты міндеттемелер (жалғасы)

(в) Корпоративтік талаптар

2006 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ «Байкен-У» ЖШС пен «Қызылқұм» ЖШС-тағы тиісінше 95% және 40% үлесін өткізді, соның нәтижесінде Топ жоғарыда көрсетілген кәсіпорындарға (ХҚЕС бойынша) бақылауды жоғалтты. Оффшор құзіретіндегі соттың қарауында «Байкен-У» ЖШС пен «Қызылқұм» ЖШС қатысуының белгілі бір бөлігі ресімделген оффшор құзіретіндегі тіркелген компания акцияларының құқығын тану туралы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ талабы тұр. 2016 жылғы 31 желтоқсанда «Қызылқұм» ЖШС қауымдастырылған кәсіпорынға құйылған инвестиция ретінде (24 Ескерту) және «Байкен-У» ЖШС - өзге инвестиция ретінде (26 Ескерту) танылды. Осы шоғырландырылған қаржы есептілікте осы құпия сипаттағы мәселе бойынша толық ақпарат ашылмайды. Осындай ақпаратты ашу мүдделі тараптармен соттық/келіссөздік үрдісі барысында Топтың ұстанымына үлкен шығын келтіруі мүмкін. Қазіргі таңда аталған мәселені реттеу жұмысы жүргізілуде. Басшылық Топтың осы іс бойынша нақты елеулі немесе шартты міндеттемелері жоқ деп есептейді.

### 39. Бақыланбайтын үлес

Төмендегі кестеде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ үшін елеулі бақыланбайтын үлестері бар барлық еншілес кәсіпорындар туралы ақпарат көрсетілген:

Еншілес кәсіпорынның атауы	Тіркеу орны және қызметтің негізгі орны	Бақыланбайтын үлестің пайызы	Бақыланбайтын үлеске келетін дауыс құқығының пайызы	Бақыланбайтын үлеске келетін кіріс немесе шығыс	Еншілес кәсіпорындардағы қорланған бақыланбайтын үлестер
«Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ	Қазақстан	9.82%	9.82%	644	6,405
«Аппақ» ЖШС	Қазақстан	35%	35%	2,761	6,501
«SARECO» БК» ЖШС	Қазақстан	49%	49%	(608)	(1,673)
<b>Барлығы</b>				<b>2,797</b>	<b>11,233</b>

Төмендегі кестеде 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ үшін елеулі бақыланбайтын үлестері бар барлық еншілес кәсіпорындар туралы ақпарат көрсетілген:

Еншілес кәсіпорынның атауы	Тіркеу орны және қызметтің негізгі орны	Бақыланбайтын үлестің пайызы	Бақыланбайтын үлеске келетін дауыс құқығының пайызы	Бақыланбайтын үлеске келетін кіріс немесе шығыс	Еншілес кәсіпорындардағы қорланған бақыланбайтын үлестер
«Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ	Қазақстан	9.82%	9.82%	1,022	6,008
«Аппақ» ЖШС	Қазақстан	35%	35%	295	3,829
«SARECO» БК» ЖШС	Қазақстан	49%	49%	(3,104)	(1,065)
<b>Барлығы</b>				<b>(1,787)</b>	<b>8,772</b>

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**2016 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертулер**

**39. Бақыланбайтын үлес (жалғасы)**

Осы еншілес кәсіпорындар бойынша жинақталған қаржы ақпараты төмендегі кестеде көрсетілген:

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	«Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ		«АППАҚ» ЖШС		«SARECO» БК» ЖШС	
	2016 г.	2015 г.	2016 г.	2015 г.	2016 г.	2015 г.
Қысқа мерзімді активтер	41,855	37,707	21,641	18,257	186	604
Ұзақ мерзімді активтер	35,578	35,454	14,542	14,244	227	281
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(4,076)	(3,123)	(15,811)	(20,132)	(3,827)	(3,058)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(5,622)	(5,779)	(1,813)	(1,434)	-	-
Топтың меншікті капиталы	67,735	58,251	18,570	7,106	(1,741)	(1,108)
Бақыланбайтын үлес	41,855	6,008	-	3,829	(1,673)	(1,065)
Табыстар	38,977	33,817	23,902	19,818	34	47
Шығыстар	(32,320)	(22,929)	(16,018)	(18,963)	(1,275)	(6,381)
<b>Жыл ішіндегі кіріс/(шығыс)</b>	<b>6,657</b>	<b>10,888</b>	<b>7,884</b>	<b>855</b>	<b>(1,241)</b>	<b>(6,334)</b>
Компания акционерлеріне жатқызылатын кіріс/шығыс	6,013	9,866	5,123	560	(633)	(3,230)
Бақыланбайтын үлеске жатқызылатын кіріс/(шығыс)	644	1,022	2,761	295	(608)	(3,104)
<b>Жыл ішіндегі кіріс</b>	<b>6,657</b>	<b>10,888</b>	<b>7,884</b>	<b>855</b>	<b>(1,241)</b>	<b>(6,334)</b>
<b>Жыл ішіндегі өзге жиынтық кіріс/(шығыс)</b>	<b>32</b>	<b>106</b>	<b>4</b>	<b>(40)</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
<b>Жыл ішіндегі жалпы жиынтық табыс/(шығыс)</b>	<b>6,689</b>	<b>10,994</b>	<b>7,888</b>	<b>815</b>	<b>(1,241)</b>	<b>(6,334)</b>
Бақыланбайтын үлестерге берілетін дивидендтер	-	-	-	-	-	-
Келесілерден түсетін ақшалай қаражаттардың таза түсімі/(шығарылуы):						
- операциялық қызмет	7,015	6,060	4,512	4,628	7	(719)
- инвестициялық қызмет	(4,046)	(9,055)	(1,795)	(1,309)	9	(106)
- қаржы қызметі	(2,945)	(268)	(247)	(3,963)	-	887
<b>Ақшалай қаражаттардың таза түсімі/(шығысы)</b>	<b>24</b>	<b>(3,263)</b>	<b>2,470</b>	<b>(644)</b>	<b>16</b>	<b>62</b>

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**2016 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертулер**

**40. Негізгі еншілес кәсіпорындар**

Осы шоғырландырылған қаржы есептілігіне келесі еншілес кәсіпорындар енеді:

	Қызмет түрі	Иелену үлесі	
		2016 ж.	2015 ж.
«МАЭК – Казатомөнеркәсіп» ЖШС	Электр энергиясын, жылуды, ауыз суы мен ыстық, техникалық және дистилденген суды өндіру және сату, теңіз суын қайта айдау және газды тасымалдау	100%	100%
«Қазатомөнеркәсіп-Даму» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп-Демеу» ЖШС)	Әлеуметтік сипат қызметтерін көрсету, жер қойнау аймақтарында әлеуметтік саланың объектілерін салу және пайдалануды ұйымдастыру	90%	90%
ТОО «Байланыс-ҰАК» ЖШС	Байланыс қызметтерін көрсету	100%	100%
«Қорған Қазатомөнеркәсіп» ЖШС	Қорғау қызметтерін көрсету	100%	100%
«Аппак» ЖШС	Уран кенін барлау, өндіру және алдын-ала өңдеу	65%	65%
«Ұлбі металлургиялық зауыты» АҚ	Уранды материалды өндіру және өңдеу, сирек металды және жартылай өткізгіш материалдарды өндіру	90.18%	90.18%
«Волковгеология» АҚ	Геологиялық барлау және уран кен орындарын зерттеу, бұрғылау жұмыстарын жүргізу, радиоактивтік деңгей, экологиялық жағдай мониторингісі	90%	90%
«Жоғары технологиялар институты» ЖШС	Ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық, тәжірибелік-конструкторлық және инжинирингтік кеңес беру қызметтерін көрсету	100%	100%
«Қызылту» ЖШС	Құрамында ураны бар молибден-мысты барлау, өндіру және өңдеу	76%	76%
«SARECO» БК» ЖШС	Кенді байыту, сирек металды концентраттардың гидрометаллургиялық өндірісі, сирек металдардың металдың жеке оксидіне ыдырауы бойынша химиялық өндіріс	51%	51%
«KazSilicon» МК» ЖШС	Металлургиялық және поликристалдық кремнийді өндіру және сату, кременийлік өндірістің қалдықтарын өндіру	100%	100%
«Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС	Күн сапасындағы кремнийді, кремнийлік пластиналарды және фотоэлектрикалық пластиналарды өндіру	100%	100%
«AstanaSolar» ЖШС	Фотоэлектрикалық модульдерді өндіру	100%	100%
«Сирек металды компания КТ» БК» ЖШС	Сирек және сирекжер металдар кен орындарын барлауға арналған техникалық-экономикалық негіздемелерді орындау	51%	51%
«Орталық» ӨК» ЖШС	Уранның химиялық концентратына дейін өңдеу, өндіру қызметін және таудағы дайындық жұмыстары бойынша қызмет көрсету	100%	100%
«РУ-6» ЖШС	Құрамында ураны бар кенді барлау, өндіру және бастапқы өңдеу	100%	100%
«Казатомпром-SaUran» ЖШС	Құрамында уран бар кенді барлау, өндіру және бастапқы қайта өңдеу	100%	100%
«Геотехносервис» ЖШС	Тау-кен жұмысының жоспарын жасау, жобаның таукен бөлігін әзірлеу, кешенді геофизикалық зерттеулерді жүргізу	100%	100%
«Сауда-көлік компаниясы» ЖШС	Кешенді материалдық-техникалық қамтамасыз ету және көлік-экспедициялық қызмет көрсету	99.9998%	99.9998%
«Қазақстандық атом электр станциялары» АҚ	Атом электр станцияларын салу және оларды пайдалану жобаларын іске асыру	100%	-
Kazakatom TN AG	Уран өткізу, қаржы қаражаттарын, тауарларды және құқықтарды инвестициялау және өкімшілендіру үшін маркетингтік қызметтерді жүзеге асыру	100%	-
«Реммонтажсервис» ЖШС	Геотехнологиялық полигондардың бекіткішін, жөндеу-механикалық қызметтерді жүзеге асыру, стандартты емес жабдықты және қосалқы бөлшектерді дайындау, жоспарлы-алдын -ала жөндеу жұмыстарын орындау	-	100%
«Құтқарушы-Тау-кен» ЖШС	Өрттен сақтау қызметі	-	100%
«Экоэнергомаш» ЖШС	Баламалы энергия көздері негізінде автономды объектілерді қамту комплексті энергожүйелерінде вертикалды-осьті жел-энергетикалық станцияларын өндіру	-	100%
«Қазақстандық ядролық университет» ЖШС	Оқу бағдарламаларын, семинарлар, курстар мен тренингтарды ұйымдастырып, жүргізу қызметін көрсету	-	100%
«ТТХК» ЖШС	Құрамында ураны бар кенді барлау, өндіру және бастапқы өңдеу	-	100%
«Степное КБ» ЖШС	Құрамында ураны бар кенді барлау, өндіру және бастапқы өңдеу	-	100%

2016 жылы Компания Швейцарияда KazakatomTNAG еншілес кәсіпорнын құрды. Барлық еншілес кәсіпорындар Қазақстанда құрылып, өз қызметтерін жүргізеді

2016 жылдың ішінде Акционер 93 миллион теңгеге бағаланған «Қазақстандық атом электр станциялары» АҚ еншілес кәсіпорнына жарна салу арқылы Компанияның акционерлік капиталын арттырды (33 Ескерту).

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**2016 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертулер**

**40. Негізгі еншілес кәсіпорындар (жалғасы)**

2016 жылы «Экоэнергомаш» ЖШС және «Қазақстандық ядролық университеті» ЖШС «Жоғары технологиялар институтына»; «ТҚХК» ЖШС, «Степное РУ» ЖШС және «Реммонтажсервис» ЖШС Казатомпром-SaUran» ЖШС-ға қосылды; «Құтқарушы – Тау-кен» ЖШС өткізілді.

Жекешелендіру жоспарына сәйкес, Топ 2017 жылы «КТ Сирек метал компаниясы» БК» ЖШС пен «Қызылту» ЖШС-ті өткізуді жоспарлайды. 2016 жылғы 31 желтоқсанында 2017 жылдың ішінде аталмыш кәсіпорындарды өткізудің жоғары ықтималдылығы болды, тиісінше Топ істен шығатын осы топтардың активтері мен міндеттемелерін сатуға арналған деп көрсетті.

**41. Қаржы тәуекелдерін басқару**

Қаржы құралдарына қатысты есептік саясат және оның ашылуы қаржы құралдарының келесі жіктелімдерінде қолданылады:

<i>Миллион қазақстандық теңгемен</i>	<b>Ескерту</b>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
<b>Қаржы активтері</b>			
Өзге де инвестициялар	26	67,041	67,041
Саудалық дебиторлық берешек	27	67,859	107,220
Өзге дебиторлық берешек	27	62	328
Пайдалануда шектеулі ақшалай қаражаттар	28	3,552	7,037
Байланысты тараптардың дивиденттер бойынша берешегі	28	5,916	8,769
Қызметкерлерге берілген қарыздар	28	839	1,174
Мерзімді депозиттер	30	56,491	12,202
Байланысты тараптарға берілген зайымқарыздар	31	19,164	33,568
Банктағы ағымды шоттар	32	62,323	53,246
Талап етілетін салымдар	32	12,685	2,570
Кассадағы ақшалай қаражаттар	32	44	53
<b>Жалпы қаржы активтері</b>		<b>295,976</b>	<b>293,208</b>
<b>Қаржы міндеттемелері</b>			
Банктік кредиттер	34	127,442	172,326
Банктік емес кредиттер	34	323	295
Саудалық кредиторлық берешек	36	73,846	101,505
Басқа кредиторлық берешек	36	1,389	702
Қаржылық жалгерлік бойынша міндеттемелер		164	-
Тарихы шығындар бойынша міндеттемелер	37	3,327	4,133
Шығарылған қаржылық кепілдіктер	37	179	378
Артықшылықты акцияларды ұстаушылардың алдындағы міндеттемелер	37	265	265
Өзге қатысушыларға төленетін дивиденттер	37	255	245
<b>Жалпы қаржы міндеттемелері</b>		<b>207,190</b>	<b>279,849</b>

Топтың тәуекелдерді басқару функциясы қаржылық, операциялық және заңдық тәуекелдерге қатысты жүзеге асырылады. Қаржылық тәуекелдер кредиттік тәуекелді, өтімділік тәуекелін және нарықтық тәуекелді (валюталық тәуекел, пайыздық тәуекел және өзге бағалық тәуекел) қамтиды. Топтың тәуекелді басқару саясаты Топ шалдығатын тәуекелдерді табу және талдау, тәуекел және бақылаудың тиісті тетіктерінің ұйғарынды шекті мәнділіктерін белгілеу, сондай-ақ тәуекелдерді мониторингілеу және белгіленген шектеулерді сақтау мақсатында әзірленді. Тәуекелдерді басқару саясаты мен жүйесі нарық жағдайлары мен Топ қызметінің өзгеруіне байланысты өзгерістерді енгізу қажеттілігі үшін күнделікті талданады. Топ барлық қызметкерлер өз рөлдері мен міндеттерін түсінетін, бақылаудың ретке келтірілген және ықпалды жүйесін құру мақсатында стандарттар және оқыту мен басқару рәсімдерін орнатады. Операциялық және заңды тәуекелдерді басқару аталған тәуекелдерді барынша азайту мақсатында ішкі саясаттар мен рәсімдердің тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.



#### 41. Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Осы ескертпеде әрбір көрсетілген қаржылық тәуекелдерге Топтың шалдыққыштығы туралы, Топтың мақсаты, оның саясаты мен бағалау рәсімі және осы тәуекелдерді басқару туралы және Топтың капиталды басқару тәсілі туралы ақпарат ұсынылған. Сандық сипаттағы қосымша ақпарат осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің барлық мәтіні бойынша ашылады.

Директорлар кеңесі Топтың алдына мақсат қоюына және тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты бекітуіне жауапты. Басқарма тәуекелдерді басқару саясатын іске асыруға және тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыруға жауапты. Тәуекелдерді басқару комитеті оның орындалуына жауапты және Басқарма мен Директорлар кеңесінің алдында өз жұмысы туралы ұдайы есеп береді.

##### **Кредиттік тәуекел**

Топ кредиттік тәуекелге шалдыққыш, атап айтқанда қаржылық құрал жөніндегі тараптың біреуі өз міндеттемелерін орындамаудың арқасында басқа тарапқа қаржылық шығын келтіреді. Кредиттік тәуекелге шалдыққыштық төлемді кейінге шегеру және контрагенттер мен өзге мәмілелерді жасасу шартында Топтың өнімдерді сату нәтижесінде туындайды, соның нәтижесінде қаржы активтері пайда болады. Кредиттік тәуекел негізінен Топта бар сатып алушылардың дебиторлық берешектерімен, ақшалай қаражаттар және оның эквиваленттерімен, қызметкерлер мен байланысты тараптарға берілген мерзімді депозиттер және қарыздармен байланысты.

Қаржы активтерінің теңгерімділік құны Топтың кредиттік тәуекелге шалдыққыштығының ең жоғары деңгейін көрсетеді.

Ақшалай қаражаттар және оның эквиваленттерімен және мерзімді депозиттермен байланысты кредиттік тәуекелдер контрагенттер халықаралық рейтингтік агенттіктер берген жоғары кредиттік рейтингілі банкілермен көрсетілуіне байланысты шектеулі.

Төменде 2016 жылғы 31 желтоқсанына Топтың салымдары орналастырылған қаржы мекемелерінің кредиттік рейтингісі туралы ақпарат көрсетілген:

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>Standard&amp;Poor's В рейтингісімен</b>	<b>Standard&amp;Poor's С рейтингісімен</b>	<b>Өзгелері</b>	<b>Барлығы</b>
Пайдалануыда шектеулі ақшалай қаражаттар	3,547	5	-	3,552
Мерзімді депозиттер	56,491	-	-	56,491
Банктердегі ағымды шоттар	43,340	17,017	1,966	62,323
Талап етілмелі салымдар	2,184	10,501	-	12,685
<b>Барлығы</b>	<b>105,562</b>	<b>27,523</b>	<b>1,966</b>	<b>135,051</b>

Төменде 2015 жылғы 31 желтоқсанына Топтың салымдары орналастырылған қаржы мекемелерінің кредиттік рейтингісі туралы ақпарат көрсетілген:

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>Standard&amp;Poor's В рейтингісімен</b>	<b>Standard&amp;Poor's С рейтингісімен</b>	<b>Өзгелері</b>	<b>Барлығы</b>
Пайдалануыда шектеулі ақшалай қаражаттар	7,037	-	-	7,037
Мерзімді депозиттер	12,202	-	-	12,202
Банктердегі ағымды шоттар	49,755	-	3,491	53,246
Талап етілмелі салымдар	2,570	-	-	2,570
<b>Барлығы</b>	<b>71,564</b>	<b>-</b>	<b>3,491</b>	<b>75,055</b>

Саудалық дебиторлық берешекке қатысты Топтың кредиттік тәуекелге шалдыққыштығы негізінен әрбір сатып алушының жеке сипаттамаларына байланысты. Сатып алушылар өзінің қызметін жүзеге асыратын нақты салаға немесе елге тән дефолт тәуекелін қоса, клиент базаларының демографиялық көрсеткіштері кредит тәуекелдерінің деңгейіне кем дәрежеде әсер етеді. Топ кредит тәуекелінің шоғырлауына шалдыққыш. 2016 жылы Топ табысының шамамен 52%-ы (2016 жылғы 31 желтоқсанындағы сауда дебиторлық берешектің 77%-ы) сату негізгі жеті сатып алушыларға келеді (2015 жылы табыстың 52% және сауда дебиторлық берешегінің 77% екі сатып алушыларға келеді). Олар байланысты тараптар болып тұрғанда, Топ контрагенттерді ұқсас сипаттамалар бойынша айқындайды.

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**2016 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертулер**

**41. Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)**

Топ кредиттік саясатты қолданады, оған сәйкес Топ үшін стандартты төлемдер мен жеткізілімдердің жүзеге асыру шарттары мен мерзімдері ұсынылғанға дейін, әрбір жаңа клиенттің кредитке қабілеттілігі жеке талданады.

Топ саудалық және өзге дебиторлық берешекке қатысты сақтандыру өтелімін талап етпейді.

Географиялық өңірлердің тұрғысында есепті күндегі жағдай бойынша саудалық дебиторлық берешекке қатысты кредиттік тәуекелдің ең жоғарғы деңгейі мынадай болды:

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
Қытай	24,600	37,789
АҚШ	13,727	24,744
Еуропалық Одақ	10,650	22,403
Қазақстан	9,334	10,556
Жапония	3,622	8,829
Ресей	128	602
Канада	1,690	-
Өзге өңірлер	4,108	2,297
<b>Барлығы</b>	<b>67,859</b>	<b>107,220</b>

Компанияның ең ірі клиенттері ChinaNuclearEnergyIndustryCorporation, ExelonGenerationCompanyLLC, ElectricitedeFrance, UrangesellschaftmbH, CNNCInternational (HK) Limited, ITCNuclearFuelService (Cayman)LTD (2015ж.: ChinaNuclearEnergyIndustryCorporation, TradeTechEnergyLLC, ExelonGenerationCompanyLLC, ElectricitedeFrance, UrangesellschaftmbH)болып табылады. Есептік күндегі жағдай бойынша осы клиенттердің жиынтық дебиторлық берешегі 42,366 миллион теңгені (2015 ж.: 79,950 миллион теңге) құрайды.

Тауарларды өткізу бойынша орташа кредиттік кезең 30 күнді құрайды. Шот – фактураны ұсынған күннен бастап бірінші 30 күн үшін дебиторлық берешек бойынша пайыздар есептелмейді. Соңында пайыздар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша өтелмеген қалдыққа есептелінеді (2016 ж.: 5.5%; 2015 ж.: 5.5%). Күмәнді қарыздарды өтеуге арналған резерв контрагенттің міндеттемені орындамауының бұрынғы тәжірибесіне және контрагенттің ағымдағы қаржы жай-күйінің талдауына сүйене, мерзімі 30-дан 120 күнге дейін немесе 120 күннен астам мерзімі өткен дебиторлық берешек танылады. Төменде кредиттік сапа бойынша дебиторлық берешектің талдауы көрсетілген:

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>2016 ж.</b>		<b>2015 ж.</b>	
	<b>Саудалық дебиторлық берешек</b>	<b>Өзге дебиторлық берешек</b>	<b>Саудалық дебиторлық берешек</b>	<b>Өзге дебиторлық берешек</b>
<b>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған</b>	<b>66,551</b>	<b>62</b>	<b>105,320</b>	<b>328</b>
<b>Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған</b>				
0-30 күндерге дейін мерзімі өткен	784	-	998	-
31-120 күндерге дейін мерзімі өткен	346	-	762	-
120 күндерден астам мерзімі өткен	178	-	140	-
<b>Барлық мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған</b>	<b>1,308</b>	<b>-</b>	<b>1,900</b>	<b>-</b>
<b>Мерзімі өткен және құнсызданған</b>				
120 күндерден астам мерзімі өткен	1,761	467	1,729	454
<b>Барлық мерзімі өткен және құнсызданған</b>	<b>1,761</b>	<b>467</b>	<b>1,729</b>	<b>454</b>
Құнсыздану резервісі	(1,761)	(467)	(1,729)	(454)
<b>Барлығы</b>	<b>67,859</b>	<b>62</b>	<b>107,220</b>	<b>328</b>

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**2016 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертулер**

**41. Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)**

Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған берешек төлем мерзімі өтіп кеткен тарихы жоқ сатып алушылар жиынтығына жатады. Құнсыздану төлемі кідірілген дебиторлық берешектерге қатысты мойындалған.

Төменгі кестеде дебиторлық берешектің құнсыздануынан резервтің өзгеруі келтіріледі:

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>Саудалық дебиторлық берешек</b>	<b>Өзге дебиторлық берешек</b>
<b>2015 жылғы 1 қаңтарында құнсыздану резервісі</b>	<b>1,328</b>	<b>380</b>
Жыл ішінде құнсыздану резервісінің артуы	633	77
Қайта қалпына келтірілген	(11)	-
Жыл ішінде есептен шығарылған сома	(222)	(3)
Таныстыру рәсім валютасына қайта есептеу	1	-
<b>2015 жылғы 31 желтоқсанында құнсыздану резервісі</b>	<b>1,729</b>	<b>454</b>
Жыл ішінде құнсыздану резервісінің артуы	410	59
Қайта қалпына келтірілген	(172)	-
Жыл ішінде есептен шығарылған сома	(206)	(45)
Таныстыру рәсім валютасына қайта есептеу	-	(1)
<b>2016 жылғы 31 желтоқсанында құнсыздану резервісі</b>	<b>1,761</b>	<b>467</b>

Байланысты тараптарға берілген қарыздарға (31Ескерту) және қызметкерлер қарызына (28 Ескерту) қатысты кредиттік тәуекел берілген қаражаттардың қайтарылмау мүмкіндігінен пайда болады. Бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындарға және қызметкерлерге берген қарыздарға қатысты, Топ қарызгерлердің активтерін кепілдікке алу түріндегі қарыздарды қамтамасыз етуін ұсыну талабы арқылы кредиттік тәуекелді азайтады. Қарызгерлердің кредиттік рейтингісі жоқ.

**Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі – кәсіпорын қаржылық міндеттемелерді орындау кезінде қиыншылықтарға тап болады деген тәуекел. Топ бар ақшалай қаражаттарды күнделікті пайдалану қажеттілігіне байланысты тәуекелге ұшырағыш. Өтімділік тәуекелін Топтың қазынашылық және корпоративтік қаржы департаменті басқарады. Басшылық ақшалай қаражаттар қозғалысының болжамын ай сайын бақылайды.

Топ көбіне қарыздық қаражаттардан, сауда мен өзге кредиторлық берешектерден тұратын қаржыландырудың тұрақты базасын қолдауға тырысады. Топтың өтімділікті басқару тәсілі, жай және қиын жағдайларда қабылданбайтын шығындардың пайда болуына жол бермей және Топтың беделін тәуекелге душар етпей, мерзімінде өз міндеттемелерін өтеу үшін Топта жеткілікті өтімді қаражаттардың тұрақты бар болуын мүмкін болғанша қамтамасыз етуінде тұрады. Топ өтімділік деңгейіне болжанбаған талаптарға тез және тиісті түрде әсер ету мүмкіндігінің болуы үшін, өтімді активтердің әртараптандырылған портфельдеріне қаражаттарды инвестициялайды.

Топ әдетте болжалды операциялық шығыстарды жеткілікті көлемде өтеу үшін, бірінші талап бойынша қол жетімді ақшалай қаражаттардың бар болуын қамтамасыз етеді. Бұл ретте оның пайда болуын дәлелді болжауға болмайтын ерекше жағдайлардың әлеуетті әсері ескерілмейді, мысалы, табиғи апат .

Төменде өтімділік тәуекелін басқарудың маңызды элементі болып табылатын, қысқа мерзімді депозиттерде орналастырғандарды қоса, Топтың пайдаланылмаған қарыздары және уақытша бос ақшалары туралы ақпарат көрсетілген:

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
Қысқа мерзімді депозиттердегі сома	69,161	11,590
Шоттардағы ақшалай қаражаттардың сомасы	62,323	53,246
Қарыздар бойынша пайдаланылмаған сома	44,758	54,807
<b>Барлығы</b>	<b>176,242</b>	<b>119,643</b>

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**2016 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертулер**

**41. Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)**

Одан әрі келтірілген кестеде өтеуге дейін қалған шарттық мерзімдер бойынша есептік күннің жағдайы бойынша міндеттемелерді бөлу көрсетіледі. Өтеу мерзімдерінің кестесіндегі ашылған сомалар алынған кредиттер мен қаржы кепілдіктері бойынша міндеттемелердің жалпы сомасын қоса, келісімшарттық дисконтталмаған ақшалай ағындарды көрсетеді. Бұл дисконтталмаған ақшалай ағындар қаржылық жағдайы туралы есептемесінде енгізілген сомадан айырмашылығы бар, өйткені қаржылық жағдайы туралы есептемесінде көрсетілген сома ақшалай қаражаттардың дисконтталған ағындарының негізінде есептелінген.

Төленетін сома тиянақты болып табылмаған жағдайда, кестедегі сома есептік күнде болған жағдайларға сүйене айқындалады. Валюталық төлемдер есептік кезеңнің аяғындағы споттың айырбас бағамын пайдалана отырып, қайта есептелінеді.

Төменде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы міндеттемелерін өтеудің шарттық мерзімдері туралы ақпарат көрсетілген:

Миллион қазақстандық теңгемөн	Төңгерім-ділік құны	Шарт бойынша	Талап еткенге дейін және кем дегенде 1 ай	1-ден 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам
		қаражат-тар ағыны	ақшалай қаражат-тар ағыны	1-ден 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам
Банктік кредиттер	127,442	137,222	368	16,917	37,040	77,380	5,517
Банктік емес кредиттер	323	323	-	-	-	-	323
Саудалық кредиторлық берешек	73,846	73,846	-	73,272	-	574	-
Басқа кредиторлық берешек	1,389	1,389	-	1,389	-	-	-
Тарихи шығындар бойынша міндеттемелер	3,327	3,815	-	136	737	2,942	-
Қаржылық жалгерлік бойынша міндеттемелер	164	164	-	44	-	120	-
Шығарылған қаржылық кепілдіктер	179	179	-	-	-	179	-
Артықшылықты акцияларды ұстаушылардың алдындағы міндеттемелер	265	265	-	-	265	-	-
Өзге қатысушыларға төленетін дивидендтер	255	255	-	255	-	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>207,190</b>	<b>217,458</b>	<b>368</b>	<b>92,013</b>	<b>38,042</b>	<b>81,195</b>	<b>5,840</b>

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**2016 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертулер**

**41. Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)**

Төменде 2015 жылғы 31 желтоқсанындағы қаржы міндеттемелерін өтеудің шарттық мерзімдері туралы ақпарат көрсетілген:

Миллиондаған қазақстандық теңге	Теңгерім- ділік құны	Шарт бойынша ақшалай қаражат- тар ағыны	Талап еткенге дейін және кем дегенде 1 ай	1-ден	3 айдан	1 жылдан	5 жылдан астам
				3 айға дейін	1 жылға дейін	5 жылға дейін	
Банктік кредиттер	172,326	186,736	486	13,693	44,063	120,620	7,874
Банктік емес кредиттер	295	295	-	-	-	-	295
Саудалық кредиторлық берешек	101,505	101,505	-	100,920	-	585	-
Басқа кредиторлық берешек	702	702	-	702	-	-	-
Тарихи шығындар бойынша міндеттемелер	4,133	4,758	-	190	831	3,234	503
Шығарылған қаржылық кепілдіктер	1,665	1,665	-	1,287	-	378	-
Артықшылықты акцияларды ұстаушылардың алдындағы міндеттемелер	265	265	-	-	-	-	265
Өзге қатысушыларға төленетін дивидендтер	245	245	245	-	-	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>281,136</b>	<b>296,171</b>	<b>731</b>	<b>116,792</b>	<b>44,894</b>	<b>124,817</b>	<b>8,937</b>

Кепілдіктер бойынша келісімшарттық ақшалай ағындардың барынша көп сомасы 38 Ескертуде ашылған.

**Нарықтық тәуекел**

Топ нарықтық тәуекелдердің ықпалына ұшырағыш. Нарықтық тәуекел – бұл нарықтық бағаның өзгеруі Топтың пайдасына немесе ондағы бар қаржы құралдарының құнына жағымсыз ықпал жасайды деген тәуекел. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және айрықша өзгерістер тәуекелдеріне ұшырайтын а) шетел валюталары, б) пайыздық активтер мен міндеттемелер және в) үлестік құралдар бойынша ашық жайғасымдармен байланысты. Нарықтық тәуекелді басқарудың мақсаты инвестициялардың табыстылығын оңтайландыруға жетуге ұмтыла отырып, нарықтық тәуекелге ұшырауды бақылауда және оны ұйғарынды шегінде ұстауда болып тұр. Басшылық қабылданатын тәуекелдердің деңгейіне қатысты лимиттерді белгілейді және тұрақты негізде олардың сақталуын бақылайды. Алайда осы тәсіл нарықтағы аса елеулі өзгерістер болған жағдайда, осы лимиттерден тыс шығындардың болуына тосқауыл бола алмайды.

Төменде көрсетілген нарықтық тәуекелге сезімталдығы барлық қалған өзгермелі сипаттамалар өзгеріссіз қалғанына қарамастан, бір фактордың өзгеруіне негізделген. Іс жүзінде оның болу мүмкіндігі шамалы және бірнеше факторлардың өзгеруі корреляция жасай алады – мысалы, пайыздық мөлшерлеме мен валюталық бағамдардың өзгеруі.

**Валюталық тәуекел**

Топ функциялық валютадан айырмашылығы бар валютада көрсетілген сату, сатып алу және қарыздарды тарту операцияларын жүзеге асыра отырып, валюталық тәуекелге ұшырағыш. Қарыздар Топтың жұмыс істейтін құрамдарының ақшалай қаражат ағындары генерирленетін валютаға сәйкес валютада көрсетілген. Сөйтіп, негізінен туынды құралдарды пайдаланбай, экономикалық хеджерлеу нәтижесіне жетеді. Шетелдік валютада көрсетілген өзге ақшалай активтер мен міндеттемелерге қатысты, Топ валюталық төлемді ескере отырып, болашақ шығыстарды жоспарлау арқылы тәуекелге ұшырағыш нетто-жайғасымды ұйғарынды шегінде ұстап тұруға тырысады. Топ негізінен АҚШ доллары ауытқуының тәуекеліне ұшырағыш.

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**2016 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертулер**

**41. Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)**

Топтың валюталық тәуекелге ұшырағыштығы келесі түрде көрсетілген:

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
<b>АҚШ долларларында көрсетілген</b>		
Саудалық дебиторлық берешек	58,376	96,261
Өзге дебиторлық берешек	-	216
Байланысты тараптарға берілген қарыздар*	19,151	31,133
Банктердегі ағымдағы шоттар	43,577	44,621
Талап етілмелі салым ақша	11,978	1,020
Мерзімді депозиттер	54,304	11,432
<b>Барлық активтер</b>	<b>187,386</b>	<b>184,683</b>
Банк кредиттері	(106,031)	(139,730)
Саудалық және басқа кредиторлық берешек	(11,487)	(11,937)
Тарихи шығындар бойынша міндеттемелер	(2,813)	(4,133)
<b>Өзге де міндеттемелер</b>	<b>(120,331)</b>	<b>(155,800)</b>
<b>Валюталық тәуекелге шалдыққыш таза сома</b>	<b>67,055</b>	<b>28,883</b>

\* - байланысты тараптарға берілген қарыздар теңгеге ірілендірілген, АҚШ долларының бағамы теңгеге қатысты өзгеруін индекстеу туралы ереже бар.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша АҚШ долларына қатысты теңге бағамының 13%-ға әлсіреуі және 13%-ға нығайуы (2015 ж.: 60% және 20%) капитал шамасын және кезең ішіндегі кіріс пен шығысты төменде көрсетілген сомаға арттырар/(азайтар) еді.

<i>Миллион қазақстандық теңгемен</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
13%-ға (2015 ж.: 60%) АҚШ доллар бағамының артуы	6,974	13,864
13%-ға (2015 ж.: 20%) АҚШ доллар бағамының азаюы	(6,974)	(4,621)

Теңге бағамының АҚШ долларына қарасты 13%-ға (2015 ж.: 60%) әлсіреуі және 13%-ға (2015 ж.: 20%) нығайуы 2016 жылға тарихи нарықтық деректерің негізінде есептелген орта квадраттық ауытқудың көлеміндегі нарықтық тәуекелдің мүмкін болу өзгерісі болып табылады.

*Уранның нарықтық бағасының өзгеру тәуекелі*

Топтың қызметі АҚШ долларында халықаралық нарықта белгіленетін уран бағасының ауытқу ықпалына ұшырағыш. Топтың жыл сайынғы бюджеті келесі жылдың уранның болжамды бағасының негізінде дайындалады.

Тарихи уран құны ауытқуларға ұшырап отырады және Топ бақылауынан тыс көптеген фактілердің ықпалында болады, олар:

- Атом электрстанцияларының тарапынан отын ретінде пайдаланылатын уранға сұранысты,
- Сұраныс пен ұсыныстың арасындағы алшақтықты жою үшін аралас жоғары байытылған компоненттерді екінші рет пайдалану мен бар болуы сияқты қайталама көздер деңгейінің таусылуын,
- Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіліктің нормативтік актілерінің ықпалы және
- Тікелей уран саласына жататын өзге фактірлерді қамтиды, алайда онымен шектелмейді.

2,060 миллион теңге (2015 ж.: нөл) көлеміндегі уран өнімінің өндірісімен байланысты активтердің құнсыздануын қоспағанда, есептік күндегі жағдай бойынша Топтың қаржы активтері мен қаржы міндеттемелеріне қатысты нарықтық бағаның өзгеру тәуекеліне елеулі әсер болған жоқ (12 Ескерту).

**41. Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)**

*Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі*

Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруі, немесе олардың әділ құнын (сыйақының тиянақты мөлшерлемесімен борыштық міндеттемелер), немесе олар бойынша ақшалай қаражаттардың болашақ ағындарын (сыйақының өзгермелі мөлшерлемесімен борыштық міндеттемелер) өзгерту негізінен тартылған қарыздарға әсер етеді. Жаңа кредиттер мен қарыздарды тартқан кезде сыйақының қандай мөлшерлемесі (тиянақты немесе өзгермелі) өтеу мерзімі басталғанға дейін болжалды кезеңнің ішінде Топ үшін пайдалы болатынын басшылық өзінің кәсіби пайымдамасының негізінде айқындайды. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қарыз алысуының шамамен 18% құралдарында (2015 ж.: шамамен 20%) сыйақының тиянақты мөлшерлемесі бар.

Есептік күнде сыйақы мөлшерлемесінің түрлері бойынша топтастырылған Топтың пайыздық қаржылық құралдырының құрылымы мынадай болды:

<i>Миллиондаған қазақстандық теңге</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
<i>Сыйақының тиянақты мөлшерлемесімен құралдар</i>		
Пайдалануда шектеулі ақшалай қаражаттар	3,552	7,037
Мерзімді депозит	56,491	12,202
Байланысты тараптарға берілген зайымқарыздар	19,164	33,568
Талап етілетін салымдар	12,685	2,570
Банктік кредиттер	(23,572)	(34,339)
Банктік емес кредиттер	(323)	(295)
<b>Таза жайғасым</b>	<b>67,997</b>	<b>20,743</b>

*Сыйақының өзгермелі мөлшерлемесімен құралдар*

Банктік кредиттер	(104,193)	(137,987)
-------------------	-----------	-----------

*Сыйақының тиянақты мөлшерлемесімен қаржы құралдарының әділ құнының сезімталдығына талдау*

Топ өзгерісі кезең ішіндегі кіріс немесе шығыс құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын құралдар үшін көзделген тәртіпте сыйақының тиянақты мөлшерлемесімен ешқандай қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін есептемейді. Сондықтан есептік күндегі сыйақы мөлшерлемесінің қандай болса да өзгерісі кезең ішіндегі кіріс немесе шығыс көрсеткішіне әсер етпейді. Алайда қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері пайыздық мөлшерлердің өзгеруінің себебімен әділдік құнның өзгеру тәуекеліне түседі.

*Сыйақының өзгермелі мөлшерлемесімен қаржы құралдарының ақшалай қаражаттары ағындарының сезімталдығына талдау*

Есептік күндегі сыйақы мөлшерлемесінің 60(8) базистік пункттерге артуы (көмуі) (2015 ж.: 50 базистік пункттерге арттуы және 12 базистік пункттерге көмуі) төменде көрсетілген сомаға кезең ішіндегі капиталды және кіріс немесе шығыс шамасын азайтар (арттырар) еді. Аталған болжау басшылықтың ағымдағы нарықтық мөлшерлемеге, сондай-ақ экономикалық ортаға негізделген пайыздық мөлшерлемелердегі ықтимал өзгерістердің негізділігін бағалау болып саналады. Осы талдау барлық өзге айналмалылар, атап айтқанда шетел валюталардың айырбас бағамдары өзгермей қалды, және есептік күндегі өтелмеген міндеттердің сомасы жыл бойы өтелмей қалды деген жорамалға сүйене жүргізілді.

<i>Миллион қазақстандық теңгемен</i>	<b>2016 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>
60 базистік пункттерге (2015 ж.: 50 базистік пункттерге) артуы	(500)	(552)
8 базистік пункттерге (2015 ж.: 12 базистік пункттерге) көмуі	67	132

#### 41. Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

*Теңгерімділік құнмен салыстырғандағы әділ құны*

Келесі кестеде көрсетілген құралдарды қоспағанда, Топ қаржылық есептілікте танылған қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің теңгерімділік құны олардың қысқа мерзімді сипатына байланысты олардың әділ құнына шамамен тең деп есептейді:

<i>Миллион қазақстандық теңгемен</i>	2016ж. 31 желтоқсан		2015ж. 31 желтоқсан	
	Теңгерім- ділік құны	Әділ құны	Теңгерім- ділік құны	Әділ құны
<b>Қаржы міндеттемелері</b>				
Банктік қарыздар	127,442	118,005	172,326	165,435
Банктік емес қарыздар	323	165	295	140
Тарихи шығындар бойынша міндеттемелер	3,327	2,321	4,133	3,720
<b>Барлығы</b>	<b>131,092</b>	<b>120,491</b>	<b>176,754</b>	<b>169,295</b>

Қаржы міндеттемелерінің әділ құнын бағалау кезінде басшылық келесі болжауды пайдаланды: (а) пайызсыз қаржылық міндеттемелер және тиянақты пайыздық мөлшерлемесі бар міндеттемелер үшін қаржы міндеттемелері нарықтыққа барынша жуық тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталды; (б) өзгермелі мөлшерлемесі бар қаржылық міндеттемелер үшін қаржылық міндеттемелердің әділ құны теңгерімділік құнынан іс жүзінде айырмашылығы жоқ, өйткені ақшаның уақытша құнының тиімділігі шамалы.

#### **Капиталды басқару**

Топ Топтың үздіксіз қызметін жалғастыру, инвесторлардың, кредиторлар мен нарықтың сенімін сақтау қабілетін қамтамасыз ету, акционерге табыстылықтың қолайлы деңгейін қамтамасыз ету, капитал құнын ықшамдауға мүмкіндік беретін капиталдың тұрақты базасын қолдау саясатын көздейді. Капитал қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылған барлық капитал мен Топ резервтерін қамтиды. Топ келесі көрсеткіштердің мониторингін жүзеге асырады:

- қаржыны тұрақтандыру, кредиттерді басқару үшін қабылданатын шаралар, қарыздық қаражаттарды өткізу деңгейін айқындау;
- табыстылық, шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында өтемпіздықты, активтер мен капиталды басқарудың жалпы тиімділігін айқындау.

Топта капиталды басқару үшін сыртқыларға ұқсас ішкі сандық мақсаттық көрсеткіштер белгіленген.

Топ акционері Борышты және қаржылық тұрақтылықты басқару саясатын бекітті, оның мақсаты қаржы институтына жатпайтын ұйымдар үшін борышты және қаржылық тұрақтылықты басқарудың бірыңғай принциптері мен тетіктерін қабылдау арқылы қаржы тәуекелдерін басқару болып табылады.

Топтың қаржылық тұрақтылығын бағалау үшін 2015 жылдан бастап өзгермеген мынадай негізгі қаржы коэффициенттері пайдаланылады:

- қаржы борышының меншікті капиталына қатынасы 1-ден артық емес;
- қаржы борышының салықтарды, пайыздарды, тозу мен амортизацияны төлегенге дейінгі пайдаға арасалмағы (Борыш/ЕБИТДА) 3.5-тен артық емес.

2016 және 2015 жж. ішінде Топ капитал деңгейіне, ковенанттарды қосқанда, барлық сыртқы талаптарды сақтады (34 Ескерту).



#### **42. Қаржы құралдарының әділ бағасы**

Әділ бағаны бағалаудың нәтижесі әділ бағасының иерархия деңгейі бойынша былай талданады және бөлінеді: (i) 1-ші Деңгейге – сәйкес активтер мен міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы белгіленімді (түзетілмеген) баға бойынша бағалау жатады, (ii) 2-ші Деңгейге – бағалау әдісінің көмегімен алынғандар, ондағы барлық пайдаланылатын елеулі бастапқы деректер активтер мен міндеттемелер үшін тура (яғни, мысалы, бағалар) немесе жанама (яғни, мысалы, бағадан туынды) бақыланатын болып табылады, және (iii) 3-ші Деңгейді бағалау, олар бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген бағалаулар болып табылады (яғни, бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген). Қаржы құралдарын әділ баға иерархиясындағы осы, я болмаса өзге санаттарына жатқызылған кезде басшылық пайымдаманы пайдаланады. Егер әділ бағаны бағалауда елеулі түзетуді талап ететін бақыланатын деректер пайдаланылса, онда ол 3-ші Деңгейге жатқызылады. Пайдаланылатын деректердің мәнділігі әділ бағаның барлық жиынтық бағалауы үшін бағаланады.

*Әділ бағасы бойынша бағаланбайтын активтер мен міндеттемелер, алайда олар үшін әділ құнның ашылуы жасалады.*

Облигацияларды қоспағанда, әділ құны бойынша бағаланбайтын, алайда олар үшін әділ құнның ашылуы жасалатын барлық активтер мен міндеттемелерді бағалау әділ құн иерархиясының 3-ші Деңгейіне жатқызылады. Облигацияларды бағалау 1-ші Деңгейге жатқызылады.

Әділ құн иерархиясының 3-ші Деңгейінде әділ құнды бағалау ақшалай қаражаттардың дисконтталған ағындар әдісінің көмегімен орындалды. Белсенді нарықта баға белгіленуі жоқ өзгермелі пайыздық мөлшерлемесімен туынды құралдардың әділ құны теңгерімдік құнға тең қабылданды. Белсенді нарықта баға белгіленуі жоқ тиянақты пайыздық мөлшерлемесімен құралдардың әділ құны ұқсас кредиттік тәуекелдер мен ұқсас өтеу мерзімдерін болжайтын жаңа құралдар үшін қарыз алу нарығында қолданыстағы пайыздық мөлшерлемені пайдалана, ақшалай қаражаттардың дисконтталған ағындар әдісіне негізделеді.

*Амортизациялық құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері*

Өзгермелі пайыздық мөлшерлемесімен құралдардың әділ құны әдетте оның теңгерімдік құнына тең. Амортизацияланған құнмен көрсетілетін активтердің әділдік құнын бағалау 3-ші Деңгейге жатады. Тиянақты пайыздық мөлшерлемесімен құралдардың бағалау әділ құны ұқсас кредиттік тәуекелдер мен ұқсас өтеу мерзімдерін болжалды болашақ ағындарының дисконтталған сома әдісіне негізделеді. Дисконттаудың пайдаланылатын мөлшерлемесі контрагенттің кредиттік тәуекеліне байланысты.

*Амортизациялық құн бойынша көрсетілетін міндеттемелер*

Өзге міндеттемелердің әділ бағасы бағалау әдісін пайдаланумен айқындалады. Тиянақты пайыздық мөлшерлемесімен және өтеудің белгіленген мерзімімен құралдардың есептік әділ бағасы өтеуге дейін ұқсас кредиттік тәуекелдері және ұқсас мерзімдерімен жаңа құралдарға арналған пайыздық мөлшерлемелерді пайдаланумен болжалды дисконтталған ақша ағындарына негізделеді. Талап бойынша өтелетін немесе алдын ала хабарлау кезінде өтелетін міндеттемелердің әділ құны («талап бойынша өтеуге жататын міндеттемелер») міндеттемелерді өтеу туралы талаптарды әлеуетті ұсынудың бірінші күнінен бастап дисконтталған талап бойынша төленетін сома ретінде есептелінеді. Пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесі өтеу мерзімі мен міндеттеме валютасына байланысты жылдық 3,3 %-дан 6,3 %-ға дейін өзгереді.

#### **43. Бағалау санаты бойынша қаржы құралдарын ұсыну**

39-ші «Қаржы құралдары: тану және бағалау» ХҚЕС-қа (IAS) сәйкес бағалау мақсатында, Топ өзінің қаржы активтерін келесі санаттарға жатқызады: а) қарыздар және дебиторлық берешек, б) сатуға арналған қолда бар қаржы активтері, в) өтеуге дейін ұсталынып қалған қаржы активтері, г) оның өзгерісі кіріс немесе шығыстың құрамында көрсетілетін әділ бағасы бойынша бағаланатын қаржы активтері. Оның өзгерісі кіріс немесе шығыстың құрамында көрсетілетін әділ бағасы бойынша бағаланатын қаржы активтері екі санат бөліктеріне бөлшектенеді: (i) аталған санатқа бастапқы танылған сәттен бастап жатқызылған активтер, және (ii) сатуға арналған деп сыныптамалатын активтер. Өзге инвестицияларды қоспағанда, Топтың барлық қаржы активтері қарыздар мен дебиторлық берешектер санатына жатқызылады. Өзге инвестициялар сатуға арналған қолда бар қаржы активтер санатына жатқызылады.

Топтың барлық қаржылық міндеттемелері өзге қаржылық міндеттемелер санатына жатқызылады.

**44. Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар**

2017 жылғы 22 ақпанда Ұлттық Банк атаулы құны 1 акция үшін 1,000 теңгеге Компанияның жай акцияларының 265,983 данаға артуының мемлекеттік тіркеуін жүзеге асырды. Осылайша, осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің шығу күнінде Компанияның жарияланған жай акцияларының саны 37,050,944 дананы, соның ішінде: (1) орналастырылған (төленген) акциялар – 36,784,961 дананы; (2) орналастыруға (төлеуге) жататын акциялар – 265,983 дананы құрайды.